Экономические проекты в Казахстане, в которых будут принимать участие иностранные инвесторы, будут пользоваться преимуществами, юридическими и экономическими льготами, предусмотренными во всех законах Казахстана для таких проектов и не будут подвергаться дискrimинации ни в какой форме.

Признание мировым сообществом Республики Казахстан как независимого государства накладывает на нее определенные обязательства в части законодательства, обеспечивающего внешнеэкономическую деятельность в соответствии с действующими нормами международного права. Приняты законы об иностранных инвестициях и концессиях, об основных принципах внешнеэкономической деятельности, о свободных экономических зонах. Нормы, содержащиеся в этих законах, установлены с таким расчетом, чтобы обеспечить предполагаемым иностранным партнерам необходимые стимулы для инвестирования капитала в экономику Казахстана. Для иностранных и совместных предприятий, в которых иностранный капитал превышает 30 процентов, расположенных на всей территории Казахстана, предусмотрено, что на срок до пяти лет с момента получения объявленной прибыли, они освобождаются от уплаты налогов на нее.

Казахстан гарантирует иностранным инвесторам право свободного перевода за рубеж доходов от деятельности и ликвидации юридических лиц с иностранным участием, а также от продажи своей доли в них. В целом следует отметить, что результаты экономической реформы и улучшение суще-

ствующей ситуации в обществе будут зависеть как от внутренних, так и от внешних факторов. В этих условиях главной задачей Правительства Республики Казахстан становится последовательность и настойчивость в своих действиях, их координация и согласование с другими государствами, повсеместное использование рыночных методов, на сугубо профессиональном, грамотном подходе к делу.

Я полагаю, что та помощь, которую будут оказывать Международные финансовые органы, мировое сообщество, позволит выйти из экономического кризиса и, надеюсь, что со временем Казахстан через МВФ и Всемирный банк будет также влиять на экономическое развитие мира.

**ИНТЕРВЬЮ  
ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА  
ВЕНГЕРСКОЙ ГАЗЕТЕ "НЕПСАБАДШАГ"\***

---

**Февраль 1992 год**

**"ВЗАИМООТНОШЕНИЯ БУДУТ УРЕГУЛИРОВАНЫ!"**

**Вопрос:**

- Как строятся взаимоотношения между странами – членами СНГ?

**Президент Республики Казахстан Н. А. Назарбаев:**

– Со временем взаимоотношения между всеми членами СНГ будут урегулированы. В настоящее время руководство Казахстана стремится к тому, чтобы должные отношения были установлены между всеми странами, вошедшими в СНГ. Для этого уже есть определенные координирующие институты.

**Вопрос:**

- Как обстоят дела с единым рублевым пространством?

**Президент Республики Казахстан Н. А. Назарбаев:**

– Казахстан подписал с Россией договор, в котором декларируется единая валюта – рубль. Казахстан остается верен взятым на себя обязательствам.

**Вопрос:**

- А как обстоят дела с ядерными силами?

**Президент Республики Казахстан Н. А. Назарбаев:**

– Согласно подписанным документам, ядерные силы будут подчинены единому командованию и управляться из единого центра.

**Вопрос:**

- Каков курс экономического развития вашей республики?

---

\* Газета "Казахстанская правда", 5 февраля 1992 года.

**Президент Республики Казахстан Н. А. Назарбаев:**

– Республика полным ходом движется к рыночной экономике. Казахстан строит правовое государство, основанное на демократических ценностях, с многопартийной системой.

**Вопрос:**

– Вы рассчитываете на экономическую помощь Запада?

**Президент Республики Казахстан Н. А. Назарбаев:**

– В этом вопросе "пока больше слов, чем дела". Если республики не начнут экономическую реформу, то тем самым подвергнут себя огромной опасности.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ  
Н. Ә. НАЗАРБАЕВПЕН  
"ЕГЕМЕНДІ ҚАЗАҚСТАН" ГАЗЕТИНІҢ БАС РЕДАКТОРЫ  
ШЕРХАН МҰРТАЗАНЫҢ СҮХБАТЫ\***

*Алматы, 14 ақпан 1992 жыл*

**"МЕН ӘБІЛҚАЙЫР ЕМЕСПІН!"**

Президенттің жұмыс уақыты әрбір минетіне дейін өлшеулі, есептеулі. Оның мойнында мың батпан қыруар істің жүгі артулы екен. Ұғдалы мерзімде жолықанымызда жұрт жұмыстан қайтып бара жатқан. Президенттің шаршаган сыңайы байқалды. Десе де жылы қабакпен қарсы алды.

**Сұрақ:**

– Нұрсұлтан Әбішұлы, ұмытпасаңыз, Сіз бен біздің алғашқы сұхбатының 1989 жылы "Қазақ әдебиеті" газетінде шығып еді. Сонда сол сұхбаттың атын "Қуатты Орталық, қуатты Республика" деп атап едік. Содан бері...

**Жауап:**

– Иә, содан бері заман күрт өзгерді. Сіз бен біздің "сәуегейлігіміз" тұптүгел келе қойған жоқ. "Қуатты Орталық" құйреді. Енді сол қүйрекен Орталықтың қаңқасының астынан әрең-әрең босанып, жеке-жеке тәуелсіз мемлекеттер пайда болды. Соның бірі – Қазақстан.

**Сұрақ:**

– Соңғы кезде Сіз конфедерацияны жақтайды деген қауесет шығып жүр. Бұған наразылық білдіретіндер де бой көрсетіп қалды. Анығы қалай?

**Жауап:**

– Бұл бекер сөз. Қауесет деген де қара күие сияқты: күйдірмейді, бірақ күйесін жағады. Мысалы, не дейсін, Назарбаев Тегеранға екі рет жасырын барып қайтыпты. Ядролық қаруды сатпақшы көрінеді деген де қауесет тарады. Өтірік пе? Өтірік. Енді конфедерация дегенді шығарыпты. Иә, конфедерация болу керек дегенді мен кезінде, сонау тамыз бүліншілігіне дейін айтқаным, жақтағаным рас. Бірақ уақыт жағдайды күрт өзгертті. Бұрынғы Одақ-

\* "Егеменді Қазақстан" газеті, 14 ақпан 1992 жыл.

тагы республикалар тәуелсіз мемлекеттер болды. Мен айттым: тәуелсіз мемлекет болдық екен, ендеше бұл мемлекеттер арасында біреу аға, біреу іні, біреу үлкен, біреу кіші деген болмайды. Бәрінің құқығы тең. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы дегениң мәні осыған келіп саяды. Ал, енді келіп Назарбаев конфедерацияны көксеп жүр дегені қысынсыз. "Түркіе" газетінің тілшісімен менің сұхбатымды әдейі бұрмалау.

### **Сұрақ:**

– "Әтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам" деген, сірә, сол шығар. Ал, енді ол аз болса, сақалы сапсиған "Известия" газеті: "Назарбаев Қазақстандағы орыс тілді жұртшылықтың тұтқыны", – деп соқты. Бұл қалай?

### **Жауап:**

– Тағдыр мен тарих солай жаратқан. Ол рас, Қазақстанда тұратын 17 миллион халықтың тек 7 миллиондайы ғана қазақтар. 10 миллионы өзге үлттың өкілдері. Мұндай жағдай Өзбекстанда да, Қыргызстанда да, Украина да жоқ. Сонда қалай, әлгі 10 миллионды көзге ілмеу керек пе? Қазақтың жерін "халықтар достығының лабораториясы" жасаған мен емес... Әткен – әтті, әткеннің бәріне тас лақтырып, топырақ шашу тағы қыын. Айттым ғой, мұның бәрі тарих пен тағдырдың ісі. Осындағы тағдырға тап болған екенбіз, енді не істеу керек? Кейбір "әсіре патриоттар" айтып жүргендей, шоқпар алып, сойыл соғып шошандату керек пе? Онда қан төгіледі. Кім қырылады? Тағы да қазақ қырылады. Осы ма бізге керегі? Ондай қырғынға жол беріп, тарих алдында күнәшар болғым келмейді. Бәрін де айламен, ақылмен шешу керек. Қазақ өз жерінде басым көпшілікке айналып жатса, бұйырса, ондай да күн туар, сонда да: "Өзің өлме, өзгені де өлтірме" деген даналықтан танбау керек. Ал, мұның есесіне: орыс тілді халықтардың өкілдерінен күтеріміз – өзара түсіністік, өзара сыйластық; өзің өмір сүріп жатқан жерінді сыйлау, сол жердің байырғы төл халқының әдет-ғұрпын, салт-санасын, тілін-дінін сыйлау. Береке-бірлік осында.

### **Сұрақ:**

– "Бәрін де айламен, ақылмен шешу керек" дедініз. Тарихымызда осылай ойлап, ез халқын сыртқы жаулардан қызығыштай қорыған дарабоз даналар әткен. Соның бірі – Абылай хан. Сізді сол Абылайдың жолын ұстанады деген сөз бар ел аузында. Ал енді "Известия" сияқтылардың әлгі бір әңгімесінен кейін кейбіреулер Сізді осы Әбілқайыр емес пе өзі деп жүр. Бұған қалай қарайсыз?

### **Жауап:**

– Қай заманда да болсын, ел басқару, мемлекет басқару ешкімге де оңайға түскен емес. "Абылайдың жолын ұстанып", соның саясатын сара басшылыққа алып отырмын деуге аузым бармайды. Әруағынан қорқамын. Әрі десе Абылай заманы бір басқа, қазіргі заман бір басқа. Абылайдың тұсында Қазақстан жерінде 10 миллион өзге үлттардың өкілдері отырған жоқ еді.

Рас, жан-жағынан, қос өкпеден қысып тұрған империялар бар еді. Солармен тіл табысып, қыыннан қыстырып, қиядан жол табу Абылайдай айбындының ғана қолынан келеді. Біз сияқты отты заманда туған үрпағын рухы қолдай жүрсін.

Ал, Әбілқайыр... Жоқ, мен Әбілқайыр өмеспін!

### **Сұрақ:**

– Тәуелсіз Қазақстан мемлекеті! Жүргегінді алып ұштыратын, халыққа қанат бітіретін қайрatty, құдіретті сөз. Баяғыда біреу: "О, это сладкое слово – Свобода!" деген еken. Сол азаттыққа жеткен сыңайлымыз. Бірақ осы тәуелсіздік тұрлаулы ма, баянды ма өзі деген бір сұнғыла сұрақ көкейінде сұнқылдаپ тұрғандай болады. Сізде мұндай құдік болмай ма?

### **Жауап:**

– Марксті қазір анау деп, мынау деп жүрміз ғой. Бірақ сол кісі өзіне қойылған бір сұраққа: "Беріне де құмәнмен қараймын" деген еken. Сол айтқандай, әліптің артын бағайық дейсіз, о да дұрыс. Әрине, 300 жылдай отаршылық бағынышты хал кешкен халықтың бір-ақ құнде тәуелсіздік алып шыға келуі – ұзақ жылдар қараңғы қапаста отырған адамды кенет жап-жарық қунге алып шыққанда көзін қарықтырғанмен бірдей шығар.

Сол империялых саясат Қазақстанды ылғи да шикізат қоймасы ретінде ұстап келді. Дәл қазір өзгелердің көмегінсіз өзімізде біз не өндіре аламыз? Бұрын Орталыққа тегіннен-тегін кетіп жататын мысты алайық. Оны біздең зауыттар қара мыс ретінде дайындаиды. Ал, таза мыс басқа жақта өнделеді де, валютаға шет елге сатылады. Таза мыс дайындатын зауыт өзірге бізде жоқ. Ендігі күшті осыған салуымыз керек. Ал, ол бір қуннің шаруасы емес. Тек қана мыс па еken... Халыққа қажет тауарлардың бәрін дерлік сырттан тасымыз. Ал, енді бұрынғы республикалар арасындағы қарым-қатынас тыйыла бастағалы бері хал мүшкілге айналды. Сондықтан мүмкін болғанша Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы көлемінде де, бізбен қарым-қатынас жасауға мүдделі басқа елдермен де байланысты нығайту тиімді іс. Ал, осыны тереңнен ойламаған кейбір албырт жастар түрлі жиындарда, баспасөз бетінде, теледидарда да Қазақстан жеке-дара, оқшау болсын, тек қазақтардың ғана қамын ойлайық деп қызуланады. Қазіргі әлемде ешбір қарым-қатынассыз, алысберіссіз жеке-дара оқшау қалуға мүлде болмайды ғой. Тәуелсіздік баянды болады сонда ғана: егер біз халықтар арасында дұрыс саясат ұстасақ, егер біз қан жоса қақтығысқа жол бермесек, егер біз бірлігімізді сақтай білсек, егер біз сөзден ғері іске көшіп, жұмыла жұмыс істеп, барлық салада өнімді көбейтсек, сол ерен еңбек арқылы басқаларға тіленшек болып, алақан жаймасақ...

### **Сұрақ:**

– Бұл үшін тәртіп болуы керек қой. Жер-жерде тіпті Президенттің Жарлықтарының өзі орындалмай жатқан жоқ па?

### **Жауап:**

– Міне, енді менің жарамның аузын тырнап алдыңыз... Бірақ бәрін де бүкпесіз айтқан дұрыс. Шынында да тәртіп нашарлады. Бұған көбінесе үкіметтік жүйе кесірін тигізді. Бұл – ескі мен жаңаның арпалысы. Өтпелі кезең. Бұрынғы ескі жүйені аңсайтындар жаңалыққа жаңы қас. Айтаптық, жекешелендіру дедік. Жарлық жарияланғалы да біршама уақыт өтті. Бірақ іс орнынан қозғалмайды, сірескен мұз сөгілмейді. Жергілікті басшылардың көбі жаңалыққа қарай қадам басқысы келмейді. Үнсіз кедергі. Сірә, биліктен, жайлы орыннан айырылып қаламыз дейтін болар.

Әнеге, сондықтан да үкіметтік жүйені, яғни Өкіметтің заңын орындаушы, жер-жерде іске асыруши буындарды өзгерту қажет болды. Бұл – өмірдің өз талабы. Облыстарға жігерлі, іскер, жаңашыл деген жігіттерді әкім етіп жібердік. Жап-жақсы заңдарымыз бар, оны іс жүзіне асыруши солар, көреміз. Меніңше, нәтиже жаман болмаса керек. Өкімдер тағайындау тұсында да шашымыз біршама ағарды білем. Қайтсек қателеспейміз деген ой да шаршатады. Баяғыда марқұм Де Голль: "Егер менің аппаратымда бір орын босап қалса, сол орыннан үміткер тоқсан тоғыз адам болса, сол тоқсан тоғыз түгел маған риза болмас еді" деп айтқан еken. Осындај жағдай біздің басымызда да бар. Мұндайда үлттық мәселені де ескеру керек. Мәселен, Қостанай облысында марқұм Жанбаевтан басқа бір де бір қазақ бірінші басшы болмапты. Шығыста да сондай. Осы жағын ескердік. Ал, енді аракідік өзге үлттың өкілдерінен де тағайыннадық. Мұны халқымыз дұрыс түсінер деп сенемін. Мен саясаттың адамымын. Жан-жағымды, елдің тыныштығын ойлауым керек.

(Президент қабырғадағы сағатқа қарады. Мен терезеге қарадым. Қараңғылыштық қоюланып, қар жауып тұрған сияқты).

### **Сұрақ:**

– Уақыттыңыз. Жұмыс көп шығар. Осы сіздерде бос уақыт бола ма өзі? Ана бір жылы Жастар театрына Колбинді зорлагандай етіп ертіп барғаныңыз есімде. Соңғы рет театрға қашан бардыңыз?

### **Жауап:**

– Былтыр желтоқсаннның 31-і күні Минскіден ұшып келе жаттық. Ұшқыштардың командирі маған бір қағаз ұсынды. "Сіз 1991 жылы әуеде 382 сағат болдыңыз" деді. "Соның 185 сағатын түнде ұштыңыз" деді. Мен айттым: "Бұл көп пе, аз ба?". "Бізге 300 сағат ұшқан ұшқыштарға бір жылғы стажымыз екі жылға саналады". "Неге?" деймін мен. Сөйтсе, 10000-11000 биіктікте радиация 260 рентген болады еken. Жә, жұмысты көп істейміз бе, аз істейміз бе – халыққа нәтижесі керек. Халықтан аянатын ештеңе жоқ. Ал, театр мәселесінен ұттымызыз. Соңғы рет, ұмытпасам, былтыр күзде бардың ау деймін. Қазақ академиялық драма театрына. Қазір гой, міне, сізбен отырымын. Шынымды айтсам, бүгін келініңіздің туған күні еді. Үйге ертерек қайта-мын деп қойып едім.

**Сұрақ:**

– Сонымен, ертең Минскіге аттанасыз ғой?

**Жауап:**

– Иә, мәселе курделі. Негізгі – Қарулы Қүштер мәселесі болар. "Егеменді Қазақстанның" бүл мәселеге көзқарасын білемін. Оқып жүрмін. "Үлкен қанжар", тағы басқалары. Әрине, дұрыс. Бірақ біреуді қорқыту, үркіту үшін емес, түтеп келгенде Тәуелсіздік үшін. Сондықтан Қазақстандағы стратегиялық қарулар әзірше тұра тұрғаны жөн. Ал, армия... Егер ТМД дегеніміз ғұмырлы болса, ортақ әскер керек шығар. Ал, егер басқалар бас-басына әскер құрып жатса, біз де қарап қалмаспыш... "Егеменді Қазақстанның" мыңсан оқырмандарына менен көп-көп сәлем айтыңыз.

# **ИНТЕРВЬЮ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА ИНДИЙСКИМ ЖУРНАЛИСТАМ\***

---

*Дели, 22 февраля 1992 года*

*Н. Паклин*

**Вопрос:**

- Казахстан войдет в блок фундаменталистских государств?

**Президент Республики Казахстан Н. А. Назарбаев:**

- Независимый Казахстан останется светским государством. Правительство Казахстана отвергает любую форму экстремизма, в том числе и религиозного. Исламский фундаментализм отбросил бы нас на несколько веков назад.

**Вопрос:**

- Какова ядерная стратегия Казахстана, на территории которого, как известно, размещена немалая часть ракет с ядерными боеголовками бывшего СССР?

**Президент Республики Казахстан Н. А. Назарбаев:**

- Казахстан исходит из принципа паритета в вопросе ликвидации ядерных арсеналов.

Казахстан будет готов ликвидировать свой ядерный потенциал только при условии, что это сделают США, Китай и Россия.

И я надеюсь, что казахстанские ученые будут сотрудничать с индийскими коллегами в области мирного использования ядерной энергии.

**Вопрос:**

- Как обстоят дела с поставками боевой техники Индии из бывшего СССР?

**Президент Республики Казахстан Н. А. Назарбаев:**

- Этот вопрос следует обсудить на встрече глав государств Содружества.

---

\* Газета "Известия", 25 февраля 1992 года.

**Вопрос:**

– На ваш взгляд, какие области экономики будут наиболее привлекательными для индийских бизнесменов?

**Президент Республики Казахстан Н. А. Назарбаев:**

– Я приглашаю индийских бизнесменов вкладывать в Казахстан свои капиталы и создавать смешанные предприятия.

Приоритетными областями экономического сотрудничества я бы назвал кожевенную и текстильную промышленность, производство электротехники, строительство гостиниц и добычу полезных ископаемых.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫң ПРЕЗИДЕНТИ  
Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫң ТАУДАҒЫ ҚАРАБАҚ ОҚИҒАСЫНА  
БАЙЛАНЫСТЫ МӘЛІМДЕМЕСІ\***

*Алматы, 5 наурыз 1992 жыл*

Таудағы Қарабақ тәнірегіндегі дағдарысты жағдай қатерлі сипат алып, іс жүзінде тікелей өскери жанжалға киліктірді.

Ресейдің, Қазақстанның және қанаттас жатқан бірқатар елдердің бітімшілік күш-жігери өзірше тиісті нәтиже бермей отыр. Екі жақтан да қарулы іс-әрекеттердің күштейтілуі бейбіт халықты қырғынға ұшыратып, зор материалдық нұқсан келтіруде. Оның дәлелі – Өзіrbайжан Республикасының Ходжалы қаласының қасіреті, оны басып алу көптеген адамдардың құрбан болуына душар етті.

Қарабақ дағдарысы Өзіrbайжан мен Армения арасындағы егеске өкеліп соқтырды. Қару-жарақ пен оқ-дәріні басып алу, сол жерде орын тепкен ТМД өскерлерінің негізінде өздерінің ұлттық армияларын құруға әрекеттеген кең көлемді қарулы қақтығыстардың нақты қатерін туғызуда.

Таудағы Қарабақтағы қарулы жанжалдың қасіретті аяқ алысы Закавказье мен Солтүстік Кавказдағы бүкіл қоғамдық-саяси жағдайдың өріс алуына келеңсіз ықпал етіп, осы аймақты халықаралық шиеленістің, ұзақ мерзімді ошағына айналдыруы, ТМД-дағы жанжалды процестер өрбүйінің бақылаудан шығып кету мысалына айналуы мүмкін.

Қантегісті тоқтату және Қарабақ жанжалын өшіру мақсатында мен Өзіrbайжан Республикасының Президенті Аяз Муталибовпен, Армения Республикасының Президенті Левон Тер-Петросянмен, сондай-ақ ТМД Қарулы Қыштері Бас штабының бастығы Виктор Самсоновпен келіссөз жүргіздім. Соның нәтижесінде мен мынадай істерді атқару қажет деген қорытындыға келдім:

**бірінші** – Мемлекеттер басшылары кеңесінде атысты дереу тоқтату және жолдар мен коммуникацияларды қоршауға алушы туралы шешім қабылдау;

**екінші** – өз мемлекеттерінің ізгі ниеті мен бейбіт ұмтылыштарын әйгілеу мақсатымен ТМД-ның барлық мемлекеттерінде өздерінің Қарулы Қыштерін құру процесін уақытша тоқтата тұру;

\* "Егеменді Қазақстан" газеті, 5 наурыз 1992 жыл.

*үшінші* – ТМД-ның дағдарысты аудандарында бейбітшілікті сақтау жөніндегі арнаулы күштерді құруға дереу кірсү. Олар Достастық мемлекеттері басшыларының кеңесіне бағынатын болады. Қазақстан Республикасы осы күштерді құрудың жобасын ұсынады;

*тәртінші* – Еуропадағы қауіпсіздік жөніндегі кеңестің бітістіруші күшжігерін қолдау және Достастық мүшелері жанжалды реттеу жөніндегі бітімшілік топтарының қызметіне қатысу үшін өз өкілдерін жіберуі қажет.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТИ  
Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ РЕСПУБЛИКА ӘЙЕЛДЕРІН 8 НАУРЫЗ  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ\***

*Алматы, 7 наурыз 1992 жыл*

**"МЕРЕКЕ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!"**

**Қымбатты әйелдер!**

Біз үшін көктем мен жаңарудың белгісіндей болған күні мен сіздерге аса жылы, шын жүректен шықан құттықтау лебізім мен құрметімді жеткізім келеді.

Барша жақсылықтар мен шапағатты шақтарымыз, қымбатты аналар мен бикелер, қарындастарым мен қыздарым, сіздердің есімдерінізben байланысты. Адам баласының бейбіт өмірге деген мәнгілік інкәрлігі мен отбасының беріктігі, оның ынтымағы мен иглігі сіздердің қолдарыныңда. Бүгін, бәріміз қын жағдайды бастан кешіп отырған кезде, сіздердің ак пейілдерінің бен мейірбандылықтарының, жан дүниемізге дәру бола білетіндерінің біздер үшін аса маңызды.

Республикамыз, жалпы барлығымыз өркениетті қоғамдастыққа өту жылінда тек алғашқы қадамдар ғана жасадық. Ескі түсініктер түбірімен жаңару үстінде, тіршілігіміз өзгеше арнаға түсті. Сөз жоқ, мұның бәрі жаңға бататын, тұрмысымызыда ізін қалдыратын ауыр процесс. Бірақ қазір сарыуайымға берілудің қажеті жоқ. Болашаққа деген сенім, іскерлік, азаматтық бейбіт өмір керек. Өмірді қайта құрудың айтартықтай ауыртпалығын ер-азаматтар өз мойындарына алсын, ал қоғамымыздагы үлтаралық келісім ахуалын сақтап отыруда, имандылықтың ең биік мұраттарын адамдар арасындағы досықты өрістетуде, лайықты үрпақ тәрбиелеуде бар үмітімізді біз сіздермен байланыстырамыз.

Біз республика өміріндегі қурделі кезеңді женіп шығатынымызға, барлық азаматтардың, ең алдымен, әйелдердің тұрмыс жағдайын елеулі жақ-сарта алатынымызға сенімдімін. Қоғам сіздердің алдарыныңда өлшеусіз қарыздар. Тәуелсіз Қазақстанның Президенті ретінде әйелдерді әлеуметтік жағынан қорғаудың қордаланып қалған проблемаларын шешуді, сіздердің құқықтық кепілдіктерінізге, ана мен баланы қорғауға, саяси және қоғамдық өмірде әйелдер рөлін арттыруға қол жеткізуі өзімнің бірінші кезектегі міндеттім деп санаймын.

Бүгінгі мереке күні, қымбатты әйелдер, сіздерге мықты денсаулық, еңбекте, оқуда, шығармашылықта табыс тілеймін. Отбасы аман болсын, дастар-қандарының мол болсын!

\* "Егеменді Қазақстан" газеті, 7 наурыз 1992 жыл.

**ПРИВЕТСТВИЕ  
ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА  
ЖЕНЩИНАМ РЕСПУБЛИКИ\***

---

*Алма-Ата, 7 марта 1992 года*

**"ЖЕНЩИНАМ КАЗАХСТАНА"**

***Дорогие женщины!***

В день, символизирующий для нас начало весны и обновления, мне хотелось бы передать вам самые теплые, самые искренние слова приветствия и признательности.

С вашим именем, дорогие матери и жены, сестры и дочери, связано все самое доброе и светлое. В вас – вечная надежда человека на мир и прочность семьи, благополучие и сохранение тепла очага. Сегодня, когда мы переживаем не самые лучшие времена, ваша доброта и милосердие, умение исцелять душевной щедростью значат для всех нас очень и очень многое.

Наша республика, все мы делаем, по сути, только первые шаги на пути в цивилизованное сообщество. Идет ломка привычных представлений, меняется уклад жизни. Слов нет, это болезненный, житейски крайне тяжелый процесс. Но поддаваться унынию сейчас нельзя. Нужны оптимизм, деловитость, гражданский мир. И пусть мужчины возьмут на себя большую часть ноши переустройства жизни, с вами же мы связываем надежды на поддержание в обществе атмосферы межнационального согласия, утверждение высоких идеалов гуманизма, дружбы между людьми, воспитания достойного поколения.

Уверен, что мы преодолеем сложный период становления республики, сумеем создать достойные условия жизни для всех граждан, и прежде всего – женщин. Общество еще в огромном долгу перед вами. Как Президент независимого Казахстана считаю своей первостепенной обязанностью добиваться решения многочисленных проблем социальной защиты женщин, их правовых гарантий, охраны материнства и детства, повышения роли женщин в политической и общественной жизни.

В этот праздничный день желаю вам, дорогие женщины, крепкого здоровья, успехов в труде, учебе, творчестве. Пусть утвердятся благополучие и достаток в ваших семьях!

**Мира вам, счастья, любви!**

---

\* Газета "Казахстанская правда", 7 марта 1992 года.

## **НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ ФЫЛЫМИ МАҚАЛАСЫ\***

**Алматы, 10 наурыз 1992 жыл**

### **ИМПЕРИЯЛЫҚ ОДАҚТАН – ТӘУЕЛСІЗ МЕМЛЕКЕТТЕР ДОСТАСТЫҒЫНА**

"Бетбұрыс кезеңі" деген анықтама бұрынғы кеңестік федерацияның тәуелсіз мемлекеттерінің қазіргі жағдайын әрі дәл, әрі толық бейнелейді. "Беті бері қарau" деген ұғымды медицинадан алған саясаткерлер оған адамдардың өмірлік әрекетінің барлық салаларында олардың көзқарастары мен тағдырларында ескіден жаңаға көшүдің аса қын әтпелі жағдайының мәнін берген болатын. Шынында да, Еуропада 1989-1990 жылдары орын алған опырыла күйреуден кейінгі жағдай әлі де тұрақтандырылмай тұрып дүниеде саяси сілкіністің және бір сынағы басталды. Оның үстіне, бұл жолы әңгіме саяси тәртіптердің ауысы, кейбір қоғамдық институттардың жойылуы туралы емес, қайта орасан зор көлемдегі халықаралық жағдайдың дамуына елеулі салдарларын тигізе алатын геосаясат саласындағы өзгерістер туралы болып отыр.

Егер эпицентрі еуразиялық аймақта болған сілкініс бірден аса маңызды екі халықаралық саяси жүйені – евроатлантикалық және азиялық-тынық мұхит жүйелерін қамтитының ескеретін болсақ, мұндай саяси сілкіністің салдарлары қаншалықты зор болатыны айқындала түседі.

Кеңес Одағының ыдырауына байланысты дүниежүзілік саяси картада жаңа тәуелсіз республикалар пайда болды. Олардың он бірін біріктіретін достастық мемлекет те емес, мемлекеттердің үстінен қарайтын құрылым да болып табылмайды.

Біржола іріп-шіріген империялық альянстің орнына жаңа саяси одақтың формасын іздестіру қын болып қана қойған жоқ, сонымен қатар шын мәнінде айтыс-тартысқа толы болады. Кейде қажетті формула табылып, жаңа Одақтық шартқа қол қоюға аз-ақ қалған сияқты болып көрінді. Бірақ мұның өзі шөл далада сусап жатқан жолаушыны ынтықтыратын алдамшы сағым сияқты нәрсе болып қала берді. Қазір миллиондаған адамдар көптеген сұрақтарға жауап іздейді. Бұл дүние не бол кетті? Күні кеше дүние жүзіндегі ең

\* "Егеменді Қазақстан" газеті, 10 наурыз 1992 жыл.

күшті екі ұлы мемлекеттің бірі деп барлық жерде танылып келген мемлекеттің ыдырауына кім кінөлі? Оқиғаның даму барысына неғұрлым күшті әсер еткен не нәрсе – тарихтың объективтік даму жолы ма, саясаткерлердің субъективті ықпалы ма? Мұның соңғысы жоспарлы түрде және мақсаткерлікпен жүргізілді ме, әлде "дүниенің тұтқасын ұстаған күштілер" өздері бастаған өзгерістердің қайда алып барып соғатынын білмей, тұртінектей жүріп, тәуекелшіл әрекет етті ме?

Менің ойымша, қазіргі қоғамдық саяси жағдай объективті факторлардың да (көп ұлтты империялардың ыдырауы), субъективтік факторлардың да бірдей ықпал етуінің нәтижесі болып табылады. Біз душар болып отырған шиеленісті жағдайлар мен қыындықтардың себебі көп ретте елімізде түбегейлі өзгерістер жасауды қолға алған, бірақ оның тұлғалы тұжырымдамасын жасап алмаған, әлеуметтік талдаулар мен болжамдардың нақты деректеріне сүйенуді атымен білмеген мемлекеттік басшылық әрекетінің салдары болып табылады. Сексенінші жылдардың екінші жартысындағы реформаторлар қызметінің негізгі ойы "бұлай өмір сүруге болмайды" деген тезис еді. Мұны түсініп қана қою – қыындықтан алып шығатын сүрлеуге ешкімді бағыттай да алмайтын, жаңылысулар мен қателіктерден құтқара да алмайтын нәрсе.

Қоғамды демократияландырудың табиғи нәтижесі экономикалық құйзеліс кезінде орталықтан безу үрдісін күрт шиеленістіріп жіберген ұлттық қайта өрлеу процесі болды. Қеңес Одағының республикалары бұрын қолданылып келген Конституцияға сәйкес ондаған жылдар бойы сез жүзінде егеменді мемлекет мәртебесіне ие болып келгенін атап өту қажет. Алайда мұның өзі бір орталыққа бағынған мемлекеттік жүйенің шын мәнін бүркемелеп келген қызыл сөзге толы конституциялық формулағана еді. Ол жүйе жаппай орталықтандыруға арқа сүйеу арқылы, қоғам өмірінің қандай саласын болса да түгел бақылауға алып отырды. Республикалардың нақты егемендігі туралы сез етуге де болмайтын еді. Өйткені, орталық экономиканың, сыртқы саясаттың және қаржының негізгі мәселелерін ғана емес, сонымен қатар ұлттық табиғи ресурстарды пайдалану, тіпті жергілікті өкімет органдарының үйимдік және қызмет жағдайларына дейін белгілеп отыруды өз уысынан шашау шығармай ұстал келген.

Бір орталыққа бағынған мемлекеттік құрылымнан неғұрлым тез бас тарту қажеттігі ақыл-оізы дұрыс әрбір адамға түсінікті болатын. Алайда біржола сіресіп қатып қалған орталық қалыптасқан жағдайды объективті түрде бағалай білмеген және дер кезінде бәріне бірдей ортақ шешім қабылдай алмаған кездер аз болған жоқ. Мысалы, 1988 жылы Балтық жағалауындағы үш мемлекет одақтас республикалардың дербестігін арттыруға бағытталған жаңа Одақтық шартқа қол қоюға шақырған болатын. Сондагы кешіруге болмайтын саяси соқырлықтың салдарынан тоталитарлық альянсты, бұрынғы федерацияның барлық субъектілерін сақтай отырып, түбегейлі жаңарту мүмкіндігі біржола қолдан шығып кетті. Салқын түсініспеушілікпен өткен үш

жылдан кейін Литва, Латвия және Эстония әуелі "де факто", одан соң "де юре" ретінде шет мемлекеттерге айналды.

Бір орталыққа бағынған Одақты қайта құрудың кезек күттірмейтін шараларын жүзеге асыруда орталықтың көртартпалығы мен батылсыздығы орталықтан безу үрдістерін шапшандата түсудің елеулі, бірақ бірден-бір ғана емес себебі болды. Ондай үрдістердің нәр алатын ең басты орталығы ұлтаралық қайшылықтар аясы еді. Бұл саланы "ұлттардың бір-бірімен қосылуы" (іс жүзінде жаппай орыстандыру және ұлттық сана-сезімді тұншықтыру) жөніндегі сталиндік саясат кез келген минетте мейлінше апатты салдарларға душар ететін әлеуметтік жанартаудың қайнап тұрған кратеріне айналдырыған болатын.

Көптеген саясаткерлердің "фикс идеясына" айналған сепаратизм сонымен қатар республиканың Одақ құрамынан жалма-жан кетуін жүзеге асыру арқылы экономикалық дағдарыстан жеке-жеке шығуға болады деген жалған сенімге ұласты. Бұл жерде Батыс елдерінің қолма-қол жәрдем бере қоюына үміт артылғаны белгілі. Бұл үміт Батыс елдері Кеңес Одағының ыдырауын қуана қарсы алады, одан бөлініп шыққан мемлекеттерге қаржы және технология жағынан риясyz көмек көрсетеді деген кісі таңғаларлық сенімге негізделген болатын.

Кеңес Одағы республикаларының мемлекеттік тәуелсіздік алуға үмтілүү жөнінде он толғағанда соңғы жылдары халықаралық жағдайдың әлде-қайда өзгергенін де ескеру керек қой деймін. Шынында да, қарулы құштермен баса-көктеп кіріп келу қатері елеулі түрде азайды. Мұның өзі шағын мемлекеттердің, ешқандай тәуекелге бел бумай-ақ, өздерінің құдіретті қамқоршыларының қызметінен бас тартуына және дербес сыртқы саясат жүргізуға берік бағыт ұстауына мүмкіндік берді.

Шамасы, біз 80-інші және 90-ыншы жылдар аралығында КСРО-ның саяси сахнасында болған оқиғалардың қаншалықты шапшандықпен құбылатынын алдын ала болжап білу тым қыынға соққанын ашықтан-ашық мойындаға тиіспіз. Онда әрекет еткен басты кейіпкерлердің барлығы дерлік өзгеріп отырды. Саяси өмірдің орталығы республикаларға қарай ойысты. Мұның өзі қаншалықты күтпеген жағдай болғанымен де тіпті де кездейсоқ емес еді. Мемлекеттік егемендікті нақты орнықтыру негізінде ұлттық қайта өрлеу идеясы таптық және партиялық мұдделерді екінші кезекке кейін ысырып таставады.

КСРО мен СОКП басшылығының жаңа Одақтың шартқа қол қоюға бұрмаланған зиянды тәсіл тұрғысынан келуі және соған байланысты халық шаруашылығындағы байланыстардың біржола күйреп үзіліу республикаларды инициативаны өз қолдарына алуға мәжбүр етті. Мұның табиги жағасы көлбеу шарттарға қол қою болды. 1989 жылы Алматыда Қазақстаның және Орта Азия республикаларының арасында бірлескен келісімге қол жетті. Мұның өзі бұдан кейін Беларуссиямен, Украинамен, Ресеймен шарттық негізінде екі жақты экономикалық байланыстар орнатуға тұрткі болды. Алғашқыда мұндай саясатты орталық мейлінше тыжырына қарсы

алды. Ал РКФСР Компартиясының Саяси бюросы мұны "бұзық ойлы протоколдар" деп атауға дейін барды. Алайда жаңа түрпатты ынтымақтастық, "көрегендердің" жасаған болжамдарына қарамай, экономикалық бейберекеттікten сактандыратын өзіндік тетік бола білді және жаңа Одақтың қалыптасуына негіз қалады.

Бұрынғы Одақ республикалары халықтарының өміріндегі тарихи кезең олардың егемендік туралы декларациялар қабылдауы болды. Ол декларациялар республикалардың нақты дербестігі мен тәуелсіздігін орнықтыру процесін бастап берді. Алғашқы кезде әміршіл-әкімшіл жүйенің сойылын соғушылар мұның өзін көп жағдайда жергілікті шамшылдықтың бой көрсетуі, орталықтың үстемдігін өздерінің үстемдігімен алмастыруға ұмтылуы деп түсіндірумен болды. Бұл жерде, ескертусіз ереже де болмайтынын еске ала отырып, шектен тыс артық қорытындылар жасағым келмейді. Алайда Қазақстан басшылығының егемендік жолындағы күрестегі алға қойған бірден-бір мақсаты республикадағы барлық халықтардың мейлінше толық саяси, әлеуметтік және рухани дамуын қамтамасыз ету, азаматтардың өмір сүруіне лайықты жағдайлар жасау болғанын және солай болып қалып отырғанын толық негізben айта аламын.

Бұл мақсат еңбекшілердің барынша қалың топтары арасында қолдау таппай қала алмады: Декларацияның жобасын барлық жастағы адамдар, барлық ұлт өкілдері, мамандықтар мен әлеуметтік мәртебе иелері зор ынтақыласымен және мұдделілікпен талқылады. Республиканың егемендігі идеясын бүкіл халық қолдады және оның қабылдануына алдын ала негіз қалады. Бұл құжаттың маңызын асыра бағалау қыын. Ол Қазақстандағы демократиялық, құқықтық, әлеуметтік-экономикалық және мәдени өзгерістердің тұтас бір тұжырымдамасы болып табылады. Алайда сонымен қатар мынаны да ескеру керек. Декларация дегеніміз бар болғаны бағдарламағана. Оны жүзеге асыру көптеген жылдар бойы қажырлылықпен жұмыс істеуді талап етеді.

Бүгінгі таңда бұрынғы кеңестік федерацияның субъектілері әлеуметтік-экономикалық; сондай-ақ қоғамдық-саяси өмірдегі процестердің тіпті де алдын ала болжап білуге болмайтын стихиялық дамуының қыспағында қалып отырғанның өзінде де, саясаткерлердің шиеленісінен айтыс-тартыстарына және реформаны жүргізу degi жүйесіздікке қарамай, республикадағы халықтардың мұдделеріне сай келетін өз бағыттарын табандылықпен жүзеге асырды.

Егемендік жөніндегі Декларацияға сәйкес олар дербес сыртқы саясат жүргізе бастады, шет мемлекеттермен тікелей саяси және іскерлік ынтымақтастық орнатуға кірісті. Мысалы, Қазақстан Америка Құрама Штаттарымен, Франциямен, Германиямен, Ұлыбританиямен, Австриямен, Жапониямен, Сингапурмен, Италиямен үкіметаралық және іскерлік байланыстарды әлеулі түрде кеңейте түсті. Бізде Түрік Республикасымен, Корея Республи-

касымен, Қытай Халық Республикасының Шынжан-Ұйғыр автономиялы аймағымен мейлінше тығыз қарым-қатынастар орнатылып келеді.

Қазір сепаратистік пигылдарды жеңу жолындағы шешуші қадамдар орталықтың тарапынан емес, республикалардың өздерінің тарапынан жасалғаны дау туғызбайды. Тіпті, мен айттар едім, ол қадамдар оң инициатива лардың өздерін жалпы алғанда бұрмаланған теріс әрекеттерге айналдырып жіберуге дейін барған орталықтың қызметіне қарама-қарсы жүргізді. Мұндай әрекеттің неғұрлым айқын мысалы Бүкілодақтық референдум жүргізу болды. Оның әбден шатастырылған тұжырымы болашақ Одақтың кейір мүмкіндігі мол субъектілерін көкірегінен кері итеріп қана қойған жоқ, сонымен қатар бір кезде орталықтан безу бағытына бой алдырмағандардың өздерін де құдіктендірді. Қазақстан дауыс беруге арналған бюллетеніге өз мәтінін енгізгені мәлім. Мұның өзі, менің ойымша, өзін-өзі әбден ақтады.

1990 жылғы желтоқсанда, жаңа Одақтық шартты әзірлеу жөніндегі жұмыс шын мәнінде тығырықта тірелген кезде, төрт республика Ресей, Украина, Беларусь және Қазақстан Төуелсіз Мемлекеттер Одағының құру жөнінде тұнғыш рет инициатива көтерді. Орталықтың сыңдарлы жүйесі жоқ саясаты бізді М.С. Горбачевтің тікелей өзіне мәлімдеме жасауға мәжбүр етті. Біз құжатқа қол қою одан әрі созыла беретін болса, Шартты орталықтың қатысуынсыз-ақ бекітетін боламыз деп мәлімдедік.

Мұның өзі елдің Президентін интеграциялық процестің мазмұны мен қарқынына байланысты өз айқындағасын көп ретте қайта қарауға мәжбүр етті. М.С. Горбачевтің Лондонға сапары, оның үлкен "жетіліктің" басшылағымен жүргізген келіссөздерінің нәтижелері біздің экономикалық қайта өрлеуіміздің перспективаларын оптимистік тұрғыдан қарастыруға мүмкіндік берді, ал Новоогарево келісімінің мәтіні іс жүзінде қол қоюға өзір тұрған жаңа Одақтық шартты тез бекітуге деген үміт отын қайта жандырды. Алайда тамыздағы тәңкөрістің әрекеттері біздің сол бір құнды бағдарларымызды елеулі түрде өзгертті.

Тамыз оқиғалары реакциялық күштердің қайткен күнде де тарихтың объективтік даму барысына кедергі жасауға бұрын қолдарынан шығып кеткен нәрселерді қайтарып алуға, барынша іріп-шіріген империялық, тоталитарлық тәртіпті қайта орнатуға жанталаса жасалған әрекет болды. Алайда олай ету бүлікшілердің қолынан келмеді. Ал орталықтан безу бағытындағылар объективті түрде бел алып, күшіне түсті. Республикалардың толық мемлекеттік тәуелсіздікке үмтілуды ендігі жерде ұлттық сана-сезімнің дүркірей өсүін ғана емес, сонымен қатар тоталитарлық орталыққа қайтадан жан бітіру әрекетінен өздерін-өздері сақтандыра тосқауыл қоюға деген берік шешімін бейнеледі.

Новоогарево процесінің қорытындылары қабырғасы қаланған үй сияқты болып көрінгенімен, бас-аяғы бірнеше күннің ішінде сапалық жағынан тіпті басқаша құрылыш жүргізуге қажетті іргетасқа айналып шыға келді.

Бұрынғы КСРО-ның дамуының айқындаушы бағыты республикалардың неғұрлым толық мемлекеттік егемендікке ұмтылуы, соған қоса өздерінің қарулы күштерін құруы, халықаралық қызық субъектілері ретінде тәуелсіз сыртқы саясат жүргізуі болды.

Орталықтан безу процесі мейлінше жаңа сипат алды. Прагматиктер конфедерациялық принциптерге негізделген Одақ формуласын қызыыштай қорғады, ал радикалдар, ұлттық қауіпсіздік идеясын бетке ұстай отырып, ешқандай ымыраға келмейтін сепаратизмнің туын желбірете жоғары көтерді. Міне, сондай жағдайларда, республикалардың егемендігін мойындауды ескере отырып, өтпелі дағдарысты кезеңде біртұтас экономикалық кеңістікті сақтау идеясын табандылықпен және жүйелі түрде қорғауды одан әрі жағастырған Қазақстанның тап өзі болды. КСРО халық депутаттарының төтенше съезінде мен Новоогарево процесіне қатысушылардың тапсыруы бойынша Мәлімдеме жасадым, онда мемлекеттік басқару жүйесіне түбекейлі реформа жасау, конфедерация негізінде жаңа одақ құру ұсынылды. Тап сол кезеңде мұндай ұсыныстың қалыптасқан саяси жағдайға мейлінше сай болғандығына кәміл сенемін.

Алайда орталықтан безу үрдістері ол ұсыныстың жүзеге асырылуына мұрша берmedі. Демократияның тербелілген маятнігі бірден онға қарай ойысты. Реакциялық күштерді женіп шыққанына масаттанған кейбір Ресей басшылары мессианшылдықтың зиянды идеясына қайтадан бой алдыруға дейін барды, демократияның туын бүркеніп, бұрынғы империялық, ұлы державалық ойлау жүйесіне қайта оралуды қалады. Мұның өзі, атап айтқанда, РКФСР-дің атышұлы территориялық талаптарынан да айқын көрінді. Тап осы жағдайдың өзі кейбір республикаларды – ең алдымен, Украинаны – өздерінің мемлекеттік тәуелсіздігін жариялауға жанталаса асықтырды.

Мейлінше жаңа жағдай қалыптасып, онда біздің республикамыз өзіне тағы да келістірушінің рөлін алды. 1991 жылдың қазанында алғашқы Алматы кездесуін үйімдастыру және ойдағыдан өткізу үшін қыруар күш-жігер жұмсауға тұра келді. Соның нәтижесінде Экономикалық қоғамдастық тұралы шартқа қол қоюдың сәті түсті. Тап сол кезеңде мұның өзі біртұтас экономикалық кеңістікті сақтап қалу мақсатында қабылдануы мүмкін мейлінше тиімді шешім болғанын тағы да атап көрсеткім келеді.

Әттеп, орталық сондай жағдайда да оқиғалардың барысына ілесіп үлгере алмады, 14 қарашада М.С. Горбачев Мемлекеттік кеңестің мәжілісінде республика басшыларының бірауызды пікіріне құлақ асудан тағы да жалтарды. Ол саяси бірлік болмайынша, экономикалық бірліктің қандай болатынын ойша елестете алмайтынын мәлімдеді. Тап сондықтан да орталықтандырылған мемлекет құру қажет, деп отырып алды. Егер өзінің бұл ұсынысы өтпелітін болса, Президент отставкаға кететінін айтып қорқытты. Соның салдарынан да Мемлекеттік кеңестің 30 қарашадағы келесі мәжілісі түйікә тірелді. Оның жарқын мысалы, Украинадағы желтоқсан референдумының салдарлары болып табылды. Мемлекеттік тәуелсіздік алуға деген бағытын

берік ұстанған және орталықтың оған тепе-тең реакциясын кездестіре алмаған республика іс жүзінде жалпы интеграциялық процестен шығып қалды.

Бәлкім, мұның не нәрсе екенін жүрттың бәрі бірдей біле де бермес. Кеңінен түсіндіріп жатпай-ақ, мынаны айтқым келеді: Украинаның бөлініп кетуі, ол кезеңде бұрынғы кеңестік федерациядағы республикалардың экономикалық байланыстарының берекесін біржола дерлік кетіру болып табылатын еді. Ал бұған жол беруге тіпті де болмайтын. Минскідегі шешімдердің соншалық тағы асығыс түрде қабылдануын мен тап осындай жағдайға байланысты түсіндіре аламын. Мен үшін және Орта Азия республикаларының басшылары үшін Брестегі құжаттарға қол қойылуы көп ретте күтпеген жағдай болғанын бұрын да атап көрсеткенмін. Рас, Тәуелсіз Мемлекеттердің Достастығын құру жөніндегі Келісім мәтінін келісіп алу үшін мені төртінші құрылтайши ретінде шақырған болатын. Бірақ құжаттарды дайындау процесіне о бастаң қатыспағандықтан, мен бұл ұсыныстан бас тартуға мәжбүр болдым.

Құжатпен танысқаннан кейін, Келісімнің тұтас алғанда, сөзсіз он сипатта екені мен үшін айқын болды. Онда республикаларда тұратын халықтар мен этникалық азшылық топтардың барлығының да құқықтары сақталатынына кепілдік берілетінін, кең көлемдегі ынтымақтастық ниетінің мәлімдегетінін айтсақ та жеткілікті. Бұл идеялардың барлығы да бұрынғы федерацияға кірген өзге мемлекеттердің әкілдері тарапынан мақұлданып, қолдау тапты. Мениң ойымша, егер өзге республикалардың басшылары Минскіге шақырылғанда, алматылық нұсқадағы Достастық одан әлдеқайда ерте туындаған болар еді.

Бұл екі арада Беловежье кездесуі алуан түрлі реакция тудырды. Кейбіреулер славян мемлекеті құрылымының "даурықпа" идеясын пайдаланып қалуға тырысты және оған қарама-қарсы шара ретінде төздетіп "Түркістан конфедерациясын" құруға кірісуді ұсынды. Егер біз халықтарымызды этникалық және конфессионалдық белгілеріне қарай бөлуге тырысқан ондай арандатушылардың жетегінде кеткенде, не болатынын ойлаудың өзі қорқынышты. Тәуелсіз бес мемлекеттің Ашхабадта бас қосқан басшылары қазіргі қалыптасқан нақты жағдайларды ақыл-парасатпен өлшеп-пішу нәтижесінде балама блок құру жөніндегі пікірді үзілді-кесілді ысырып тасталды. Тиісті Мәлімдеме қабылданды. Тәуелсіз Мемлекеттердің Достастығы жөнінде Минскіде қол қойылған Келісімге алдын ала түзетулер мен ұсыныстар жасалды. Қазақстан мен Орта Азия мемлекеттерінің басшылары Ресей, Украина және Беларусь басшыларының бұрынғы құқықтан жүрдай республикалар орнына тәуелсіз құқықтық мемлекеттер құруға ұмтылған әрекеттеріне түсіністікпен қарайтынын, Украинаның интеграциялық процесс арнасына қайта оралуын қанағаттанғандықпен қарсы алғанын атап көрсетті.

Бес республиканың басшылары жаңа Достастықты қалыптастырудың құқықтық жағына ерекше назар аударды. Әйткені үш мемлекет басшыларының атынан жасалған КСР Одағының халықаралық қатынастар субъектісі

ретінде өмір сүруін тоқтатуы жөніндегі хабарды көпшілік занға қайшы әрекет ретінде бағалаған еді. Бұл жөніндегі айтыс-тартысықа құмарлық Ресей, Украина және Беларусь басшыларының шешімі сол республикалардың парламенттерінде бекітілгеннен кейін ғана басылғаны белгілі.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы құрылтайшыларының Келісім мәтінін жаңа саяси одақтың инициативалық нұсқасы ретінде қарастыру жөніндегі ұсынысын ескере отырып, бес республиканың Президенттері өздерінің әріптестеріне консенсус іздестіруге, Жоғары мәртебелі Келісуші Жақтар ретінде тең құқықты жағдайда құжатқа қол қоюға өзір екендіктерін аңғартты.

Интеграциялық процестің құқықтық жағын мейлінше толық сақтауға ұмтыла отырып, біз Алматыға келген ресми делегациялар мүшелерінің қарауына ұсыныс енгіздік – КСР Одағының және оның институттарының өмір сүруін тоқтату жөніндегі актіні КСРО Жоғарғы Кеңесінің сессиясында немесе Республикалар Кеңесінің мәжілісінде қабылдауды ұсындық. Өкінішке орай, бұл ұсыныс Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының инициаторлары тарапынан қолдау таппады. Бұрын КСРО-ның құрамына енген республикалардың ерікті таңдауы негізінде жаңа Достастықтың құрылуы қалыптасқан жағдайда жалпы болашағымыз үшін қажетті келісімге неғұрлым тезірек жету мақсатын көздейтін бірден-бір парасатты шешім болды деп батыл түрде тұжырым жасай аламын. Қазақстан қашан болса да, мүмкіндікті мейлінше пайдалануды басшылыққа алды, елдің бейберекет ыдырап кетуіне жол бермеуге әрқашан тырысып келді.

Алматыдағы кездесудің қорытындылары бойынша тіпті күткендердің әлдеқайда көп нәрсеге қол жеткізуіндің сәті түсті. Он бір мемлекет сапалық жағынан жаңа құрамға бірігу жөнінде шешім қабылдады. Бұл мемлекетте, мемлекеттердің үстінен қарайтын құрылым да болып табылмайды. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының құрылуына байланысты Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы өмір сүруін тоқтатты, оның 69 жылдық тарихы бұдан bylai зым-зия доғарылды. Алматыдағы кездесудің табысты болатыны жас, тәуелсіз мемлекеттердің бірлесуі олардың өз инициативалары бойынша іске асқандығынан, "жоғарыдан" сұқ саусақпен көрсетіп, міндеттейтін қысымның болмағандығынан көп жағдайда алдын ала айқындалған еді. Қазақстандағы жасалған келісімдердің аса маңызды нәтижесі ядролық потенциалы бар төрт республиканың "Ядролық қаруға байланысты бірлескен шаралар туралы" Келісімі болды. Ол ядролық қаруды таратуға жол бермеуге, оны бірінші болып қолданбауға, ядролық қару атаулының барлығын да жоюға деген жалпы ұмтылышты, сондай-ақ халықаралық тұрақтылықты нығайта түсуге барынша ықпал етуді танытатын ынта-ықыласты дәлелдейді.

Келісімге сәйкес Беларусь Республикасы мен Украина ядролық қаруы жоқ мемлекеттер ретінде 1968 жылғы Ядролық қаруды таратпау жөніндегі шартқа қосылуға міндеттеме қабылдап отырғаны белгілі. Ол шартқа қол қоюға өзір Қазақстанның территориясындағы стратегиялық ядролық күштер өзірше қозғаусыз қала тұрады. Мұндай шешім қабылдай отырып, біз рес-

публика территориясында орналасқан ядролық қарупарды іс жүзінде тасып өкету тіпті де оңай болмайтын жағдайды ғана емес, сонымен қатар қаржы тапшылығын да ескердік. Сондай-ақ ядролық немесе басқа да шабуыл түрлерінің болмауына берік кепілдік беру қажеттігі де ескерліді. Логика бойынша мұндай кепілдіктерді, ең алдымен, ядролық мемлекеттер – АҚШ және біздің ең жақын көршілеріміз болып табылатын Ресей Федерациясы мен Қытай Халық Республикасы беруі тиіс. Ол кепілдіктер Қазақстанның мұдделі жақтармен дипломатиялық келіссөздер жүргізуінің негізі болуы тиіс. Мұндай жағдайда Қазақстан, менің көміл сенімім бойынша, өзін ядролық қаруы жоқ аймақта айналдыру шарасын жүзеге асыруы қажет. Мұның өзі территориясында орналастырылған ядролық қаруарға байланысты мәлшердегі тең құқықты әріптес ретінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы жөніндегі Келісім процестерінің шенберінде іске асырылуы керек. Бұл айқындаманы жоғарыда атап көрсетілген мемлекеттерге әлдебір құдікпен қарау сияқты себептермен түсіндіруге болмайды. Қазақстан қазір олармен достық қарым-қатынастар жасап отыр және алдағы кезде де жасай беруге әзір. Бұл айқындаама "ядролық клуб" деп аталатын ұйымға мүше болу мәртебесін алу жөніндегі қандай да болсын талаптарға байланысты емес. Басқаша айтқанда, біздің алдағы кезде қандай Достастықта өмір сүретіндігіміз әлі бұлынғыр болып отыр.

Әзірше ядролық кнопкa Ресейге сеніп тапсырылды. Оған белгілі шарт қойылды. Ядролық қаруды қолдану жөніндегі шешімді Ресей Президенті Украинаның, Беларусьтың және Қазақстанның басшыларымен келісе отырып қана қабылдауға тиіс. Ол үшін арнайы конференц-байланыс орнатылды. Алайда, мұның өзі, менің ойымша, әлі де жеткіліксіз. Территорияларында ядролық қару орналасқан өзге үш мемлекеттің Президенттері ядролық қарудың жұмысалуына тосқауыл қою жүйесін ұйымдастыруы қажет (бұл ретте біздің айқындаамамыз Украинаның пікіріне сәйкес келеді).

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы құрылды. Бірақ, мен оның болашағын қуанышқа толы жарқын етіп бейнелеуден тіpten аулақпын. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының алғашқы қадамдарының өзі-ақ оның мүшелерінің тіпті оп-оңай шешілетін елеусіз мәселелер, мысалы, тұрақты жұмыс істейтін үйлестіру қызметтің құру, оған негізінен техникалық қызметкерлер мен сарапшыларды тепе-тендік негізінде қамтып отыру сияқты ұсақ-түйек қажетті мәселелер бойынша келісудің өзі де оңай емес екендігін көрсетті.

Қарулы Құштерге реформа жасауға байланысты елеулі проблемалар пайда болды. Әкінішке орай, бұл жерде де кейбір саясаткерлердің ойластырылмаған шешімдер қабылдау жөніндегі ешқандай ем қонбайтын ескі дерпті де себеп болған шығар, сірә. Экономикалық бей-берекет жағдай орын алып отырған кезеңде армияга байланысты арқанды ары тарт, бері тарт етіп әуресарсанға түсу мейлінше жол беруге болмайтын нәрсе. Қоғамдық пікірді қоздыру, мемлекет басшыларының қоғамдық орындарда сейлеген сөздерінде бұқаралық ақпарат құралдарында өзара салғыласып, бір-бірінің атына артық сөздер айтуы бұрынғы Одақтық кеңістігіндегі қоғам бүгінгі таңда мейлінше

шиеленісіп, ушыққан жағдайда қалып отырғанда өте-мөте орынсыз және олардың ез халқы мен дүниежүзілік жүртшылықтың көз алдында имандылыққа жатпайтын үят нәрсе. Армияның проблемасына қалай болса солай қарауға болмайды. Әйткені ол бұрынғы Одақты жаңа Достастыққа айналдыру жөніндегі әрекеттердің нәтижесінде пайда болған ең басты қарама-қайшылықтардың бірі болып табылады. Бізді қорғауға тиіс армия бүгінгі таңда өзі біреудің қорғауына, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысуыш мемлекеттердің әскери қызметкерлерді әлеуметтік-экономикалық және құқықтық жағынан қорғау жөніндегі үйлестірілген іс-әрекеттеріне өте-мөте мұқтаж болып отыр.

Мениң көзқарасым бойынша, әскери мәселедегі ең басты нәрсе – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығындағы мемлекеттердің бірлескен ортақ армияға ынталы болуы – бірінші кезекте айқындалуы тиіс, олай етпейінше жеке мәселелер жөніндегі проблемалар төңірегінде келісу тіпті де мүмкін емес. Осыны басшылыққа алған мен Минскідегі ақпан кездесуінде әр республиканың өз айқындарасын мейлінше дәл белгілеуін талап еттім. Соның нәтижесінде Украинаның, Әзіrbайжанның және Молдаваның бірлескен командование бағынысынан шығарылған өз армияларының құрылуын қолдаған пікір айтқаны белгілі (рас, кейінірек Әзіrbайжан өзінің көзқарасын өзгертіп, бірлескен армия болуын жақтады). Тәуелсіз мемлекеттерді қорғау үшін, ең болмаса, НАТО тұрпатындағы ортақ қорғаныс болуы ақылға қонымды сияқты болып көрінеді маған. Мұның өзі әрі сенімді, әрі арзан болар еді. Мұндай мәселеде тек бүгінгі күнді ғана ойлап өмір сүрге болмайды.

Посевная нынешнего года, судя по всему, будет трудной. Прежде всего, из-за нехватки горюче-смазочных материалов. Тем не менее, планируется засеять зерновых больше, чем в прошлом году, чтобы собрать максимальное количество зерна, произвести перерасчеты с государствами Содружества и создать достаточный страховой запас хлеба. Расширяются также посевы сахарной свеклы, масличных культур. Перед главами администраций поставлена задача до начала весенних полевых работ создать необходимый запас горючего. Вопрос о поставках его из других регионов СНГ будет поставлен на предстоящей встрече руководителей стран Содружества в Киеве.

С выполнением взаимных соглашений между странами Содружества дела обстоят неважно. В этой ситуации нам необходимо подумать о разработке системы автономного хозяйствования республики. У нас есть все возможности, чтобы самим обеспечить себя мясом, молоком, другими продуктами питания, промышленными товарами. Мера эта вынужденная. Но надо быть готовыми ко всему. Забота о таком самообеспечении должна стать заботой и глав администраций на местах.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТИ  
Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ ОРТА АЗИЯ МЕН ҚАЗАҚСТАН  
БИРЖАЛАРЫ ҚАУЫМДАСТЫҒЫНЫҢ МӘЖІЛІСІНЕ  
ҚАТЫСУШЫЛАРДЫ ҚҰТТЫҚТАУЫ\***

**Алматы, 13 наурыз 1992 жыл**

Орта Азия мен Қазақстан биржалары қауымдастығының мәжілісіне қатысушыларды құттықтай отырып, мен сөзімді инициативасы, ізденісі, білімі мен күш-қайраты Достастық республикаларының гүлденуі мен еңбекшілерінің тұрмыс деңгейін арттыру мүддесі үшін жаңа өндірістік қатынастардың қалыптасуына жәрдемдесуге бағытталған барлық кәсіпкерлерге арнаймын.

Сіздердің бірлестігіңіз езінің алдына қойылып отырған мақсат – тиімді нарықтық шаруашылықты дамыту, аймақтың іскер адамдарын құрделі экономикалық проблемаларды үйлесімді шешуге топтастыру, әртүрлі гуманитарлық көмек көрсету үшін жағдай жасау мақсаты барынша мақұлдауға лайық. Сіздердің "Арал балаларына жәрдем" қайырымдылық акциясына қолдау көрсетулеріңіз кәсіпкерлердің тоталитарлық өткен кездің әлеуметтік ақауларының зардаптарын жоюға қатысуының лайықты өнегесі болып табылады.

Сіздердің кездесуінізге және бұдан байлайғы қызметтіңзге табыс тілеймін.

---

\* "Егеменді Қазақстан" газеті, 14 наурыз 1992 жыл.

**ПРИВЕТСТВИЕ  
ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА  
УЧАСТИКАМ ЗАСЕДАНИЯ АССОЦИАЦИИ БИРЖ  
СРЕДНЕЙ АЗИИ И КАЗАХСТАНА\***

---

*Алма-Ата, 13 марта 1992 года*

Приветствуя участников заседания Ассоциации бирж Средней Азии и Казахстана, я обращаюсь ко всем предпринимателям, инициатива, поиск, знания и энергия которых направлены на содействие становлению новых производственных отношений во имя процветания республик Содружества и повышения жизненного уровня трудящихся.

Цели, которые ставит перед собой ваше объединение, – создание условий для развития эффективного рыночного хозяйства, консолидация деловых людей региона на сконцентрированное решение сложных экономических проблем, оказание разнообразной гуманитарной помощи, – заслуживают всяческого одобрения. Ваша поддержка благотворительной акции "Помочь детям Арала" является достойным примером участия предпринимателей в ликвидации последствий социальных изъянов тоталитарного прошлого.

Желаю успехов вашей встрече и в последующей деятельности.

---

\* Газета "Казахстанская правда", 14 марта 1992 года.

**ПРИВЕТСТВИЕ  
ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА  
УЧАСТНИКАМ ВТОРОГО СЪЕЗДА НЕМЦЕВ СОДРУЖЕСТВА  
НЕЗАВИСИМЫХ ГОСУДАРСТВ\***

---

*Алма-Ата, 19 марта 1992 года*

Сердечно приветствую участников второго съезда немцев Содружества Независимых Государств. Прошу принять пожелания плодотворной работы и выражая надежду, что на нем будут выработаны конструктивные решения, способствующие консолидации усилий всех народов государств – участников Содружества на преодоление кризисных явлений нашей жизни.

Сегодня все мы в равной мере, независимо от национальной принадлежности, места проживания и социального положения, переживаем трудный и во многом тревожный период, как никогда испытываем последствия волюнтаризма прежней командно-административной системы в экономике, политике и культурно-социальной сфере, имперского подхода к судьбам как больших, так и малых народов, к решению национальных вопросов. И только сообща, цивилизованными методами мы сможем преодолеть это доставшееся нам недобро наследие прошлого.

С глубоким пониманием и сочувствием отношусь к проблемам возрождения государственности, национальной культуры, языка и традиций немецкого народа, составляющего немалую часть населения Казахстана и других государств Содружества. Уверен, что в большинстве своем они разрешимы на основе исторической справедливости, доброй воли немецкого и других народов, законности и права, целенаправленных правительственные программ и межправительственных соглашений. В этом меня убеждают неоднократные встречи с представителями немецкого населения нашей республики, беседы с руководителями государств Содружества и международного сообщества, в том числе с руководством ныне объединенной Германии.

Мной, Правительством и общественностью республики и впредь будет делаться все возможное, чтобы наши соотечественники – граждане немецкой национальности, как и другие казахстанцы – представители более чем

---

\* Газета "Казахстанская правда", 20 марта 1992 года.

ста народов, чувствовали себя спокойно и уверенно, могли плодотворно трудиться, повышать свое благосостояние, развивать национальную культуру. Залогом этому служат наш многолетний опыт совместной жизни, выработанные и не утраченные даже в это сложное время традиции интернационализма и дружбы, исконная доброжелательность казахского народа.

Полагаю, что съезд примет взвешенные, мудрые решения, направленные на объединение общих усилий, учитывающие не только проблемы немцев, но и наши общие задачи.

**ИНТЕРВЬЮ  
ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА  
ГАЗЕТЕ "ДОЙЧЕ АЛЛЬГЕМАЙНЕ ЦАЙТУНГ"\***

---

*Алма-Ата, 19 марта 1992 года*

**"МЫ БЫ ХОТЕЛИ, ЧТОБЫ НЕМЦЫ ОСТАЛИСЬ В КАЗАХСТАНЕ"**

*Беседу вел К. Эрлих*

**Вопрос:**

– Господин Президент, завтра открывается Конгресс немцев бывшего СССР. Чтобы Вы хотели пожелать участникам форума?

**Президент Республики Казахстан Н. А. Назарбаев:**

– Для Казахстана это немаловажное событие, так как в нашей республике живет больше половины всех российских немцев. Я уже неоднократно высказывал свое мнение по проблеме эмиграции немцев. Мы хотели бы, конечно, чтобы они остались здесь, жили здесь и трудились на себя и на благо многонационального Казахстана. Что касается нас, то мы будем делать все возможное для решения всех жизненно важных проблем немецкого населения.

В последнее время мы стремимся открывать в республике немецкие школы, создавать немецкие группы в детских садах, специальные факультеты в вузах. Большое внимание мы уделяем развитию немецкой прессы и телевидения. В будущем мы также будем поддерживать стремление немцев Казахстана в развитии национальной культуры.

Переговоры, которые мы ведем с Германией, также направлены на создание совместных предприятий с участием наших немцев. Я точно не знаю, какие вопросы будут обсуждаться на Конгрессе, но от имени Правительства Казахстана хотел направить приветствие и самые лучшие пожелания всем участникам Конгресса.

**Вопрос:**

– Российский Президент во время своего визита в Бонн заверил всех, что правительство России намерено восстановить немецкую республику на Волге. Однако его дальнейшие действия, особенно его слова, сказанные в Саратове, указывают, что политика руководства России в этом вопросе ста-

---

\* Газета "Deutsche Allgemeine Zeitung", 21 марта 1992 года.

ла совершенно другой. По крайней мере, можно утверждать, что никто не спешит решать наши вопросы. Намерены ли Вы, господин Президент, удовлетворить определенные дополнительные политические права граждан немецкой национальности?

**Президент Республики Казахстан Н. А. Назарбаев:**

– В первую очередь я хотел бы точно знать, каковы потребности немцев, живущих в Казахстане и желающих остаться здесь. Скоро у меня состоится встреча с представителями вашего народа. Я думаю, что они меня подробно об этом проинформируют. Мы будем делать все, что в наших силах. Что касается руководства России, то этот вопрос нужно задать им самим. Почему так быстро изменилась позиция России? Возможно, на это повлияла политическая ситуация в регионе, где намеревались восстановить немецкую республику? Я знаю, что немецкая общественность выступает за восстановление справедливости. Я это понимаю и поддерживаю такую позицию. Возможно, необходимо некоторое время и совместная работа с населением этого региона, чтобы осуществить все это.

**Вопрос:**

– Намерены ли Вы принять указ о реабилитации репрессированных народов, в котором предусматривался бы статус трудармейцев?

**Президент Республики Казахстан Н. А. Назарбаев:**

– Правительство республики и законодательные органы республики никогда не принимали законы, которые ущемляли бы другие народы. По моему мнению, подобные указы должны издавать те государства, где существует несправедливость. Как Президент, я поддерживаю такие шаги и намерения.

**Вопрос:**

– Господин Президент, часть немецкого населения нашей республики хотела бы иметь двойное гражданство – Казахстана и Германии. Как Вы относитесь к этому?

**Президент Республики Казахстан Н. А. Назарбаев:**

– Если это соответствует законодательным актам нашей республики, то этим людям можно пойти навстречу. А если нет, то этот вопрос должен быть предложен Парламенту и решен законным путем. В принципе, закон о двойном гражданстве существует. Что касается Вашего конкретного вопроса, его необходимо основательно изучить.

– Господин Президент, я вас благодарю за это интервью.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ  
Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ ҚҰНІ НАУРЫЗ  
МЕРЕКЕСІМЕН ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫН ҚҰТТЫҚТАУЫ\***

**Алматы, 21 наурыз 1992 жыл**

***Құрметті бауырлар!  
Отандастар!***

Биылғы жылы халқымыз көктемнің, еңбек пен жаңғырудың мерекесі – Наурыз мейрамын бесінші рет тойлап отыр. Ұрыс пен ынтымақтың белгісіндей болып, имандылық пен ізгілікке, мейірімділік пен үйлесімділікке шақыратын осы бүкілхалықтық мерекемен сіздерді шын жүректен құттықтаймын. Еңбектеріңізге табыс, тұрмыстарыңызға береке-бірлік тілеймін. Көктемгі күн мен түннің теңесу күні – наурыздың 22-сі күнін халықтық мереке ретінде көптеген елдер атап өтеді. Шығыс құнтізбесі бойынша жыл басы болып саналатын бұл күні барша адамзаттың бейбітшілікке, жасампаз еңбекке, ынтымаққа деген құштарлығы оянады. Халқымызда "Бұлақ көрсөн, көзін аш" деген аталы сөз бар. Тіршілік атаулының бәрі жаңаратын бұл күндөрі жүрт ауласына ағаш отырғызады, тұрмыс жайларын ретке келтіреді, бірін-бірі тату-тәтті қарым-қатынасқа шақырып, жас үрпақты инабаттылыққа, ізгілікке баулиды.

Өткен жылы республика халықтарының достығы мен бауырластығын нығайту, ұмыт қалып бара жатқан ұлттық дәстүрлерімізді жандандыру, сондай-ақ адам мен табиғат үйлесіміне қол жеткізу мақсатында Қазақстан Президентінің Жарлығымен наурыздың 22-сі халықтық мереке – Наурыз мейрамы болып жарияланған еді. Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бұл күн бұдан былай мереке күні ретінде жыл сайын аталып өтпек. Ал биылғы Наурыз мерекесінің ерекшелігі сонда, ол республикамыздың тәуелсіздігі жарияланып, Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болып кірген жылы өтіп отыр. Бұл тарихи оқиғалар қазақстандықтардың орынды мақтанышын туғызады деп сенемін. Биылғы Наурыз мейрамы еліміз үшін аса қыын да жауапты кезеңге сәйкес келді. Бағаның өсуі, экономикалық байланыстардың әлсіреуі тұрмыс деңгейінің төмендеуіне әкеп соғуда. Нарық қатынастарына өту процесінде болмай қоймайтын басқа да уақытша қыындықтардың алдан шығуы мүмкін. Оған төзе білу және жасалып жатқан экономикадағы күрделі рефор-

\* "Егеменді Қазақстан" газеті, 21 наурыз 1992 жыл.

маларға сеніп, оның жеңіп шығуына атсалысу қажет.

Өздеріңіз жақсы білесіздер, бүгінгі таңда орын алып отырған күрделі экономикалық және саяси жағдайды өзгерту үшін республика басшылығы бірқатар пәрменді шаралар қабылдады. Еңбексүйгіштік, қындықта төзе білу, саналы тәртіп, мейірімділік пен ізгілік – ежелден халқымыздың бойына сіңген асыл қасиеттер. Барлығымыз үшін сын болып отырған осы күрделі уақытта сол ізгі қасиеттерімізге, озық дәстүрлерімізге адаптация болып, өз күш-жігеріміз-бен, өз енбегімізбен он өзгерістерге қол жеткізуге тырысайық. Қазір ауыл адамдары көктемті егістің қамына кірісіп кетті. Ертеңгі құт-берекеміз бен ырысымыздың негізі бүгін қаланады. Береке басы – бірлік. Бірлігіміз шай-қалмаса, өрісіміздің малға толып, дастарқанымыздың мол болары сөзсіз. Бірлігімізді, ынтымағымызды сақтайық, ағайын. Сонда ғана уақыттың ауыр сыйнидан сүрінбей өтеміз, тұрмыс жағдайымызды елеулі түрде жақсарта аламыз.

### **Қымбатты бауырлар!**

Табиғат жаңарып, күн мен түннің теңелетін көктемнің бұл күнін ата-ба-баларымыз ұлыстың ұлы күні деп атаған. Осы ұлыстың ұлы күнін ұлтара-лық келісімді, адамдар арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайту, қоғамдағы адамгершілік ахуалды жақсарту күніне айналдырайық.

Баршаңызды тағы да Наурыз мейрамымен құттықтай отырып, отбаста-рынызға зор бақыт, мол қуаныш тілеймін. Жыл басы әрқайсынызға мықты денсаулық, береке, бірлік, ынтымақ ала келсін.

**Ұлыстың ұлы күні құтты болсын, ағайын!**

**ПОЗДРАВЛЕНИЕ  
ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА  
С ВОЗРОЖДЕННЫМ ПРАЗДНИКОМ НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ\***

---

Алма-Ата, 21 марта 1992 года

**"С ВЕЛИКИМ ПРАЗДНИКОМ НАРОДА!"**

*Дорогие соотечественники!*

От всего сердца поздравляю всех вас с возрожденным праздником Наурыз мейрамы – Праздником весны, труда и обновления.

Этот день, считающийся по восточному календарю началом года, издревле символизирует благоденствие, братскую сплоченность, побуждает к созиданию, нравственному очищению, милосердию.

У казахского народа есть наполненные глубокой мудростью слова: "Не позволяй иссякнуть роднику!" Думаю, их смысл напрямую относится к тому, что мы связываем с Наурызом. Родник, который мы обязаны сберечь, – это и родная природа, вся среда нашего обитания. Это – и высокое духовное начало в человеке, его вера в собственные силы, осознание своей ответственности за происходящее в жизни. Это – и не проходящее чувство дружбы между людьми.

Мне хотелось бы, чтобы нынешнее празднование Наурыза прошло именно под этим добрым и обнадеживающим началом.

Для нас сегодня крайне важен созидательный настрой. Казахстан отныне – независимое государство, недавно принятое в члены Организации Объединенных Наций. Это вызывает в нас законную гордость. Но чтобы добиться не формального, а подлинного признания на международной арене, нам многое нужно сделать для становления республики, ее самоутверждения, вхождения в цивилизованное сообщество.

Сейчас мы переживаем нелегкий, крайне ответственный период своего развития. Переход на рыночные отношения принес неизбежные трудности – рост цен, снижение жизненного уровня. Но реформы надо решительно доводить до конца. И здесь вновь нам потребуются огромная самоотдача, сплоченность, межнациональное согласие. Только своими силами, своим трудом мы сумеем преодолеть трудности и добиться достойных условий жизни.

---

\* Газета "Казахстанская правда", 21 марта 1992 года.

С особым словом я хочу обратиться сегодня к жителям села. Наурыз, по своей сути, изначально связан с вашим трудом, ибо означает вступление в новый сельскохозяйственный цикл.

Это время надежд и свершений, время готовности к напряженным трудовым будням. И сейчас, когда селяне завершают подготовку к весеннему севу, я напутствую их нашей общей надеждой на успех. Благосостояние республики во многом зависит от организованности, настойчивости, от слаженности действий всех предприятий агропромышленного комплекса.

Дорогие друзья!

Наурыз наши предки называли великим праздником народа. В этот день забывались даже самые малые раздоры, людей сближала радость весны и труда. И я хочу пожелать, чтобы согласие и дружба навсегда поселились в ваших сердцах и домах.

Поздравляя всех казахстанцев, каждую семью с праздником, я желаю вам большого человеческого счастья, успехов, процветания.

***С Великим днем народа, соотечественники!***

**ВЫСТУПЛЕНИЕ  
ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА  
НА ВСТРЕЧЕ С РАБОЧИМИ ГОРОДА АЛМА-АТЫ\***

---

*Алма-Ата, 8 апреля 1992 года*

*Посещение алмаатинского завода "Электробытприбор".*

– ...Теперь каждый человек становится творцом собственного благополучия, а задача государства – создать все условия для реализации своих возможностей, что оно и делает. Основная задача сегодня – ни в коем случае не допустить дальнейшего спада производства, использовать все резервы для его наращивания. Это, в конечном итоге, должно привести к стабилизации, а затем и снижению цен на товары, росту, доходов как каждого труженика, так и государства в целом.

\* \* \*

*Посещение хлебобулочного комбината.*

– ...Я одобряю стремление коллектива взять на себя дополнительные хлопоты и ответственность, связанные с самостоятельной реализацией своей продукции, поиском дополнительных источников для выправления финансового положения предприятия.

*Желаю вам успехов!*

---

\* Газета "Казахстанская правда", 10 апреля 1992 года.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ  
Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫң ЖЕРГІЛІКТІ ӘКІМДЕРДІҢ  
СЕМИНАР-КЕҢЕСІНДЕ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ\***

**Алматы, 10 сәуір 1992 жыл**

***Құрметті әріптестер!***

Осы сөзімді сіздерге арнай отырып, мына екі жайтты атап көрсеткім келеді. Бірінші – Қазақстан Республикасында атқарушы биліктің толық жоғарыдан тәменге қарай жүйесі құрылып, жұмыс істей бастады, ал оның қажеттігі туралы соңғы жылдары көп айтылып келген болатын. Екінші – сіздерден, жергілікті жерлердегі менің өкілдерімнен, президенттік биліктің сенімді атқарушылары мен табанды жүргізушілерін ғана емес, сондай-ақ ең алдымен, менің саяси бағытымды толық қолдайтын пікірлестерімді көремін. Мұның өзі маған ерекше маңызды болып көрінеді. Өйткені пікірлестік, меніңше, әкімдердің іс-қимылдарындағы инициативалықты, еркіндікті, саяси сара бағытты жергілікті жағдайларға сәйкес икемділікпен жүзеге асыруға ұмтылышты білдіреді.

Біздің алдымызда тарихи тұрғыдан алғанда теңдесі жоқ міндет тұр – ол Қазақстан жерінде тұнғыш тәуелсіз мемлекет құру. Біз жариялаған Қазақстан Республикасының іргетасына қазір алғашқы ең негізгі кірпіштер қалаңып жатыр. Сондықтан, сіздер мен біздің болашағымыз, біздің балаларымыз берілгенінде оның дүниежүзілік әркениетті қоғамдастықтағы рөлі мен маңызы осы іргетастың қаншалықты беріктігіне байланысты болмақ. Республиканың егемендігі туралы Декларацияда жарияланған өзінің мәні жағынан парасатты да ізгілікті идеялар мен принциптердің мемлекеттік құрылыштың бұрынғы демократияға жат, тоталитарлық мән-мағынасын жасыратын саяси ықтасын, жалған перде ғана болып шығуына жол беруге болмайды.

Мұны біз басымыздан өткіздік. Алайда гәп мынада, жинақталған және берік менгерілген сияқты тарихи тәжірибелі өзі әрқашан да бірдей қайтадан қате жібермеудің кепілі бола бермейді. Қарапайым және үйреншікті шешімдердің сайрап жатқан сүрлеуі көптеген басшыларды бұрынғысынша қызықтыруда, ал жанымыз бер қанымызға сіңген партиялық жұмыс стилі

\* "Егеменді Қазақстан" газеті, 11 сәуір 1992 жыл.

мен әдістері дағдысының бұрынғы идеялық докторлық психологиялық жүгі олардың бойын жазып, басқадай жолды, басқадай перспективаны көрүіне мүмкіндік бермеуде.

Шынында да егер республиканың атқарушы өкімет органдарының жаңа құрамына талдау жасап көрсек, онда біз кадрларды іріктеу революциясын бастан өткіздік деп айтпас едім. Әлі де қыруар іс тындыруға тұра келеді, өйткені аппарат қызыметкерлері арасында бұрынғы партократтар да бар, олар түбегейлі өзгерістер жолындағы қынышылықтарға байланысты ашықтанашық кектенуін жалғастыруда. Олардың бірқатары реформаларға жасырын қарсылық көрсетеп, өзгерістер барысына "аппарат тәсілдерімен" кедергі жасауда. Өз қалтасы әрқашан да сенімінен де қымбат болған екінші біреулер әртүрлі коммерциялық құрылымдардан қайтадан "жылды орын" іздеуде. Бұрынғы өмірлік қазыналардың талқандалғанына қатты кайғырып жүргендер де аз емес, ондайлар негізінен егде тартқан адамдар. Біреулері веін жәбірлендім, ал енді біреулері алданым деп сезінуде.

Маған әлдекімді кінелау қын. Бірақ жетпіс жылдан астам уақыт бойы бастарына сіңірліп келген уағыздардан бас тарта алмаған адамдарға аяушылық білдіру әбден тусінікті. Егер бұрынғысынша олардың қолдарына саяси, мемлекеттік-құқықтық және шаруашылық басқару тізгіні шоғырланса, оларға кешіріммен қарауды ақтаудың еш жөні жоқ. Бұл жерде ешқандай ымыра болуы мүмкін емес. Кезінде біз барлығына өздерінің сенімін қайта қарауға мүмкіндік бердік және кадрлардың психологиялық түрғыдан қайта құрылупын шыдамдылықпен күттік. Қазір оған жіберілген уақыт өтті және жеке менің өзім үшін облыстар мен республиканың жоғары буыннан "кімнің кім екені" құпия емес. Мұның сондай-ақ жергілікті халық үшін де ешбір құпиясы жоқ қой деп ойлаймын. Жаңа президенттік жоғарыдан тәменгі буынды іріп-шіріген жүйені түп-тамырымен шынайы өзгертуді қалағандар, жаңа көзқарасты жан-тәнімен күресіп қабылдағандар құрап отырғаны ешбір күмәнсіз. Мұны мойындау айдан анық нәрсеге қарсы шыққанмен бірдей. Бұдан былай басшылардың қабілеті тек нақты нәтижелер бойынша бағаланады.

Мемлекеттік қызмет туралы мәселе заң түрғысынан хатталуды талап етеді. Сондықтан үкімет тиісті заң жобасын Жоғарғы Кеңеске енгізді. Болашақта кадрларды, соның ішінде Министрлер Кабинетінің мүшелерін де конкурс негізінде іріктелеп алуға көшу керек.

Сіздерге үлкен билік берілді. Алайда ол билікті алып тастауды қажет ететін кедергілерді ғана емес, сонымен бірге өз алдына қойған мақсатты көре білгенде ғана парасатты пайдалануға болады. Өкінішке қарай, біздің көпшілігіміз өмірдегі әртүрлі келенсіз жайтарды сынауда жақсы машықтастып алғанбыз, бірақ қайда баруымыз керек екені жайындағы тусінігіміз өлі де қүнгірт. Сөз орайы келгенде айта кетейік, "материалистік марксіл-лениндік ілім" өмір сүріп тұрған құрылышты қиратуда ғана тек материалистік болып шықты. Ал енді "жаңа дүниені" құруға келгенде мұнда оның негізін қалау-

шылар нағыз идеалист болып шықты. Патша империясының қираған орнында оған ұқсас, бірақ аса қорқынышты, адамға жат күйінде пайда болуы толық занды да. Миллиондаған кеңес адамдары үшін "жарқын болашақ" туралы арман тек бұлыштырғып сағым болып қала берді. Мұны мен қазіргі кездегі ең бастысы – біз осы кімбіз, нені қалаймыз, қайда бара жатырмыз, қандай құндылықты қастерлейміз деген сұрақтарға түсінікті әрі нақты жауап қайтару керектігінен айтып тұрмын. Бүкіл тұла бойы идеологиялық қағидаларға қанықан біздің қоғамымызда саяси жалдаптардың өлі де аз емес екені құпия емес. Олар "социализм-капитализм" атты тозығы жеткен аспапта ойнауға қашанда өзір, жүзеге асырылып жатқан реформалардың мақсаты халықты экономикалық түрғыдан қанаудан басқа ештеңе де емес дег көрсетуге тырысадындар. Мысалды алыстан іздеудің керегі жоқ. Жуырдаған республиканың Әділет министрлігі коммунистік партияны тіркеуден бас тартқанда "құқылы мұрагерлер" мен құрдымға кеткен коммунистік режимнің қамкоршыларынан, "адам бейнелі социализмді" жақтаушылардан мен ашу-ызаға толы ондаған хаттар алды.

Соңғы анықтаманың тайыздығы адамды таң қалдырады. Мен адам бейнелі капитализмнің бар екенін асырыңқырап болса да мойындауға өзірмін, өйткені соңғы жылдарда сіздердің көвшілігініз сияқты оны мен де өз көзіммен көрдім. Ал енді социализмнің жарылқаушы бейнесін осы уақытқа дейін ешкім де көрген жоқ.

Әздерінің шешімдерін түсіндіре келіп, Әділет министрлігінің қызметкерлері әңгіме өзге ойды тұншықтыру туралы емес екенін атап көрсетті. Истің мәні компартияның бағдарламалық және жарғылық құжаттарында республиканың Конституциясына қайшы келетін қағидалардың болғанында. Сөз орайы келгенде айта кетейін, компартияның қазіргі қорғаушыларының көвшілігі іс жүзінде коммунистік идеяны жүзеге асырудың трагедиясын айғақтайтын тарихи фактілерді білмейді. Кеңес өкіметі орнағаннан кейінгі 74 жылдан соң біз тап болған нақты тарихи жағдайды талдай алмайды. Олар кемшін коммунистік тәжірибе аса бай елді тек шикізат шылауына айналдырығанын, соңғы 20 жыл ішінде алынған 180 миллиард мұнай долларының босқа шашылғанын, біздегі пәтерлер мен тауарлардың орташа дамыған елдерге қарағанда анағұрлым аз екенін сезінбейді. Ал оның есесіне біз өзімізден басқа бүкіл дүние жүзі бірлесіп шығарғаннан гері танкті көп жасадық. Ал енді бір танк – 36 үш бөлмелі қолайлы пәтер ғой. Міне, өзін "біздің дәуіріміздің ақыл-ойы,abyroyы мен ар-ожданы" дег көлгірсі атаған партияның жеткізген жері осы.

Оның үстіне миллиондаған адамдар лагерьлерге қамалып, саяси түрмелерде қаза тапты. Қазақстанда бұрын инфарктан қайтыс болды деген адамдардың есімдерін жаңа іздеп тауып жатыр, ал шын мәнінде олар атылған болып шықты. Олардың ішінде белгілі жазушылар I. Жансүгіров, Б. Майлин бар. Коммунистік билеуші топтың қылмыстарын біз өлі ұзақ уақыт бойы ашатын боламыз.

Алайда, қорқыныштысы тек қана бүл емес. Қорқыныштысы сол, қазір баяғы коммунистік лидерлер өздеріне жүктелген адамгершілік жауапкершілік жүгіне қарамастан, қайтадан бастарын көтеруінде болып отыр. Ал енді не біздің баспасөзіміздің, не демократиялық құштердің мұны байқамайтыны, мұның өзі мессиандыққа, зорлық-зомбылыққа, таптық күреске, қанды диктатураға әкеліп соғатынын түсінбейтіні мені қайран қалдырады.

Әкімет өз халқына үрей мен биморальдық қатынас орнатқан коммунистік қоғамдық-саяси үлгі бәрін басып-жаншып, амалсыз ауызбірлік және басқаша ойлауға тыйым салу жүйесі арқылы адамды құлға айналдырып, жаппай бағыныштылыққа негізделген тоталитарлық тәртіп үшін қолайлы орта жасады. Міне, халыққа жасалған осы әлеуметтік тәжірибелің толық күйрекені де занды. Ал енді қазіргі жаңа большевиктердің өткенді жандандырып, тарих дәңгелегін кері айналдыруға, қоғамды реформалауды тоқтатуға деген үмтұлысы халықтың мұддесіне, оның есіп келе жатқан саналылығына және қадір-қасиетіне қарсы бағытталған. Бүл жерде республикалардың барлық лидерлерін іс жүзінде Мәскеу тағайындағанын және олар, ең алдымен, өздерінің қожайынына қызмет етуге тиіс екендігін еске алудың артықшылығы жоқ.

Бірақ, бүгін менің қайсыбіреулермен идеологиялық пікірталасқа тусу ниетім жоқ, өйткені ешқандай "измді" бұдан әрі құрмақ емеспін. Сіздердің де ниеттеріңіз осындай екеніне сенемін. Менің бірден-бір қалауым, менің үмітім, егер қаласаныздар, арманым – шамамның келгенінше Қазақстан халқының өзін жан-жақты дамытуы үшін қалыпты, шынайы өркениетті жағдай жасауға жәрдемдесу. Егер мұндай жағдай жасалса, адамдар өздері қалайтын өмірді өздері жасап алады, ал олардың өздеріне жамандық ойламайтыны анық. Нәк өздері, қандай да болмасын бағыт сілтегіш қосызы-ақ, "кеменгер жетекші" нұсқаған сара жолсыз жасай алады.

Біз жасамақ болып отырган жағдай қандай? Ол жаңалық емес, оған мұрат ретінде адамзат әрқашан да үмтұлып келді және үмтұла беретін болады. Осынау іргелі жағдай біздің егемендік туралы Декларациямызда, тәуелсіздік туралы Конституциялық заңымызда бар.

Бүл кез келген халық пен қоғам үшін ең маңызды үш сөзден, үш түсініктен бейнесін тапқан, олар – бостандық, теңдік, демократия.

Қане, қулыққа бармай-ақ, бізде оның біріншісі де, екіншісі де және үшіншісі де әлі жоқ екенін тұра айтайық. Өзін демократиялық деп жариялаған мемлекет бірден сондай болып шыға келеді деу аңғалдық болар еді. Азаматтың құқықтары мен міндеттерінің тере-тендігін білдіретін нақты демократияның қалыптасуы қас-қағымдық, мұлдем атустілік акті емес, қайта бүкіл қоғамның қауырт күш-жігерін қажет ететін аса ұзаққа созылатын реттелмелі процесс.

Адамға нақты бостандық – саяси, экономикалық бостандықты, жеке адамның рухани тұрғыдан өзін-өзі табуын қамтамасыз ету де оңай емес. Бүл, өркім қандай да болмасын қоғамдық-саяси үйымның құрамында болуы немесе болмауын қалауға (өрине, заңмен тыйым салынғандарынан басқа-

сын), меншіктің кез-келген түрін қалап алуға, өзінің қызметі үшін шаруашылықты жүргізудің қандай да болмасын формасын таңдауға, атеист болу немесе қандай да болмасын діни ұйым қатарында болуды қалауға, өзінің жеке өмірін басқа біреулердің қол сүгүнан қорғауға ерікті дегенді білдіреді.

Ниетіне жету – бұл ұлан-ғайыр еңбек, тіпті талай ұрпақтың енбегі болар. Бірақ, біздің мақсатқа қарай қадам жасағанымыз даусыз. Соңғы жылдары қабылданған кез келген заңды немесе Президент Жарлығын алып қараңыз – олардың әрқайсысында қалай болғанда да, таңдал алған мұраттарға сай келетін жаңа саяси, экономикалық және мемлекеттік-құқықтық құрылымның үзінділері түрлі түсіндіру түрінде айтылады. Бұл үзінділер олардың негізінде Қазақстан Республикасының Конституциясы қабылданған кезде бірлік пен тұтастыққа ие болады. Бұл таяу арада-ақ болады ғой деп ойлаймын. Міне, осы жерде біздің алдымызда ең бастысы – қабылданған заң бойынша өмір сүрге, биліктің кез келген деңгейінде оны мұлтікіз орындауға үйрену ісі бар тұлғасымен көрінеді.

Қаралайым-ақ нәрсе сияқты, ал іс жүзінде ше? Билікті бөлу – шынайы демократияның негізі екенін дәлелдеуге қанша сез айтқанымызды, бүкіл билікті өз қолына шоғырландырған бұрынғы тоталитарлық режимді, ол туғызған әміршіл-әкімшіл жүйені біздің қанша даттағанымызды еске алыңыздаршы! Міне, енді, билікті бөлу нақты жүзеге асырылған кезде, кейбір әкімдер байқамағансып: енді қажет болмауы себепті, Кеңестерді таратып жіберсек қайтеді-міс, деген идеясымақ ұсынуда. Екінші жағынан – Кеңестердің төрағалары, негізінен әкімдер болмай қалғандары, басқаруда берекесіздік туғызатын осы жаңа құрамалар кімге қажет, деп мәлімдеуде. Бұл туралы негізінен облыстық комитеттердің, аудандық комитеттердің бірінші хатшылары болып жұмыс істеу тәжірибесі барлар айтып жүр.

Қарама-қайшылықтың мәні біздің жеке-дара билік құру әдісін жаппай жақтайтынымызда жатыр деген сенімдемін. Бұрын бір хан немесе патша кейіннен бас хатшы болды. Қазір де сол таптауырын сұрлеу бізді өзіне тартып отыр. Иә, біздің арамызда жеке-дара билеу принципінде тәрбие алғандар көп. Бұрын "біріншігे" нақты құқықтық құрылымсыз, не қаласам, соны істеймін принципі бойынша өмір сұру оңай еді. Мұның бәрі болды ғой. Келіңіздер, мәселені халықтың мұддесі тұрғысынан ойластырайық: неліктен адамдар және олардың тағдыры өздеріне "жақсы" немесе "жаман" басшының келуіне, оның либерал немесе консерватор, демократ немесе ұрда-жық екеніне байланысты болуы керек? Қандай лауазымды орынға болмасын ешиқандай кіршікіз адамды тауып қою сәті ешкімге де, ешқашан да түспеді десек, заң шығарушы, атқарушы және сот биліктерін бөлу заңдылықты сақтаудың ең жақсы кепілі, тоталитаризм жағына қарай қандай да болмасын сырғуға жол бермейтін, пәрменді фактор болып табылады. Адамзат баласы осы уақытқа дейін демократиялық негіздерді орнықтыру үшін бұдан тиімді ештеңе ойлап тапқан жоқ. Міне, сондықтан халық билігі ретінде Кеңестер атқарушы органдар және соттар қажет. Мұны әркім түсініп, жаңа жағдайда

бірқалыпты жұмыс істеу үшін табанды түрде үйренуі тиіс. Осы аса қурделі кезеңде ынтымақтықпен жұмыс істеу қажеттігін ерекше атап өткім келеді. Егер шын мәнінде болашақ ұрпағымызға құқықтық мемлекетті мирас етіп қалдыргымыз келсе, онда басқаша ешқандай жол жоқ.

Мен сөзімді саяси аспектілерден тегін бастағаным жоқ. Әйткені әкімдер өз қызметінде мәселенің бұл жағын көз алдына көмескі түрде елестетеді. Өндіріс басшыларына экономика туралы бүгін де аз айтылған жоқ. Мен тек қана жан-жақты экономикалық өзгерістердің принципті бағдары – нарық екенін, жеке адамның экономикалық бостандығы, тауар өндірушілердің дербестігі бөсекелестік екенін тағы да бір рет атап көрсеткім келеді.

Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздік алуы біздің бәрімізге де зор, ештеңемен теңестіруге келмейтін жауапкершілік жүктейді. Үш жұз жылдан кейін тұнғыш рет біз ешкімнің нұсқауынсыз-ақ өзіміз өмір сүргіміз келген жолды айқындалп отырмыз. Қазір бізді әлемнің 100-ден астам мемлекеті таныды, олардың әрбір тәртіншісімен дипломатиялық қатынастар орнатылды. Мұның өзі қуантады. Бірақ біз бостандықтың қуанышын күн сайын шешуді және қажырлы еңбекті қажет ететін мәселелердің тұтастай бір шоғырын бізден шеттепеуі керек. Әйткені, адамдардың өзінің іс-әрекетіндегі бостандық оны өзінен-өзі кийіндірмейді, тоғындырмайды және адамның бір қалыпты өмір сүруі үшін қаржат та бермейді. Оған қамқорлық жасау енді біздің төл ісіміз. Бізге енді өзімізден басқа ешкім де көмектеспейді. Біз тек өз күшімізге ғана сенуіміз қажет.

Біз бес жыл бойы Горбачевті реформаларды жүзеге асырудагы жайбасарлығы және дәйексіздігі үшін ұдайы сынап келдік. Ал енді кімге кінә артамыз? Реформа орнынан жылжымай, табандап тұрып алды, оның негізгі себебі – басқарудың жергілікті мемлекеттік органдары нарықтық қатынасқа өту жағдайында өз қызметін баяу қайта құрып отырғанында. Мемлекеттік мүлікті жекешелендіру де баяу жүргізілуде. Ал енді осы мәселелер жөнінде тиісті жарлықтар қабылданып, нақтылы мерзімдер және оларды жүзеге асыратын адамдар белгіленді той. Сонда ендігі себеп неде?

Ең алдымен, атқарушы тәртіп пен үйимшылдықтың төмен деңгейіне байланысты. Әйтпесе, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының мүлкін жекешелендіру туралы Жарлықтың орындалу барысын тексерген кезде, оның аса маңызды ережелерін жүзеге асыруға кедергі келтіріп отырған көптеген фактілерді, түсінік жұмысының нашарлығын басқаша қалай түсіндіруге болады. Мәселен, Шығыс Қазақстан облысында жүргізілген социологиялық сауалдың барысында респонденттердің жартысының осы мәселе туралы ешқандай түсінігі болмаған және олар агроенеркесіп кешенінің мүлкін жекешелендіруді саланы тұралатуға әкелетін кезекті науқан деп бағалаған. Мұндай мысалдарды басқа да облыстардан келтіруге болады. Міне, осы олқылықтардың бәрі жекешелендірудің мақсаты туралы теріс түсініктер туғызып, өкімет органдарына халықтың біраз бөлігінің ренішін туғызып, реформаны жүзеге асыруды елеулі тежеп отыр.

Осыған байланысты жекешелендіру бір жолғы ғана науқан емес, оны жүзеге асыра отырып, біз Қазақстан экономикасын қазіргі тұйықтағы жағдайдан шығара алатын стратегиялық бағыттымыз екенін тағы да бір рет атап көрсеткім келеді.

Соңғы уақытта анық байқалған жергілікті бюрократтық сепаратизм деп аталғаның өзі түбегейлі экономикалық өзгерістерге үлкен зиян тигізіп отыр. Ол мынадан көрінуде: жекелеген кәсіпорындар мен аймақтардың басшылары даңғойлық, жалған патриоттық ұрандарды бетке ұстап, жалпыұлтық және мемлекеттік мұдделерді ескеруді ұмытып, заттай тауар алмасудың тұрпайы жолына сырғанап барады. Өздерін белгілі бір өндірістік қуаттардың немесе табиғат байлығының өктемдік жүргізетін меншік иесі деп санап, оларды өз қалауынша жұмсауға, басқаша айтқанда, жекелеген облыста, ауданда, ауылда "жарқын болашақ" құруға құқылымын деп санауда. Бұл орайда мемлекеттің заңын бұзып отырғанын ойлап бас қатырып жатқан жоқ. Айталық, менің мұнайым бар – оны өз бетімше астыққа айырбастаймын, немесе керісінше. Мұндай тұрпайы іс-әрекеттер, таза экономикалық шығынмен қатар, мемлекеттік идеяның өзін шайқалтады, республиканың саяси тұрақтылығына қауіп төндіреді. Біздің мұндай әрекеттермен келісер ниетіміз жоқ.

Түбегейлі өзгерістерді жүргізу үшін өкімет құрылымының өзінде де реформа жасау керек. Оның қазіргі институттары сипаты жағынан да, құрамы жағынан да нарық талаптарына көпшілігінде сай келмейді. Экономикалық ведомстволардың міндетін айқын белгілеу керек. Бұл ретте үкімет органдары өкімшілік әдістерге емес, қайта экономикалық әдістерге арқа сүйеуге, кәсіпорындарды емес, қайта процестерді басқаруға, өзін ықылассыз шәкірттердің кеменгөр тәлімгері етіп көрсетіп, іскерлік өмірге ұдайы араласпауға тиіс екенін басшылыққа алу керек. Еркін еңбек қана жоғары өнімділік пен сапаға кепілдік беретінін түсінетін кез жетті. Сондықтан экономикалық өзгерістердің көкейкесті міндеті – олардың тұтқаларын тікелей өндірушілерге беру. Бізге шағын және орта бизнесті қолдан, демократиялық режимнің тірекі ретінде кең көлемді әлеуметтік базасы бар әлеуметтік-жауапты кәсіпкерлікті қалыптастыру қажет. Шағын бизнесті мемлекеттік қолдау, ең алдымен, салық салудың реттелген механизмін құрудан және шағын бизнеске іс-қимылда толық бостандық беруде болып табылады. Бұл дүниежүзілік практикада кеңінен қолданылып жүрген стратегиялық жоспарлаудан бас тарту дегенді тіпті де білдірмейді деп атап айтқым келеді.

Біздің әрқайсымыз өтпелі кезеңнің қыыншылықтары – бағаның өсуін, инфляция, тапшылықты, әл-ауқаттың төмендеуін бастан кешудеміз. Осыған байланысты жүргізу процесінде халықты әлеуметтік жағынан қорғау, әлеуметтік әділеттілік принциптерін сақтау туралы мәселенің қойылуы түсінікті. Алайда, меніңше, халықты әлеуметтік жағынан қорғау халықтың аз қамтамасыз етілген және әлеуметтік жағдайы нашар жіктеріне мемлекеттік қолдау көрсетуді, кірістерін индекстеуді көздеуі керек екенін, бірақ республика-

ның әрбір азаматына дотация алудына кепілдік берілуін көзdemеуі керек екенін атап көрсеткім келеді. Олай болмаған күнде біз әлеуметтік масылдарды қайтадан қоздатып, әлеуметтік әділеттілік принциптерін сақтауды іс жүзінде ешқашан да қамтамасыз ете алмаймыз. Мен бұл принциптер бейшаралық жағдайында қайыршылық тенденкті емес, қайта әрбір еңбекке жарамды адамның өзінің шығармашылық қабілетін жүзеге асырып, қызмет бабы бойынша жоғарылауына және жұмсаған еңбегіне, кәсібі мен дарынына сәйкес жалақы алудың нақты мүмкіндігін білдіреді деп есептеймін. Бұл өнім шығарудың заттай көлемін арттыру үшін басты нәрсе. Өндірістің құлдырауы жағдайында жалақыны шексіз есіре беру – экономиканың күйреуі, реформалардың ақыры.

Бұл туралы айта отырып, үкімет те, жергілікті мемлекеттік басқару органдары да Президенттің "Қазақстан Республикасының халқын әлеуметтік қолдау жөніндегі қосымша шаралар туралы" Жарлығынан тиісті қорытынды жасамағанын барлық жауапкершілікпен мәлімдеймін. Бюджет қаржысының шектеулі екенін ескере отырып, осы құжат өнеркәсіп орындарының, коммерциялық құрылымдардың мүмкіндігін толық көлемде пайдапануды, әртүрлі қайырымдылық қорлар құруға, бюджеттен тыс қаржы құруға белсенділікпен бару керек екенін талап етеді. Осының барлығы да айқын сияқты. Алайда жергілікті жерлерде, сірә, бұрынғысынша, әлі де болса әлдебір қосымша нұсқаулар мен өкімдер күтетін сияқты.

Проблеманың басқа бір қырын алып қаралық. Мен республика халқын азық-түлік өнімімен өзін-өзі қамтамасыз ету үшін жағдай жасау қажеттігіне талай рет назар аудардым. "Қазақстан Республикасының халқын әлеуметтік қолдау жөніндегі қосымша шаралар туралы" Жарлықта нақты мерзім – үстіміздегі жылғы наурыздың 1-іне дейін бау-бақшага, саяжай участекеріне және жеке тұрғын үй салуға жер бөлуге барлық өтініштерді толығымен қанағаттандыруды қамтамасыз ету белгіленген. Ал наурыздың 30-ына дейін біз қандай нәтижеге жетіп отырмыз?

Мемлекеттік статистика және талдау жөніндегі комитеттің мағлұматына қарағанда, Манғыстау облысында бақша алуға берген өтініштердің – 22, Алматыда – 44 проценті ғана қанағаттандырылған. Торғай облысында саяжайға жер сұрап тек 5 адам ғана өтініш жасаса, тіпті олардың бұл тілегі де қанағаттандырылмаған. Бұл мәселе 7-20 процент мөлшерінде ғана шешілген Атырау, Жезқазған облыстарында да жағдай онша мәз емес. Ал Солтүстік Қазақстан облысы бойынша мемлекеттік есепке сәйкес саяжай мен бақша үшін бірде-бір участеке бөлінбegen. Мұнда ол участекерді алуға тілек білдірушілер саны тиісінше, 14,2 және 18,4 мың адам. Мұны түсіндіріп жатудың өзі артық болар. Осы іспен дереу шұғылданыңыздар, әкімдер істі қолға ала бастағанын халыққа байқатыңыздар.

Жергілікті жерлерде жекеменшік үй салуға өте жауапсыздықпен қарауда. Мұның өзі, ең алдымен Ақтөбе, Жамбыл, Манғыстау, Солтүстік Қазақ-

стан облыстарына қатысты. Мен жер бөлү мәселесі жайында осы соңғы әңгіме екенін мәлімдеуге мәжбүрмін. Бұл мәселені шешкісі келмейтіндермен немесе оны әдейі елемейтіндермен жолымыз бір емес.

Кеңес Жеңіс мерекесі күні қарсаңында өтіп отыр. Міне, осыған байланысты мүгедектерді, Ұлы Отан соғысына қатысушыларды, ауғандық арда-герлерді, қаза тапқан әскери қызметшілер отбасыларын әлеуметтік қорғау мәселесіне қайта оралуды облыс, қала және аудан әкімдеріне тапсыруды қажет деп есептеймін. 1990 жылғы сәуірде менің алғашқы жарлықтарымның бірі осы азаматтар категориясына қосымша женілдіктер беру туралы болған еді. Ол Жарлық бойынша аз іс атқарылған жоқ. Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларының ішінен тілек білдіргендерінің бәрі тұрғын үйлерін өздерінің жеке меншігіне тегін алды. Соғыс мүгедектерінің 80 проценті қолайлы пәтерге және бәрі де түгелдей телефонға ие болды. Бірақ әлі шешілмеген мәселелер де бар.

Ал енді Ақтөбе облысында тұрғын үй сұраған 814 және телефон орнатуды өтінген 815 өтініштің қанағаттандырылмауын қалай бағалауға болады? Телефон қойғысы келгендердің 456-сы облыс орталығына келеді. Мен осы мәселе бойынша істің жайын анық зерттеу және Президенттің Жарлығын орындаған лауазымды адамдарға ең қатал шара қолдану жөнінде тапсырма бергенімді сіздердің естеріңізге салғым келеді.

Меніңше, тағы да бір маңызды мәселе. Сіздерге кадр саясаты сияқты басқарудың қуатты тұтқасы берілді. Оны іскерлікпен пайдалана білу қажет. Дегенмен, талдау көрсеткеніндей, Кекшетау облысындағы кейбір аудандарының әкімдері газеттердің редакторларын жұмыстан босату және тағайындауға шешім қабылдаған. Сондай-ақ тікелей республикалық органдарға бағынышты лауазымды адамдарға байланысты кадр мәселесін шешуге әрекет жасауды айғақтайтын фактілер де бар. Міне, осының бәрі өз өкілділігін асыра сілтеушилік болып табылады.

Кадрлар арасындағы жұмыс жайында, сіздердің назарларыңызды "Қылмыстың ұйымдасқан түріне және жемқорлыққа қарсы қуресті қүшешту шаралары туралы" жыуырда қабылданған Жарлыққа аударғым келеді. Қазіргі экономикалық жағдай, орын алып отырған әлеуметтік қындықтар, тәртіптің осалдауы, кейбір жерлерде қылмысты топтардың жемқорлауазымды адамдармен жен ұшынан жалғасуына әкеліп соғуда. Әсірсе, жергілікті бюрократияның шетелдік капиталмен қылмысты түрде жалғасуы аса қатерлі болып табылады. Басқаша айтқанда, бізге өзінің сұқтарын қадауға ниеттенген халықаралық мафияның сұық қолымен істес бола бастадық. Бұл көрініспен аяусыз курс жүргізіледі. Қазір құқық қорғау органдарын реформалау тұжырымдамасы әзірленуде. Таяу арада Ішкі істер министрлігін кадрлармен нығайту және оны қайта құру жөніндегі, ал мұның өзі сөзсіз жұмыс тиімділігін арттырады, шаралар жүзеге асырылатын болады.

Қазіргі жағдайда сіздердің әрқайсыларыңыз өз аймақтарының әкінчилігін көтерудің жолын анық білулеріңіз, негізгі бағыттар бойынша таяудағы және болашақтағы іс-қимылдардың бағдарламасы болуы керек деп санаймын. Бұл бірінші кезекте өндірістің, құрылымдың кешенінің, көліктің базалық салалары жұмыстарын тұрақтандыру, тұтыну тауарларын, азық-түлік өнімдерін өндіруді арттыру, халық шаруашылығын қолдағы бар ақшалармен қамтамасыз ету, қаржы-несие проблемасын шешуге қатысты. Ешқандай да қаулылар мен нұсқауларды құтпеніздер. Олар болмайды. Өз беттеріндеңізбен әрекет етіп, іскерлік танытыныздар. Сіздерге өздеріңізді істе көрсетуге бірегей мүмкіндік туып отыр. Сіздер жассыздар. Ел сіздердің жұмыстарыныңға бағасын береді.

Бірінші тоқсандағы халық шаруашылығы жұмыстарының қорытындысы көптеген көрсеткіштер бойынша біз үшін көңіл көншітерлік емес. Өндірістің құлдырауын әзірге тоқтату мүмкін болмады. Бұрынғы КСРО-ның басқа да аймақтарымен салыстырғанда біздегі жағдай біршама тәуір болғанымен, шаруашылық байланыстарының ыдырауындағы жалғасқан реакция біздің экономикамызға да теріс әсер етпей қойған жоқ. 1992 жылғы ақпанның аяғы мен наурыздың басындағы жағдай бойынша үстіміздегі жылға жобаланған 48,3 миллиард сом (қазіргі бағамен) өндіріс көлемінің материалдық ресурстардағы айтылған қажеттілігінен тек 16,3 миллиард сомға (33,7 процент) жеткізілім шарты жасалды, соның ішінде халық тұтынатын тауарлар шығару үшін 4,9 миллиард сом, ал қажеттісі 16,4 (29,7 процент). Тіпті Қазақстан Республикасының үкіметаралық келісімдер бойынша материал ресурстарын әкелуге бар жеткізілім шарттары барлық уақытта бірдей толық көлемде жасалынбайды. Бүгінгі таңда мұндай шарттардың тек 9,4 миллиард сом сомасына ғана қол қойылды, бұл келісілгеннің 38,6 процентін ғана құрайды.

Бұл ТМД елдерімен экономикалық байланыстарды жинап қойып, тек жаңа шетелдік серік тестерге ғана үміт арту керек дегенді білдіре ме? Мәселені бұлтай қою негізінен дұрыс емес деп ойлаймын. Мен экономикалық дағдарыстан ойдағыдай шығудың басты негізін нақ осыларды сақтаудан және нығайтудан, қазақстандықтардың тіршілік жағдайын шынайы адамдық, материалдық және рухани жағынан қамтамасыз етуден көремін.

Бұрынғы Кеңестік федерацияның мемлекеттерімен өзара қарым-қатынасты дамыту арнасында Ресеймен тең құқылыш, тату көршілік, мемлекетаралық қарым-қатынастың біз үшін сөзсіз айқындаушы маңызы бар. Мен бұл жерде Қазақстанның дәстүрлі тарихи байланыстарын ғана айтып отырған жоқпын, сонымен бірге саяси және экономикалық реформалаудың негізгі бағыттарындағы және тәсілдеріндегі, қорғаныс тұжырымдамасындағы біздің қазіргі көзқарастарымыздың сәйкес келуін айтамын. Әлдекімдер, біз тағы да біреудің шылауында кеттік немесе біреудің тәжірибесін көшірудеміз деп кінәлауы мүмкін. Бұдан мен ешқандай кемшілік көріп тұрған жоқпын. Біздің тарихымызда тек қана өз жолымен жүруді қалаған бірбеткей адамдар бол-

ған. Одан не шыққаны көпшілікке мәлім. Біз қайдағы бір шамшылдыққа бола достық қолдау мен көмектен бас тартқымыз келмейді және де біртұтас экономикалық бағытты жүргізу реформаны тек тездете түсетініне сенімдіміз. Ресей тәжірибесін көзжұмбайлышқан қайталау туралы әңгіме болуы мүмкін емес. Біздің қайта түлеуіміздің ерекшеліктері айдан анық және де олар аз емес. Мәселен, біз жерді сатуға барған жоқпыз, іс-қимыл жасауларына еркіндік беріп, мемлекеттік және жеке меншікті айқын бөліп, селода ұжымдық шаруашылықты сақтап қалдық. Біздің жекешелендіру мен мемлекет иелігінен алу әлеуметтік қорғау және тағы басқалар сияқты өз бағдарламаларымыз бар.

Осының барлығы тіпті әлеуметтік-экономикалық дамудың ең сәтті үлгісінің өзін сырттан алушың іс жүзінде мүмкін еместігі туралы белгілі қағида-ны растайды. Дүниежүзілік жыныстық тәжірибеге сүйеніп, үлттық мінездің ерекшеліктерін, көп үлтты республика халықтарының салттары мен дәстүрлерін ескере отырып, өзіміздің тұжырымдамамызың жасауымыз керек. Соңғысына сіздердің назарларыныңды айрықша аударғым келер еді.

Үлтаралық келісімді сақтау – мемлекеттік саясаттың негізгі принципі, біздер жүргізетін өзгерістердің іргетасындағы ең басты буын, онсыз ешқандай да реформа болуы мүмкін емес. Бүгінде республиканы бұрынғы КСРО-ның ең тұрақты аймағы деп атайды. Дегенмен тұрақтылық мәнгілік, оны сол-қылдату онай емес. Қазақстанда үлтаралық қатынасты өз еркімен немесе еркінен тысшиленістіруге дем беруші адамдар жоқ деп өзімізді-өзіміз жұбатсақ, онымыз әбестік болар еді. Республиканың қатықтай үйіған, тұрақты тіршілігін кейбіреулердің өз қарақан басының қамы үшін ойланбай-ақ құрбан-дыққа шалып жіберуге өзір екені құпия емес. Бірінші кезекте мен мемлекеттік дамудың моноүлттық үлгісі дейтінді жақтаушыларды айтып отырмын. Дәстүрлі көп үлтты Қазақстан үшін бұл идеяның бүлдіргіш сипаты, оның қойнына тыққан жаңа Қарабақтар мен Днестр өнірлерінің бықсыған шаласы бар.

Қазақ үлттының көп азап шеккені, қорланғаны сөзсіз, оның өкілдеріне көптеген жылдар бойы өз жерлерінде жат жүрттық таңбасы басылды, енді олардың да орыстардың Ресейде, україндардың Украинада, кез келген халықтың өз жеріндегідей, ықыластарын батыл және оны кібіжіктемей мәлімдеуге құқығы бар. Ол өзінің қайта түлеуіне, өзінің қайталанбас төл мәдениетінің ғулденуіне хақылы. Дегенмен бұл процестер Қазақстанда тұратын басқа халықтардың ортасында болып жатқан дәл осындай процестерден онаша болуы, оның үстіне олардың есебінен жүзеге асырылуы мүмкін емес. Тек қана бірге, тек қана бір отбасында болғанда ғана біз өзіміздің қажеттеріміз бен арман-мұдделерімізді жүзеге асыра аламыз. Бұл тұрғыда құшқайратты және мол қуаты бар қазақ үлтты өзімен қатар өмір сүріп жатқан халықтарға ашық, тату көршілік шын мағынасындағы интернационалдық қарым-қатынастың үлгісін көрсетуге тиіс. Бұл ретте қазақ халқы басқа халықтардан да өзіне деген осындай қарым-қатынасты қалар еді. Бірлескен, өзара сыйластық жағдайында өмір сұру идеясы бүгінде барлық континент-

терде, барлық өркениетті әлемде басымдық алып отыр. Сондыктан да, қазір, Қазақстан әлемдік қоғамдастыққа қарай алғашқы сәтті қадамдарын жасаған кезінде, оған тең құқықты және лайықты мүше ретінде өзінің енгісі келетіндігін мәлімдеп отырғанда, тұргылықты халыққа жалпы әлемдік дамудың прогрессивтік тенденциясына өздерінің адалдығын көрсету, осының бәрін толығымен бөлісетіндігін және қолдайтынын сенімді түрде дәлелдеуі ерекше маңызды. Дәлелдердің ең жақсысы – біздің республиканың қасиетті жеріндегі тұрақтылық пен тыныштық.

Мы сегодня не можем сказать о том, что произойдет в ближайшем будущем с Содружеством Независимых Государств. У нас до сих пор нет нормального двустороннего договора с Россией. В то же время в непосредственной близости от Казахстана Китай испытывает свои ядерные вооружения. Мы готовы продвигаться в сторону полного уничтожения ядерных боеголовок на нашей территории. Однако мы хотим стать полноправными участниками переговорного процесса.

...Я выступаю за экономическое и технологическое присутствие Америки на территории Казахстана. Мы готовы к долгосрочному и взаимовыгодному сотрудничеству. Причем это сотрудничество не должно ограничиваться лишь процессом уничтожения ядерного оружия. Мы должны установить тесные политические, экономические и военные связи.

Однако я нахожусь в недоумении по поводу позиции США, которые обвиняют Казахстан в том, что он отказывается стать участником договора по нераспространению ядерного оружия от 1968 года. Я не понимаю, почему на Казахстан оказывается такое сильное давление. Почему Соединенные Штаты не требуют от Китая или Индии присоединиться к этому соглашению?

---

\* Газета "Казахстанская правда", 29 апреля 1992 года.

Но я готов изменить свою позицию по этому вопросу, если США выступят гарантом безопасности республики.

Казахстан проявит гибкую позицию, если США гарантируют ему неприкосновенность территориальной целостности, если будут предоставлены гарантии, что республика не подвергнется ядерным атакам со стороны либо США, либо России, либо Китая.

Госсекретарь Джеймс Бейкер во время визита в Алма-Ату заявил, что в соответствии с договоренностями США могут возложить на себя подобные обязанности и предоставить нам гарантии.

...Я выступаю за дальнейшее сохранение Содружества Независимых Государств главным образом потому, что хочу сохранить оставшиеся экономические связи между республиками бывшего Советского Союза. Я не знаю, о чем они думают, когда пытаются разрушить СНГ. Мир сейчас движется не в сторону дезинтеграции, а в сторону единства. Содружество должно состоять лишь из тех государств, которые хотят в нем состоять. Кто против СНГ, тот должен распрощаться с этим добровольным союзом.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ  
Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫң "НЕЗАВИСИМАЯ ГАЗЕТА" ТІЛШІСІ  
А. ГАГУАМЕН СҰХБАТЫ\***

*Алматы, 6 мамыр 1992 жыл*

**Сұрақ:**

– Сіз Одақты сақтау идеясын сенімді қорғаушылардың бірі едіңіз. Сіз кезінде ол мүмкіндік қолдан шығып кетті деп қазір де ойлайсыз ба?

**Қазақстан Президенті Н. Ә. Назарбаев:**

– Қазір бүгінгі нақты шындықтарды негізге алу керек. Ал ол кезде ресейлік топтар Одақ емес, қайта империя күйреді дегенді айтқан болатын. Егер осыдан аз ғана бұрын өткен күндерге шолу жасайтын болсақ, онда 1987 жылдың өзінде-ақ прибалтикалықтардың экономикалық дербестік туралы сөз қозғай бастағанын еске түсіруге тұра келер еді. Алайда ол кезде Рыжковтың үкіметі бұған тіпті де құлақ асқысы келмеді. Менің есіме Министрлер Кеңесі президиумының мәжілісі еріксіз оралады. (Мен ол кезде Қазақстанның президиумдағы өкілі болатынмын). Үкімет мүшелері ешқашан ешқандай да экономикалық дербестік болады деп дәмеленбеңдер деп қолданың бір-ақ сілтегенді ғана білді.

Ол кезде бәрі де айқын әрі түсінікті болып көрінетін. Бірақ ілгері қарай ондай қадам жасау – экономиканың орталыққа төуелділігін жою қажет еді. Біздегідей орасан зор елге басшылық жасай отырып, басқаруды бір нұктеге ғана шоғырландыруға тіпті де болмайтын. Ондай орталықтандырудың "артықшылығын" тек Орталық қана көріп келді. Республикаларда табан ақы, мәндай термен табылған табыстардың барлығы да Орталыққа қарай ағылатын, содан кейін қаржы Мемлекеттік жоспарлау комитеті арқылы, ал ресурстар – Мемлекеттік жабдықтау комитеті арқылы бөліннетін. Мұндай жағдайда біреудің біреуге ұнауы құшті рөл атқарып келді. Кімнің қанша қарпып қалуын қамтамасыз ететін механизм мұлтікісіз жұмыс істеді. Рас, жоспарлау да болатын – жоспарлар Жоғарғы Кеңестің сессияларында талқыланып жататын. Бірақ оның бәрін де талқылау деп шартты түрде ғана айтуға болатын. Формализм құшті еді, нағыз талқылаудың ұштығы мен пүштығы да көрінбейтін, жүргіттың бәрі де бірауыздан дауыс беретін, соның өзінде ақшалай және

\* "Егеменді Қазақстан" газеті, 14 мамыр 1992 жыл.

материалдың ресурстардың орасан зор көлемі артылып қалып жататын. Ал оларды жекелеген жоғары лауазымды басшылар өздерінің қалауынша бөлетін. Ондай басшылар СОКП тарапынан да, үкімет тарапынан да табылатын. Бұл жөнінде кезінде аз айтылған жоқ. Егер біз қайта құруды бастаған еkenбіз, онда республикаларға экономикалық дербестік беру, экономиканың Орталыққа тәуелділігін жою керек, сонда бәрі де басқа арнамен бағыт алатын болады дестік.

Алайда, біз олай жасаған жоқтыз, құштердің қарама-қарсылығы өрши түсті. Содан кейін Риббентроп – Молотов келісімінің сілікпесін шығара қайта көтердік, оқиғаның барысы тіпті басқаша бағыт алды, егемендікке деген қозғалыс күшейді. Прибалтиканың ізінше-ақ басқа мемлекеттер де өздерінің тәуелсіздіктерін жариялай бастады. Егемендік жариялаудың шырқау шыны 1990 жылға тұспа-тұс келді. Желтоқсан айында Кеңестердің IV съезі болып өтті. Мен онда тым қатты сөйлемдім. Сол күні кеште Горбачев телефон арқылы өзінің маған деген ренішін ақтарып салды. Жағдай күн өткен сайын нашарлай берді: ешкім ешкімді де мойында майтын болды, кедендей кедерілер жасалды, тауарлардың қозғалысына тосқауыл қойылды. Мұның нағыз экономикамен үш қайнаса сорпасы қосылмайтын еді... Қайдарғы бір айырбас, заттай өнім шаруашылығы етек алды. Республикалардың басшыларымен өткізілген әңгімелерде олардың әрқайсысының өзінше ойпікірлері бар екені айқындалды. Міне, тап сол кезде төрт республиканың – Ресейдің, Украинаның, Беларусьтың және Қазақстанның толық дербес республикалар ретінде шын мәніндегі федерация құруға әзір екендігі туралы пікір пайда болды. Бұл қауымдастыққа бесінші болып Өзбекстанның да кіргісі келді.

Сол кезде, әрине, әлі де болса әйтеуір бір өзгерістер жасау мүмкіндігі бар еді. Менің және Беларусьтың (ол кезде Беларусь Жоғарғы Кеңесінің төрағасы Николай Дементей болатын) жасаған инициативамыз бойынша біз мұндай әрекетті тіпті де жасырын түрде жасамай, кейін орын алғаныңдай, Горбачевқа тікелей барып бес республиканың одагы жаңа мемлекеттің, кәдімгі қалыпты федерацияның ұзын-ырғасын құрай алатынын айту жөнінде шешім қабылдадық. Кейіннен бұл федерацияға басқаларды да тартуға болатын еді. Алайда біздің қатарынан жасаған үш әрекетіміз де сәтсіздікке ұшырады: Горбачев (бірде Рыжковпен бірге, бірде онсыз) бұл нұсқаны тіпті де қабылдамай тастады. Осы ұсыныспен біз Ельцин екеуіміз барғанда да тап солай болып, еш нәтиже шығара алмадық. Осы кезде Горбачев Новогарев келіссөздеріне құш сала бастады. Әуелі комиссия құрылды, содан соң ол жұмысшы топтарына айналдырылды. Ол орталық әкімет билігі, президенттік басқару, ортақ үкімет болуын жақтаудан танған жоқ. Оның үстіне, біз автономиялы республикалар өкілдерінің қатысуымен бас қосқан едік, мұның өзі жұмысты өте-мәте қынданып жіберді: олардың әрқайсысы өздерін толық тануды талап етті.

Бір сөзбен айтқанда, бұдан түк те шықпайтыны әуелден-ақ белгілі болған-ды. Сөйтіп өткен жылдың ақпан, наурыз, сәуірінде үш ай бойы жүргізілген жұмыс нәтижесінде біз конфедерация құру керек деген үйгарымға келдік. Бірақ ондай шартқа бәрібір қол қойылмай қалды. Үсті-үстіне жіберілген қателіктер, біздің көңілшек қөнгіштігіміздің жағдайында елдің ең жоғарғы басшылығы ұстанған принципсіз айқындама іске қырсығын қатты тигізді. Тамыз айында не болып кететінін ешқайсымыз, соның ішінде мен де, білген жоқпаз. Егер есіңізде болса, Ельцин екі жақты келісім-шартты бекіту жөніндегі грамоталар алмасу үшін 17 тамызда Алматыға келген еді ғой. Лукъяновтың республикалардың дербестігі мен тәуелсіздігіне тіпті де жол беруге болмайды деп ашықтан-ашық айтқанын біле тұрсақ та, менде де, онда да әлдебір бүлік әзірленіп жатыр-ау деген ой болған жоқ-ты. Біз СОКП Орталық Комитетінің Новоогорев процесіне деген көзқарасының тілтен теріс болғанын да білетін едік.

Сөйтіп тамыз да өте шықты. Бір таңғаларлығы сол, тап осы кезде женіс желігіне мәз болған Ресей демократиясы шектен тыс мінез таныта бастады, олардың сөздерінде шовинизм сарыны қүшіе түсті. Сонымен не болды дейісіз ғой? Республикалардың орталықтан безу процесі қайтадан басталды. Украина өзінің тәуелсіздігін жариялау арқылы жауп берді. Міне, осыдан кейін-ақ біздің ойлаған мақсатымыздың іске аспайтыны айқын болды.

### **Сұрақ:**

– Сөзіңіз аузыңызда. Ресей басшылары сол кезде ТМД дегеніміз істің шын мәніне келгенде, жаңа ғана өзіміз айтқан төртеудің одағын одан әрі жалғастыру ғана деп даурықкан еді ғой.

### **Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев:**

– Солай деп дәлелдеушіліктің болғаны рас. Бірақ ол жөнінде кейінірек сөз етейік. Ал қазір мен оқиғаның қалай өрбігенін түгелдей есіңізге салып етейін. В съезде республика басшыларының бәрінің атынан сөз сейлеу маған тапсырылған болатын. Біз республикалар кеңесін, Одақ кеңесін құрдық. Съезд шынтуайтына келгенде жұмыс істеуін тоқтатты. Жоғарғы Кеңестің екі палаталық жүйесі ғана сақталып қалды. Біз енді мемлекеттік кеңес құрдық. Оған мемлекеттердің ең жоғары мәртебелі басшылары кірді. Міне, осы кезде мен экономикалық келісімшартқа қол қою жөнінде ұсыныс жасадым.

Алайда, Мемлекеттік кеңестің мүшелері мәжілістерде Горбачевтің өктемдікпен баса-көктеуіне наразылық білдіре бастады. Сондықтан да КСРО президенттің ақ басқосу тіпті қажет болып бара жатса, Мемлекеттік кеңестің өз төрағасын сайлап алу жөнінде ұсыныстар да естіліп қалды.

Экономикалық келісімшарт жасауға байланысты проблемаларды талқылау үшін ендігі жерде мемлекеттер басшыларының кездесуін өткізу қажеттігі айқын сезілді. Республикалардың басшыларымен кездесіп, пікір алысқаннан кейін біз ондай құжаттың жобасын да жасай бастадық. Мен

Мемлекеттік кеңестің мүшелерін Алматыға шақырдым. Мұнымды Горбачев ұнатқан жоқ. Ол Алматыға келмеді, оның орнына Мемлекетаралық экономикалық комитеттің басшысы ретінде Силаев келді. Онымен бірге Явлинскийдің тобы да жұмыс істеді. Әділін айту керек, ол топ тамаша құжаттар өзірледі. Сөздің ретіне қарай айта кетейін, біздің 11 мемлекет және үкімет басшысын жинап, экономикалық келісімшартқа қол қояымыздың сәті түсті. Соның арқасында былтырғы 1 қазанда Алматыдағы кездесуді өткізу де мүмкін болды, ал әбден пысықтап жетілдірілген құжаттарға Кремльдің Георгий залында қол қойылды.

Міне, тап сол кезде осы мәселе төңірегінде айқай-шу көтерілді: Ресейдің Жоғарғы Кеңесінің тіпті көңілі көншімегі де, бұл әрекеттің заңды құқығы жоқ деп тапты. Бірақ, қалай дегенмен де, құжатқа қол қойды. Енді осы экономикалық келісімшартты жүзеге асыру үшін барлық республикаларға еркіндік беріп, мүмкіндік тудыру керек болатын. Бірақ, Горбачевтің бұл істі қайткен күнде де міндетті түрде саяси одақ құрумен нығайтқысы келді. Сөйтіп сол саяси одақ болмайынша, экономикалық одақ болуы мүмкін емес деп отырып алды. Ал, іс жүзінде Мемлекетаралық экономикалық комитет түрінде үкімет құрылған болатын. Оған республикалар үкіметтерінің басшылары түгел кірген еді. Сонымен банкаралық одақ, біртұтас сом кеңістігін құру, мүлікті жекешелендіру, мемлекет меншігінен алу, бағаны ырқына жіберу жөнінде үйлестірілген саясат жүргізу, кедендей және әскери келісімдер жасау қолға алына бастады. Кең көлемді жұмыс жүзеге асырылып та үлгерді. Біз республикалардың экономикасын бір-бірімен үйлестіру жөніндегі жұмыстарды одан әрі жалғастыра беру қажет деп шешкен болатынбыз.

### **Сұрақ:**

– Ол кезде жұрттың бәрін біріктіріп тұрған ең басты нәрсе өзара тәуелді экономика еді ғой...

### **Қазақстан Президенті Н. Ә. Назарбаев:**

– Иә, тап солай болатын. Мен бүкіл мемлекеттің іргетасы адамдардың қалыпты өмірін қамтамасыз ететін экономика деп санаймын. Республикадағы кейбір оппозиционерлер мені біз оқиғалардың даму барысынан артта қалып қойдық, тіпті өз тәуелсіздігімізді де жұрттың ең соңынан жарияладық деп кінәлайды. Бірақ саясат нақты өмір шындықтарын ескере отырып, жүргізілуі керек. Мен Қазақстан сияқты орасан зор көп ұлтты мемлекеттегі тұрақтылықты тап осындағы саясаттың арқасында сақтай білдік деп ойлаймын. Иә, республикалардағы қалыптасқан саяси жағдай тәуелсіздік жариялауға итермелегені рас. Алайда жарияланған тәуелсіздік тек сөз жүзінде, ізгі ниет түрінде ғана қалып, нақты экономикамен нығайтылмаса, одан не үміт, не қайыр?

Міне, біз қазір бәріміз де тәуелсізбіз, бірақ экономика біздің бәрімізді де бір арбаға еріксіз жегіп келе жатыр ғой. Егер экономикалық одақ жөніндегі

қол қойылған келісімшартты парламенттер бекіткенде онда өмір бізді басқаша бірлестікке алып баратын еді, онда әуелі қемір және болат бірлестігі құрылып, одан әрі жүргізген экономикалық интеграция Еуропалық одақтастықтың пайда болуы үшін негіз қалады. Бізде ондай процесс тіпті шапшаң жүре алатын еді. Бірақ біздің оған шыдамымыз жетпеді.

Мемлекет басшыларының алғашқы кездесуіне мен бара алмадым, оған вице-президент қатысты. Украина саяси одақ құруды қаламады. Алматыдағы кездесуде Эстония мен Латвияның өкілдері де одақтың тек экономикалық болуын талап етіп отырып алды. Олар бұл кездесуге алғашқыда тек бақылаушылар ретінде ғана қатысады қалады. Ал Ресей болса өз таралынан мәлімдеме жасап, егер Украинаның саяси одаққа кіргісі келмесе, онда одақ құру мүмкін болмайды дегенді айтты. Ал мен "жұдырық көрсетіп жүртқа жақпас болар" дегенді әрқашан қайталап айтумен келемін. Қандай одақ құру керек болса, соны қалайтын адамдармен тіл табысу қажет. Оның үстіне, құжаттарда одаққа кіретін әрбір республиканың одан ерікті түрдө, бірақ бұл жөнінде жарты жыл бұрын ескерту арқылы шығып кетуге құқығы бар екендігі айтылған болатын.

9 желтоқсанда қалыптастан жағдайды талқылау үшін бізді – Ельцинді, Кравчукты, Шушкевичті және мені Горбачев өзіне шақырды. Бірақ бұған дейін маған Борис Николаевич телефон соғып, былай деген болатын: "Келісімге қол қою үшін менің Беларусьқа ұшып барғым бар. Кравчук те ұшып келмек. Горбачевтің алдындағы соңғы кездесуге дейін не нәрсеге келісуіміз керектігін анықтап алғым келеді. Горбачевпен болатын әңгімеге Кравчук пен Шушкевичтің пікірін біліп бару керек". 8-і күні мен Внуковоға ұшып бардым. Маған Минскіден Ельцин телефон соғып жатыр деп хабарлады. Ол телефон арқылы менің бірден Беларусьқа ұшып келуімді, сөйтіп өздеріне қосылуымды ұсынды. Не үшін? Бұған Ельцин жауап берді: "Біз құжаттарды бірден осы жерде дайындал жатырмыз. Қазақстанның төртінші болып қосылуын қалар едік". Бірақ мен барған жоқтын.

Келесі күні сағат 12-де өзімен алдын ала келісілгеніндегі Горбачевке бардым. Арамызда оңаша әңгіме болады деп ойлаған едім. Сейтсем, Ельцин жолыға кетті. Кейіннен белгілі болғанындей, менің Горбачевқа баратынымды ол да білмеген екен. Оны да жеке шақырыпты...

Қазір мұның бәрі тарихтың үлесіне тиді. Алайда Минскідегі кездесуден кейін славяндар өздерінше бас қосты деген әңгіме гулеп кетті. Енді мұсылмандар да өздерінше жеке жиналатын болды десті. Ол кезде күштердің қарама-қарсылығы өте қауіпті еді, біз оған тіпті таяу келіп қалған болатынбыз. Бізде азиялық конфедерация құрудың да жобасы бар болатын. Ондай орасан зор текетірес қарсылықтың неге апарып соғатының бір құдайдың өзі ғана білетін еді. Оның үстіне Ресейде де түркітілдес республикалардың бар екенін ескермеске болмайтын. Сөйтіп, біз Ниязовтың шақыруы бойынша, Ашхабадта бас қостық және қалыптастан жағдайды талқыладық. Бірнеше жоба жасалды. Ақырында ТМД-нің құрамына өзгелермен тең құқықты мемлекет-

тер ретінде кіру керек дегенге тоқталдық. Сонымен қатар біздің құжатымызда жаңа құрылымды және КСРО-ны жоюды құқылық түрғыдан заңдастыру жөнінде ұсыныс жасалды. Беловежье кездесуінә қатысуышылар біздің ұсынысымызды қабылдаған жоқ. Мұны олар КСРО-ның негізін қалаушылар тек өздері ғана болып табылатындығымен және өздерінің парламенттері ТМД жөніндегі құжатты қазірдің өзінде бекітіп қойғандығын түсіндірмек болды.

### **Сұрақ:**

– Реті келгенде айта кетсеңіз. Достастықтың болашағы туралы пікіріңіз қандай?

### **Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев:**

– Сіз әңгіменің бас кезінде-ақ менің жаңарған Одақты жақтаушы болғанымды еске салған едіңіз. Соған сүйене отырып мынаны айтқым келеді, егер әңгіме ескі Одақ туралы болса, онда мұның өзі империяның, тоталитарлық тәртіптің әрі жалғасуы болып шығар еді. Бірақ ондай одақ туралы ешкім де сөз қозғаған жоқ. Мен қалыпты достас мемлекеттердің өркениетті қарым-қатынастары туралы айтқан болатынмын. Ал ТМД-ға келетін болсақ, қазір бізде бұған дейін қабылданған ондаған құжаттардың орындалуына бақылау жасайтын ешкім жоқ. Үйлестіруші органдар құру жөніндегі менің жасап жүрген ұсынысым мысалы, Украина үшін, империялық Орталықты қайта тудыру болып көрінеді. Ал мен ешқандай Орталық туралы бір ауыз да сөз айтқан емеспін.

Қазіргі ТМД-ның бір ғана жақсы жағы бар – ол біздің анда-санда бас қосып, пікір алысып кейбір мәселелер жөнінде келісетіндігіміз ғана. Бүгінгі қыын-қыстау кезеңде пікір алысады, кенесуді біржолата тоқтатып тастанасақ, мұның өзі тілті жаман болар еді. Өсіреле экономикалық проблемалар саласында қыындықтар туар еді. Өйткені экономика дегеніміз – өзара байланыс. Мысалы, әзге жақтағы мындаған өнім берушілерден алуан түрлі құрастыруышы детальдар алып тұратын Украинадағы, Беларусьтағы, басқа да мемлекеттердегі машина жасау зауыттары қандай жағдайда қалар еді? Сол зауыттардан машиналар мен жабдықтар алып тұратын басқалардың жағдайы бұдан да мүшкіл болар еді. Мұндай көрініс бұрынғы КСРО-ның барлық түкпіріне тән. Нарық экономикасына көшетін өтпелі кезеңде экономикадағы бейберекетсіздікті женілдете алатын үйлестіруші органдар қажет-ақ. Бірақ бүгінгі таңда ТМД-да ондай органдар жоқ. Ол ол ма, Киевтегі соңғы кездесу кезінде халық алаңға жиналып алып, Украинаның Достастықтан шығуын талап етумен болды. Оның Президенті Кравчук баспасөз конференциясында шамамен осындай әңгіме айтты. Үлken өкінішке қарай, Ресей мен Украинаның, Молдованың арасындағы қарым-қатынастар қатты шиеленісіп кетті. Заман қыын, жағдай шатақ.

Киев кездесуінен, сондай-ақ үкімет делегацияларының Оралдағы кездесуінен кейін біз Ресей басшылығымен ынтымақтастық жөніндегі кең

көлемді мемлекеттік келісімшарт әзірлеуге келістік. Онда барлық мәселелерді – экономикалық, саяси және әскери мәселелерді қамту керек. Біздің бәрімізде қол қойған Алматы және Минск келісімдерінде әрбір мемлекеттің өз армиясы, өз валютасы бола алатындығы жазылған еді. Алайда оларды құру үшін алдын ала келісімшарт процесі қарастырылған болатын. Мысалы, егер мемлекет сом аймағынан шығатын болса, онда мұның өзге көршілереңге зияны тимеуі тиіс.

Әскери мәселе жөнінде: егер Ресей мен Украина өз армияларын құратын болса, онда біздің де өз армияларымызды құруымыз керек. Содан кейін кәдімгі қалыпты тәуелсіз мемлекеттер ретінде қорғаныс одағына кіре алар едік. Ал мұның бәрін астыртын түрде жағдайды шиеленістіре түсіп, алдын ала біліп болмайтын қатерлі салдарларға ұрындыратындей етіп жасаудың не қажеті бар?

**Сұрақ:**

– Киев кездесуіне отанына қайтуға көмектесуді талап еткен қырым татарлары пикет жасады. Солардың өкілінен алған мәліметтер бойынша, сіз бұл талаптарды қолдамаған көрінесіз.

**Қазақстан Президенті Н. Ә. Назарбаев:**

– Бұл жалған. Жалпы мемлекеттер басшыларының кездесулері туралы бұрмаланған ақпарат. Бұл – кездесулердің телетрансляциясын жүргізуді ұсынуынмың бір себебі. Ақиқатында, мен қырым татарларының отанына қайту жолындағы әділ күресін әрдайым қолдап келдім. Ал енді ТМД-ның нақ қай мемлекеті және қандайлық мәлшерде бұл процеске материалдық көмек көрсетуі тиіс дейтін мәселе арнайы қарауды талап етеді.

**Сұрақ:**

– Ал Қазақстанның әскери мәселелердегі бағыты қандай? Сізден, бәлкім, ядролық қару жөнінде жиі сұрайтын шығар?

**Қазақстан Президенті Н. Ә. Назарбаев:**

– Біз Ресеймен осы мәселелердің бәрін қамтитын келісім жасайтын шығармыз деп ойлаймын. Орта Азия республикалары мен Қазақстан басшыларының Бішкектегі кездесуінде біз Ресей съезінде өз армиясын құру жөнінде жасалған мәлімдемеге сәйкес осы жағдайды қарастырдық. Сіздің есінізде болар, Ресей әрдайым бұл жөнінде ең соңғы болып мәлімдейтінін айтушы еді ғой.

Қазақстанның территориясында келісімге орай Түркістан әскери округке бағынбайтын, ТМД-ның біріккен әскерлерінің құрамына енетін дербес армия тұр. Армия қолбасшысы менің жарлығыммен тағайындалған. Егер Ресей өз армиясын құратын болса, онда әлбette, Қазақстан да солай істейтін болады. Бірақ бұл мәселе өркениетті келісім әдістерімен шешілуі қажет.

Үйлестірілген қорғаныс стратегиясы Ресейге де, Қазақстанға да керек деп ойлаймын.

Ядролық қаруға келетін болсақ, біз Алматыда Украина мен Беларусь ядролық қарусыз болады, ал Ресей мен Қазақстан ядролық қаруды өзінде қалдырады дейтін құжатқа қол қойғанбыз. Ядролық қаруды таратпау туралы келісімнің тоғызыншы бабында былай делінген: 1967 жылға дейін ядролық қару немесе қондырғы жасаған және жарған мемлекет ядролық қаруы бар мемлекет болып табылады. Қазақстан ядролық қаруды 1949 жылдан бастап сынаған және белгілі бір дәрежеде оның элементтерін жасап, өндіруге 1967 жылдан әлдеқайда бұрын қатысып келеді. Демек, Қазақстанның ядролық қарусыз мемлекет деп санауға болмайды. Ресейдің, Украинаның, Қазақстан мен Беларусьтің арасындағы келісім бойынша біз стратегиялық қару жарақтың біртұтас командованиесін құрдық, яғни Қеңес Одағы кезіндегі ядролық қарудың сол статус-квосын қалдырдық. Бұл ретте ол қаруды қолдану мәселесін енді территорияларында сол қару орналастырылған мемлекеттер шешеді. Сондай-ақ бөгөт қоюдың техникалық қондырғысын жасау, яғни қаруды қолдануға тыйым салу құқығы туралы келістік. Мұның өзі бүкіл дүние жүзі үшін де үлкен сенімділік туғызуы керек.

Қазақстан тактикалық ядролық ракеталар – СНВ-ны қысқарту туралы, ядролық қаруды таратпау туралы бұрынғы КСРО қол қойған келісімдерді мойындаиды. Оны бекітуге кірісуге өзір.

Ядролық арсеналдарды қысқарту жөніндегі бұдан кейінгі келіссөздерде Қазақстан осынау процеске қатысқысы келеді, мүмкін оны Ресейге жүктөр де. Бірақ бұл да Ресеймен арадағы келсімдерге байланысты болады.

Мынаны да ескеру керек, тіпті бәрі ядролық қаруды толық жою жөнінде келісетін болса да, оны жүзеге асыру үшін 10-15 жыл керек. Сол жылдардың бәрінде ракеталар мемлекеттердің территорияларында болады. Олай болса, біз ядролық қарусызбыз деп адамдарды алдаудың керегі не?

Егер көршілес ядролық мемлекеттермен және АҚШ-пен келісім процесі басталып, олар біздің қауіпсіздігімізге кепілдік берсе, Қазақстан өз бағытын езгертуі мүмкін.

Біз өз еркімізбен ядролық мемлекетке айналған жоқпыз, ядролық қарусыз болуға ұмтылуадамыз. Біз ядролық қаруды сынау жөніндегі дүние жүзіндегі ең ірі екі полигонның бірін бірінші болып жаптық. Қазақстанның тар ядролық қаруды сынау дегеннің не еkenін мындаған құрбандықтардың зардабы арқылы білді, олардың үрпақтары қазір де қасірет шегүде. Сондықтан да өз мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі біздің тілегіміз баршаға түсінікті болуы керек. Басқа ешқандай да астарлы ойлар бізде жоқ.

Міне, біздің бар бағыттымыз осы. Біз ядролық қару-жарақты, стратегиялық арсеналдарды одан әрі қысқарту жөніндегі келісімге қол қоюға әзірміз.

**Сұрақ:**

– Сіз ТМД-дағы Ресейдің рөлі туралы не айтасыз?

**Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев:**

– Егер мемлекеттердің көшбасшылары өздері немесе өз мемлекеттеріндегі саяси жағдай итермелуе салдарынан Достастықты нығайтудың орнына, оның қүйреуі туралы, оның ешкімге қажет еместігі туралы айтатын болса, мен еске сала кетейін: ТМД-ны құру ерікті іс болған. Мен Ресеймен үлкен келісім жасауға әзірленіп жатқанымызды айттым. Ресей мен Қазақстанның экономикада ең үлкен интеграциясы бар. Егер, мысал үшін, Қазақстанның түсті металлургиясының қуатты базасы дамымайтын болса, Ресейдің машина жасау зауыттары қалай жұмыс істемек? Егер Қазақстан көмір бермесе, Ресейдің 100-ге жуық электр стансаларын кім қамтамасыз етпек?

Өз тарапымыздан біз де Ресей экономикасына кіріптармыз. Егер Ресей оның кәсіпорындары жұмыс істегеніне мүдделі болса, онда ол осы салалардың дамуына қаржы жұмсауы тиіс. Бұл қисынды. Біз өз мүдделерімізді басшылыққа ала отырып, осындаі келісімге келмекпіз. Экономиканың қазіргі қүйреуін ескеретін болсақ, мұндай екі жақты шарттар өте құнды.

Ресейдің іс-әрекетінен оның ТМД-ны құйретуге деген үмтұлысын мен байқаған емеспін. Керісінше, біздің кездесулерімізде оны сақтауға икемділік танытуға, жағдайды ушықтырмауға үмтұлыс сезілді. Ресей сол мәжілістерде өзге мемлекеттермен өзінің тен екендігін атап көрсетіп отырды. Бүгінде, менің ойымша, Ресейге тарихтың алдында да, барлық халықтардың алдында да зор жауапкершілік жүктелген. Онсыз Беловежье құжаты болmas еді, Ресейсіз бұрнағы Одақ таратылmas еді, қазір де тәуелсіз мемлекеттердің алға қарай қозғалысындағы Ресейдің біріктіруші рөлі орасан. Бірақ қазіргідей өткір, тым ушығып тұрган уақытта, Кавказда, Днестр бойында қарулы қақтығыстар болып жатқанда, анда да, мұнда да халық босып жүргенде, Ресей басшыларына сөйлеген сездерінде де, іс-әрекеттерінде де ерекше әделтілік керек.

Мәселен, Собчакты көптен бері біліп, аса құрметтейтіндіктен де мен ешқашан одан Ресейдің тұтастығын сақтау мақсатындағы бұрынғы ресейлік губернияларға қатысты мәлімдемені күтпеген едім. Егер тарихқа бойлап көрсек, қазіргі ортаазиялық мемлекеттердің бәрі губерния, немесе губерния құқығында болған, Кавказдағы территориялар да губерниялар болған. Тіпті Финляндияны, Польшаны ресейлік генерал-губернаторлар басқарған. Мәселені бұлайша қою әдепсіздік қана емес, сонымен қатар өте-мөте қатерлі, арандатушылық болады. Ресей парламентінің депутаты Горячевтің сезі де сол шекте болды, ол Ресей халық депутаттарының соңғы съезінде Гурьев және Целиноград облыстарына байырғы Ресей территориялары ретінде талабын мәлімдеді. Мұнда енді тарихи сауатсыздық қана емес, одан гөрі күрделі қауіп байқалады.

Қазір Қазақстанға (тіпті кез келген басқа республикаларға секілді) шекаралық қандай болсын талап қоюшылық сөзсіз қантөгіске ұрындырады. Мен мұның ашық айтылуын қалаймын. Егер кімде-кім Назарбаев қорықанынан өзінің "достық рәуішін" көрсетеді деп, Қазақстан территориясының бір бөлігін тартып аламыз деп ойлайтын болса, ол қатты қателеседі.

Бүгінде әркім өз тәуелсіз мемлекетінің мұддесін қорғауға өзір. Орыстар мен қазақтар ғасырлар бойы бірге өмір сүріп келеді, бұл жерде орыстардың да, қазақтардың да ортақ тағдыры бар. Қарапайым адамдардың белісе алмайтын ештеңесі жоқ. Қазақстан тұрғындарының 35 проценті – орыстар, 40 проценті – қазақтар. Айта кетейін, түркітілдес және мұсылман мәдениетіне жататын халықтар көпшілік болып табылады. Бұған қоса жүзге жуық ұлт пен ұлыстың өкілдері – азаматтарымыз. Қазақстанның ішінде оларды ұрыстырып-керістіруге себеп жоқ. Тіпті ұлттық алауыздық туа қалғаның өзінде де, ол сырттан әкеleiнеді және мұны орыс халықының да жауығана істейді. Тұрлаулы саяси ахуал жағдайында ғана реформалар жолымен жүргүре, адамдардың өмірін жақсартып, нарық экономикасын құруға болады. Егер тұрақтылық болмаса, онда барлық реформаларды ысырып тастап, соғыспен айналысуымыз керек. Бірақ мұның кімге, Собчакқа, әлде басқа біреулерге тиімді екенін мен білмеймін. Білерім біреу ғана, қарапайым адамдарға бұл тиімсіз. Олар достық және бейбіт жағдайда өмір сүргісі келеді.

Бәзбіреулерге өзінің саяси мақсаттарына казачествоны пайдалану ынғайлы ма деген пікір туындаиды. Бізде тұрғындардың басым көпшілігі казактар болып отырған Орал облысында осындағы әрекеттер жасалуда. Казачествоның тарихына бойлағым келмейді, бұл жөнінде аз жазылған жоқ. Алайда қаншама уақыт етті, бірге тату-тәтті өмір сүріп келе жатқан адамдардың қаншама ұрпағы есіп шықты...

Қандай да болсын белгісіне қарап адамның құқығын шектеуге жол беруге болмайды деп санаймын. Мәдениетті, тілді дамытқың келсе – мархабат. Тек өзің азамат болып табылатын мемлекеттің зандарын сақтай біл.

Ресейдің көптеген облыстарында миллионнан астам қазақтар тұрады, Орта Азияда да соншасы бар. Адамдар қай жерде тұрғысы келсе, сол жердегі тұрмысы жақсы болсын. Бүгінде өздерін көбік бетінде көргісі келіп, адамдарды қантөгіске итермелейтін саясатшылар басшылыққа қалай келсе, солай кетеді. Ал халықтар, адамдар қалады. Олар бірге өмір сүріп, бірге бала-парын өсіруі керек. Қарапайым халықтың даналығы мен төзімділігіне сенемін.

Осынау қым-қыт тек қана біздің күйрекен экономикамыздан, адамдардың тарықан тұрмысынан болып отырғанына сенімдімін. Экономика – біздің бәріміз де қазір айналысуымыз керек нәрсе осы!

### Сұрақ:

– Сіздің жергілікті ұлттың мұддесін жеткілікті түрде табандылықпен қорғамайсыз деген кінәні естуінізге тұра келмей ме?

### **Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев:**

– Өрине, естіп жатырмын. Бізде үлттүк сипаттағы партиялар мен қозғалыстар бар, олар Қазақстан басшылығын интернационалдық идеяға беріліп, өз халқы туралы ойламайды деп кінәлайды. Бұған не айтартсың? Өз халқын ойлайтын кез келген саяси көшбасшы, ең алдымен, мемлекеттік тұрақтылық болуын көздейді.

### **Сұрақ:**

– Сіз Қазақстанды славян және ислам әлемінің арасындағы байланыстыруышы буын ретінде, әлде ислам әлемінің бір бөлігі ретінде қарастырасыз ба?

### **Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев:**

– Қазақстан өзінің тәуелсіздігі туралы өткен жылғы 16 желтоқсанда мәлімдеді. Біз оны қалайық, қаламайық, бірақ бұған дейін біздің Орталыққа ден қоюшылығымыз болды. Осы бес айдың ішінде республикаға өзінің геосаяси орнын және өз даму стратегиясын анықтау мерзімі жеткендігі айқын болды. Осы мақсаттарды анықтап алмасақ, біз жекелеген мәселелермен айналысадын боламыз, қателіктеге ұрынамыз. Қазір осы тәніректе ойланып, ғалымдармен, саясаттанушылармен кеңесуге тұра келуде.

Сонда әлемдегі біздің орнымыз қандай? Шығыстағы біздің көршіміз – Қытай, онымен біз темір жол арқылы байланыстамыз. Пекинде біздің Премьер-министр Сергей Терещенко қол қойған соңғы шарт бізге тығыз ынтымақтастықтың жақсы перспективасын, ең қысқа темір жол арқылы Азия – Тынық мұхиты аймағына шығу мүмкіндігін береді. Шығыспен қарым-қатынас – бұл Жапониямен және Кореямен де қарым-қатынас. Менің Үндістан мен Пәкістанға сапарым біз үшін осы аймақтың маңызды екендігін айқын дәлелдейді.

Еуропа мемлекеттерімен, олардың көшілігі Қазақстанда жұмыс істегісі келеді, біз ізгі қатынастар сақтауға үмтүлудамыз. Шығысқа бет алған барлық жолдың Мәскеу арқылы өтуі бұрынғы нәрсе ғой. Енді бұл бағыттың көбінесе Қазақстан арқылы өтетініне сенімдімін. Бізде Майндағы Франкфуртпен, Ыстамбұлмен, Қытаймен әуе қатынасы бар, Пекин арқылы Сеул мен Токиога әуе рейсін ашу жөнінде келіссөз жүргізуudemіз. Иранмен және Туркиямен жоғарыда айтқан темір жол магистралін қосу туралы келіссөз ойдағыдай жалғасуда. Осылайша Жерорта теңізіне тете жол ашылмақ. Каспий арқылы біз Иранның порттарына шыға аламыз. Парсы шығанағы аймағына мұнай-газ құбырының жобасымен жұмыс істеудеміз. Демек, біз өзімізді бүкіл әлемнің бір бөлшегі санаймыз.

Көршілермен – Одақтық бұрынғы республикалармен қатынасымыз туралы ерекше айтқым келеді. Ресеймен байланыстарымызға біз басым маңыз береміз. Мұның өзі түсінікті де. Біз ұзақ жылдар бойы иық түйістіре өмір

сүрдік, тер төгуді қажет ететін ортақ міндеттеріміз де көп. Мұндай ізгі көршілік қарым-қатынас Ресейдің де, Қазақстанның да мүддесіне сай келеді деп ой-лаймын. Бізбен рухани туыстығы, тубі бір Орта Азия республикаларымен бөлісе алмай жатқан да ештемеміз жоқ.

Қазақстан түркі халықтарына жататыны белгілі, олар мұсылмандар. Сондықтан да олардың Түркияға, араб мемлекеттеріне ұмтылысы табиғи нәрсе. Қеңес Үкіметі бізді өзімізге жақын мәдениеттен, тарихтан, тілден бөліп таstadtы... Сондықтан да жақындасу процесі заңды.

Біз ислам фундаментализміне қалай қараймыз? Біз экономикасы ашық қалыпты демократияқ мемлекет құрғымыз келеді, мұның өзі ешқандай да діни фундаментализммен мұлде сыйыспайды. Қазақстанды бүгінде жүзден астам мемлекет таныды. Олардың отызымен біз дипломатиялық қатынастар орнаттық. Олардың бәріне былай дейміз: иә, біз мұсылман әлемімен ізгі экономикалық және саяси қатынаста болғымыз келеді, мұның өзі басқа елдермен де қатынасымызға тән. Республикамызда түрлі конфессиялар бар екенін ескеруіміз керек. Діндердің тенденцияларының барлық мемлекеттік бола алмайды. Дін мемлекеттен бөлінген.

Әлбетте, болашақ геосаяси бағдарымыздың барлық егжей-тегжейін қалай айқындастынымызды алдың ала айтудың қынын. Қазақстан Еуропа мен Азияның арасындағы көпірлердің бірі немесе үлкен көпірдің бір арнасы, барлық адамдардың тең құқылышының қамтамасыз ететін бейбіт мемлекет болғанын қалар едім.

### **Сұрақ:**

– Сіздің пікірінізше, Ресейдің мұсылман әлемінен өзара қатынасының концепциясы бар ма?

### **Қазақстан Президенті Н. Ә. Назарбаев:**

– Әзірге ондай концепция жоқ, тіпті ол бұрынғы Одақтың азиялық республикаларымен қатынасында да жоқ. Ресейдің Батыс Еуропамен, Америкамен қарым-қатынастан қолы тиетін емес.

Иә, Ресей Еуропамен жұмыс істеуі керек, бірақ Батыс үшін ол әрдайым Азия болып қалады. Азия үшін ол – Еуропаның бір бөлшегі. Бір сәзбен айтқанда, геосаяси көзқарас түрғысынан Ресей Азияға деген өз бағдарын барынша байыпты да дәйекті түрде жасауы қажет. Ресей үшін осынау мемлекеттер, оның көршіліктері кімнің жағында болатыны бәрібір ме? Меніңше, Ресей саясатының бұл мәселеңдегі позициясы әзірге айқындалмаған.

### **Сұрақ:**

– Сіз республикадағы тұрақтылықты сақтауға қалай қол жеткізу десіз? Бәлкім, бұл тұрақтылық сырт көзге ғана шығар?

## **Қазақстан Президенті Н. Э. Назарбаев:**

– Бұл сұрақтарды маған жи қояды. Оған жауап беру үшін өзге республикаларда қақтығыстар неліктен болғанын талдау керек. Бәлкім, бұратана, алыс түкпір, шет аймақ және басқаша атанған шағын халықтар азаттықты, ұлттық түлеуді зарыға қуткен болар, сондықтан да осы тұрғыдан этникалық сана сезімнің оянын толық түсінуге болар. Бірақ жаңа ұлт саясатын, әсіресе көп ұлтты халқы бар республикаларда жасау қарсаңында қателіктер жіберілді. Шартты түрде айтқанда, бір халықтың проблемасын басқаларының есебінен шешу басталды. Адам құқығының басымдығы бұзылды. Алдымен – байырғы халықтың мәселелерін шешейік, сонан соң қалғандарынікін деді. Мұның өзі нақ сол байырғы ұлтты қасіретке ұрындыратынын ол кезде ешкім ойлап жатпады. Біз де Қазақстанда Егемендік туралы Декларация және қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесі туралы заң қабылдадық. Біз бұл құжаттарда ешкімді ештеңеден шектемеуге, яғни теңдікті сақтауға ұмтылдық. Ал қазақ тілін түлету керек. Ол ұмытыла бастады. Атасы баласымен ана тілінде сөйлесе алмайды. 700 қазақ мектебі жабылды. Біздің жазушыларымыз бен композиторларымыз арнап жазатын, музыка шығаратын ешкім қалмады. Сондықтан да Ресейдегі орыстар секілді Қазақстандағы қазактар үшін де ұлттық мақтаныш сезімі әбден табиғи. Осындай әділ заңдарды қабылдағаннан кейін ең бастысы – сөз бен істің арасында алшақтық болмас үшін сол заңдардың рухында іс-әрекет жасау керек.

**ИНТЕРВЬЮ  
ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА  
КОРРЕСПОНДЕНТУ "НЕЗАВИСИМОЙ ГАЗЕТЫ"\***

---

6 мая 1992 года

**"ЛЮБЫЕ ПОГРАНИЧНЫЕ ПРЕТЕНЗИИ СЕГОДНЯ –  
ЭТО НЕМИНУЕМОЕ КРОВОПРОЛИТИЕ"**

*А. Гагуа*

**Вопрос:**

– Вы были одним из самых убежденных защитников идеи сохранения Союза. Вы и сейчас считаете, что этот шанс в свое время был все жепущен?

**Президент Республики Казахстан Н. А. Назарбаев:**

– Сейчас уже нужно отталкиваться от реальностей сегодняшнего дня. А тогда в российских кругах говорили, что развалился не Союз, а империя. Если сделать экскурс в наше недалекое прошлое, то можно вспомнить, что еще в 1987 году прибалты начали вести разговоры об экономической самостоятельности. Но тогда Правительство Рыжкова и слушать об этом не хотело. Я вспоминаю заседание президиума Совета Министров. (Я был тогда в нем представителем Казахстана). Члены Правительства только отмахивались: не будет никогда никакой экономической самостоятельности.

Тогда все выглядело просто и понятно. А надо было пойти на этот шаг – децентрализовать экономику. Нельзя сосредоточивать управление в одной точке, руководя такой огромной страной. "Преимущество" из такой централизации извлекал только Центр. Все, что было заработано в республиках, вывозилось в центр, а затем средства распределялись через Госплан, ресурсы – через Госснаб. При этом вступали в силу личные симпатии, срабатывал механизм, кому сколько отхватить. Правда, было и планирование – планы обсуждались на сессиях Верховного Совета. Но это только условно можно назвать обсуждением. Царствовал формализм, настоящего обсуждения не было, все единодушно голосовали, оставался большой объем денежных и материальных ресурсов, которым распоряжались отдельные высокопоставленные руководители. Как из КПСС, так и из Правительства. Об этом много сказано, но если мы начали перестройку, надо было дать

---

\* Газета "Казахстанская правда", 14 мая 1992 года.

экономическую самостоятельность республикам, децентрализовать экономику, и все пошло бы по другому руслу.

Но этого не сделали, и конфронтация стала разрастаться. Потом раскопали пакт Риббентроп – Молотова, события приняли совсем другой оборот, началось движение к суверенизации, вслед за Прибалтикой начали объявлять о своей независимости другие государства. Пик суверенизации пришелся на 1990 год. В декабре прошел IV съезд Советов. Я очень резко высказал обиду. Дальше – хуже: никто никого не стал признавать, появились таможенные барьеры, передвижению товаров был поставлен заслон. Ничего общего с экономикой это не имело – бартер, натуральное хозяйство. И в беседах с руководителями республик было видно, что у каждого свое мнение. Тогда же и родилась мысль о готовности четырех республик – России, Украины, Беларуси и Казахстана создать настоящую федерацию с полной самостоятельностью республик. Пятым захотел, войти в сообщество Узбекистан.

В то время, кстати, еще можно было что-то изменить. Мы решили – это была моя инициатива и Беларуси (тогда председателем Верховного Совета был Николай Дементей) – не делать этого исподтишка, как получилось после, а пойти к Горбачеву и сказать: союз пяти республик может стать костяком нового государства, нормальной федерации. В дальнейшем в нее можно было бы привлечь и остальных. Но три наши попытки окончились неудачей: Горбачев (и с Рыжковым, и без него) полностью отвергал этот вариант. Мы и с Ельциным ходили к нему с этим предложением – тот же результат. Тогда же Горбачев начал форсировать ново-огаревские переговоры. Была создана комиссия, затем она была превращена в рабочие группы. Он продолжал быть сторонником центральной власти, президентства, правительства. Да еще мы собирались с участием представителей автономных республик, что очень затрудняло работу; каждая из них требовала своего признания.

Одним словом, с самого начала было ясно, что ничего из этого не получится. И вот три месяца работы – февраль, март, апрель прошлого года – подвели нас к образованию конфедерации. Но договор так и не был подписан. Череда ошибок, непринципиальная позиция, занятая высшим руководством страны при нашей податливости, очень сильно повредили делу. Никто, и я в том числе, не предполагал, что случится в августе. Если вы помните, Ельцин приехал в Алма-Ату 17 августа для обмена ратификационными грамотами по двустороннему договору. Ни я, ни он о подготовке путча не догадывались, хотя знали, что Лукьянов открыто говорил о недопустимости самостоятельности и независимости республик. Знали мы об отношении ЦК КПСС к новоогаревскому процессу – оно было резко отрицательным.

Но вот август позади. И тут, как ни странно, у Российской демократии на волне победы появились перехлесты, в речах зазвучали нотки шовинизма. Что же в итоге? В республиках вновь возродились центробежные процес-

сы. Украина в ответ объявила о своей независимости. И тогда нам стало понятно: то, что задумывалось, не состоится.

**Вопрос:**

– Кстати, российскими руководителями говорилось, что, по сути, СНГ – это продолжение того самого союза четырех, о котором Вы только что говорили.

**Президент Республики Казахстан Н. А. Назарбаев:**

– Была такая аргументация, но об этом позже. А сейчас я напоминаю, как все происходило. На V съезде мне поручили выступить от имени всех руководителей республик. Мы образовали Совет республик, Совет Союза. Фактически съезд прекратил свое существование. Осталась двухпалатная система ВС. Мы образовали Госсовет, в который вошли высшие руководители государств. Я предложил тогда же подписать экономический договор.

Однако члены Госсовета стали проявлять недовольство тем, что на заседаниях главенствует Горбачев. Поэтому стали звучать предложения собраться без Президента СССР, а если потребуется, то избрать председателя Госсовета.

Было очевидно, что нужна встреча глав государств для обсуждения проблем, связанных с заключением экономического договора.

Проконсультировавшись с руководителями республик, мы начали готовить проект этого договора. Я пригласил участников Госсовета в Алма-Ату, Горбачеву это не понравилось. Он не приехал, а был Силаев как глава Межгосударственного экономического комитета, и с ним работала группа Явлинского. И подготовила, надо отметить, отличные документы. Кстати, нам удалось собрать 11 глав государств и правительств, и мы подписали экономический договор. Благодаря этому смогла состояться встреча в Алма-Ате 1 октября прошлого года, а в Георгиевском зале Кремля были подписаны уже отработанные документы.

И тогда вокруг этого поднялся шум; Верховный Совет России был недоволен и посчитал, что эта акция неправомочна. Но все-таки документ был подписан; и надо было дать возможность всем республикам поработать над осуществлением этого экономического договора. Но Горбачев обязательно хотел закрепить дело политическим союзом, полагая, что экономический союз невозможен без политического. А ведь фактически было создано правительство в лице Межгосударственного экономического комитета, куда входили все главы правительств республик. Стали вырабатываться соглашения о межбанковском союзе, едином рублевом пространстве, согласованной политике по приватизации имущества, разгосударствлении собственности, либерализации цен, таможенные и военные договоры. Была проделана крупномасштабная работа!

Мы считали необходимым продолжать и дальше работать по координации экономик республик.

**Вопрос:**

– Главное, что всех тогда держало вместе, – это взаимозависимая экономика...

**Президент Республики Казахстан Н. А. Назарбаев:**

– Да, именно так. Я считаю, что фундамент всего государства – это экономика, обеспечивающая нормальную жизнь людей. Меня некоторые оппозиционеры в республике обвиняют в том, что мы, мол, отстаем от развития событий и даже последними объявили о независимости. Но политика должна строиться с учетом реальностей. Я считаю, что благодаря этому мы сумели сохранить стабильность такого огромного многонационального государства, каким является Казахстан. Да, политическая ситуация в республиках подталкивала к провозглашению независимости. Но что толку, если объявленная независимость является лишь декларацией, добрым намерением и не подкреплена экономически?

Вот сейчас мы все независимы, однако экономика продолжает держать всех нас в одной упряжке. Если соглашение об экономическом союзе, которое было подписано, ратифицировали парламенты, то сама жизнь подвела бы нас к объединению, как, например, в Европе; создали сначала объединение угля и стали, а дальнейшая экономическая интеграция создала базу для возникновения Европейского сообщества. У нас этот процесс мог бы пойти еще быстрее. Потому что остались тесные экономические и общечеловеческие связи, смешанные браки, друзья. Но терпения не хватило.

На первую встречу глав государств я поехать не смог, поехал вице-президент. Украина не хотела идти на Политический союз. На встрече в Алма-Ате представители Эстонии и Латвии также настаивали, чтобы союз был только экономическим. Они хотели в нем участвовать сначала как наблюдатели. Россия, со своей стороны, заявила, что раз Украина не хочет вступать в политический союз, то союз невозможен.

Я всегда говорил: насилино мил не будешь. Идти на создание какого-либо союза надо с теми, кто этого хочет, да и в документах было оговорено, что каждая республика, вступающая в союз, имеет право добровольного выхода, объявив об этом, допустим, за полгода.

На 9 декабря Горбачев пригласил нас к себе для обсуждения ситуации – Ельцина, Кравчука, Шушкевича и меня. Но до этого мне позвонил Борис Николаевич и сказал: "Я хочу полететь в Беларусь подписывать соглашение, туда прилетит и Кравчук. Прежде чем окончательно встретиться у Горбачева, я хочу выяснить, на что можно "вырулить". На разговор с Горбачевым надо прийти, зная мнение Кравчука и Шушкевича". Когда 8-го вечером

я прилетел во Внуково, мне сообщили, что из Минска звонит Ельцин. По телефону он и Шушкевич предложили мне сразу же вылететь в Беларусь и присоединиться к ним. Зачем? Ельцин ответил: "Мы прямо здесь составляем документы и хотели бы, чтобы Казахстан стал четвертым". Я не поехал.

На другой день в 12 часов, как было намечено, я приехал к Горбачеву. Думал, что у нас с ним будет разговор один на один. И вдруг вижу Ельцина. Потом выяснилось, что и он не знал, что я буду у Горбачева. Его тоже одного приглашали.

Теперь все это – история. Но после Минской встречи пошли разговоры, что славяне собрались одни. И мусульмане теперь будут собираться тоже отдельно. Конфронтация в то время была очень опасна, и мы были очень близки к ней. У нас имелся проект о создании азиатской конфедерации. Такое глобальное противостояние могло бы привести неизвестно к чему, если учесть, что тюркоязычные республики есть и в России. Тогда, по приглашению Ниязова, мы встретились в Ашхабаде и обсудили ситуацию. Было выработано несколько проектов. Остановились на том, чтобы войти в состав СНГ как равноправные государства. При этом в нашем документе содержалось предложение о правовом оформлении нового образования и ликвидации СССР. Участники беловежской встречи не приняли наши предложения, объясняя это тем, что лишь они являются основателями СССР, и что их парламенты уже ратифицировали документ о СНГ.

**Вопрос:**

- Кстати, какого Вы мнения о будущем Содружества?

**Президент Республики Казахстан Н. А. Назарбаев:**

– Вы в самом начале уже сказали, что я был сторонником обновленного Союза. Отталкиваясь от этого, я хочу сказать, что если бы речь шла о старом Союзе, то это было бы продолжением империи, тоталитарного режима. Но никто не говорил о таком союзе. Я говорил о цивилизованных отношениях, нормальных дружественных государств. Что касается СНГ... Сейчас, после того как мы приняли несколько десятков документов; следить за их выполнением некому. Координирующие органы, создать которые я предлагаю Украине, например, кажутся возрождением имперского центра. Хотя ни о каком центре речи нет.

Единственное благо от сегодняшнего СНГ – это то, что мы собираемся, общаемся, обговариваем какие-то вопросы. Было бы хуже, если бы в это нелегкое время мы вообще перестали общаться, советоваться. Особенно по проблемам экономики. Экономика – это взаимосвязь. В каком, например, положении оказались сейчас машиностроительные заводы на Украине, в Беларуси, в других государствах, которые получают комплектующие детали от тысяч поставщиков? Еще в худшем положении те, кто не получает машины и оборудование от этих заводов. Эта картина одинакова по все-

му бывшему СССР. На переходный к рыночной экономике период нужны координирующие органы. Некоторые смогли бы смягчить разлад в экономике. Этого сегодня в СНГ нет. Более того, на последней встрече в Киеве на площади целый день стоял народ и требовал выхода Украины из Содружества. Примерно об этом же говорил на пресс-конференции ее Президент Кравчук. К большому сожалению, обострились отношения России с Украиной, Молдовой. Времена непростые.

После киевской встречи, а также после встречи правительственные делегаций в Уральске мы с руководством России договорились подготовить широкомасштабный государственный договор о дружбе и сотрудничестве. Надо оговорить все вопросы – экономические, политические и военные. В алма-атинских и минских соглашениях, которые мы все подписали, записано, что каждое государство может иметь собственную армию, собственную валюту, но для их создания предусмотрен договорный процесс.

Если государство выходит из рублевой зоны, это не должно вредить соседу.

Военный вопрос: если Россия и Украина создают армию, то давайте создадим армию каждый. А затем вступим в оборонительный союз как нормальные независимые государства. Почему же это надо делать исподтишка, осложняя ситуацию, что чревато непредсказуемыми последствиями?

**Вопрос:**

– Киевскую встречу пикетировали крымские татары, требовавшие помощи для возвращения на родину. По сведениям, полученным от их представителей, Вы якобы не поддержали эти требования?

**Президент Республики Казахстан Н. А. Назарбаев:**

жүзеге асыруға ұдайы ұмтылып келді. Дегенмен, өкінішке орай біздің инициативаларымыз ТМД-дағы серіктестеріміздің көвшілігі тарапынан қолдау таппады. Сондықтан күш-куатты бірлестірудің шын жақтастары бола отырып біз қалыптасқан жағдайдан өз бетімізше шығудың жолын іздеуге мәжбүр болып отырмыз, атап айтқанда, ТМД елдерімен "интеграция" саясатынан "координация" саясатына өтуді жүзеге асырамыз. Бұл саяси бағыт абырсабырсыз және қауіпті шыдамсыздықсыз, ішкі потенциалдық мүмкіндіктерге сүйене отырып жүзеге асырылатын болады. Ал бұл мүмкіндіктер бізде жеткілікті, шынтуайтына келгенде, көптеген елдерде экономикалық қайта тулеудің жолын бастағанда бүгін біздің қолдағы барын мысқалдайының да болмағандығын айтуымыз керек.

Біріншіден, бұл іс жүзінде кез келген өндіріс түріне сенімді шикізат негізі болатын пайдалы қазба байлықтардың көптігі. Екіншіден, жерге қатысты реформаларды жүзеге асырғаннан кейін Қазақстанға тіпті, дүниежүзілік аренада азық-түлікті экспортқа шығаруда көзге түсуге мүмкіндік беретін ауылшаруашылық жері мен егістіктің кең көлемі. Үшіншіден, жеткілікті мәлшерде дамыған өндірістік потенциалдың және барлық салаларда сауатты жұмысшылар контингентінің болуы. Төртіншіден, әдеттегі күнделікті ұғым шенберіне сыймайтын, тәуекелді, барлық жаңалық атаулыны қабылдамайтын тоңмоғындық дәстүрлердің өмір сүргіштігінен, өкінішке орай, өзірге мемлекеттік қолдау таба алмай отырған бұрынғы жүйе кәдімгідей талап етпеген ғылыми идеялардың мол арсеналы, жаңалықтар мен өнертабыстар.

Сонымен, стратегиялық салдарға орай алғашқы принципті тұжырым жасауға болады: дағдарысты өршітпеуді және экономиканы қалпына келтіруді мұны жасауға мүмкіндік беретін өз мүмкіндіктеріміздің есебінен жасауымыз қажет. Біздің тарихымызда бұдан әлдеқайда нашар бастапқы жағдай болғанда да тығырықтан шыққан кездеріміз болған.

Осындай маңызы бар екінші қорытынды: экономиканың прогресшіл құрылымдық қайта құрылуы, оның технологиялық артта қалуын жою, дұрыс басым бағыттарды таңдау арқылы және оларды жекелеген салаларды дамытуға экономикалық көтермелеу механизмін құру негізінде жүзеге асырумен қамтамасыз етіледі.

### ***Қазақстан үшін материалдық өндіріс саласында басым бағыттар:***

- рынокты азық-түлікпен және халық тұтынатын тауарлармен толтыру;
- құрылымдық және құрылымдық индустриясы базаларын бірінші кезекте тұрғын үй құрылышы үшін дамыту;
- түсті және қара металлургияда түпкі шектерді белгілеп, экономиканың шикізаттық бағытын жою;

– ғылымды көп қажет ететін өндірістер мен машина жасауды дамыту, диверсификациялау және қажет болған жағдайларда қорғаныс кәсіпорындарын конверсиялау;

– экологиялық таза технологияларды енгізу;

– осы заманғы инфрақұрылымдарды (көлік, байланыс, энергетика, туризм, қонақ үй жүйесін) құру болып табылады.

Басым бағыттарды жүзеге асырудың нақты формасы индикативтік жоспарға негізделген және оларға қатысадының негізінде жаңа үйлемдастыру құрылымдары құрылатын арнайы мемлекеттік бағдарламалар болады.

**Республикада атапған басым бағыттарды ескере отырып, төмендегі мемлекеттік бағдарламаларды талдап жасау және жүзеге асыру міндеті түр:**

– рынокты тұтыну тауарларымен азық-түлікті қоса алғанда, толтыру бағдарламасы;

– Қазақстанның экспорттық потенциалын дамыту бағдарламасы. Ол табиғи түрде өнеркәсіптегі ғылымды көп қажет ететін өндірістегі қорытынды бөлісті аяқтаудың, қорғаныс кешендері кәсіпорындарын дамыту мен қайта құрудың проблемаларын өзіне қосып алады;

– бір мезгілде валюта ресурстарын үнемдеу мәселесін де шешетін импортты ауыстыратын өндірісті дамыту бағдарламасы;

– құрылышты өрістету және тұрғын үйлерді сату бағдарламасы. Ол тұрғын үй проблемасын шешу идеологиясын өзгертіп және шын мәнінде тұрғын үй рыногын құруы керек. Бұл өз кезегінде бізге өте маңызды рыноктық инфрақұрылымды құратын – олардағы іскерлік белсенділіктің дамуы мен құлдырауына байланысты бір саладан екінші салага, бір аймақтан екінші аймаққа олардың ауыс-түйісіне жол ашатын жұмыс күші рыногының болуына мүмкіндік береді;

– инфрақұрылымды дамыту бағдарламасы.

Экологиялық проблемалар шетелдік инвесторлардың қатысуымен және олардың көмегімен аса жаңа технологияларды пайдалану арқылы айтылған барлық проблемаларды жүзеге асыру барысында шешілетін болады.

Экологиялық жүйелерде экологиялық апартарды, авариялар мен басқа да сәйкесіздікті болдырмау мақсатында әрбір жобаға алдын ала білікті сарап жасалуға тиіс. Бізге өз мамандарымыз өзірге жетіспейтіндіктен, ұзақ мерзімді негізде шетелдік фирмалардың қызметіне сүйенуге тұра келеді. Ал олар шарттарға сарапшы болудан және консультациялар беруден өзге біз үшін экологиялық жағынан қауіпсіз технологияны таңдайтын кадрлар дайындауға көмектесетін болады.

Бүгінгі таңдағы басты міндет – адамның еңбек етіп табуға ниет ауып, нарықтың жасампаздық рөліне сенуі үшін еңбекке деген ынталысын түлету керек. Оның бірден-бір жолы тауар молшылығын жасау. Бастапқы кезде

адамдарға ең болмаса өздерінің талғам талап өтпейтін бірінші кезектегі сұранысын, әсіреке азық-түлік тағамдарына деген сұранысын еркін қанағаттандыруға мүмкіндік беру.

Сондықтан барлық стратегиялық басымдықтардың көш басында агрономеркесіп кешенін дамыту, оны дәйекті де батыл реформалау, сондай-ақ тұтынурын өнеркесіп тауарларымен толтыру шаралары жүретін болады.

Бұл міндетті шешуге үкімет жасап жатқан шағын село индустриясын дамытудың үлттық бағдарламасы қызмет етеді. Соған сәйкес Қазақстанның селолық аудандарында жинақы жабдықтардан 1100-1200 шағын кәсіпорындар мен қала индустриясының отау филиалдары салынады. Бұл ауыл шаруашылығы шикізатының ысырабын азайтуға, жергілікті жерде жоғары сапалы түпкі өнім шығаруға, село жастарына арнап беделді жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді. Бағдарлама селолық жерлерді индустриялық түргыдан жаңғыртуға, селолық инженер-техник интеллигенция мен бизнесмендер жігін нығайтуға жәрдемдеседі.

Мұнымен қатар жоғарыда аталған түргын үй бағдарламасы жасалып, жүзеге асырылады.

Бір жақсысы екі бағдарламаның да басында нарықтық елдерде қабылданғандай, банкілер тұратын болады. Бұл мақсатқа кәсіпорындар, жергілікті әкімшіліктер мен азаматтар тарапынан акционерлік қаржылар жұмылдырылады.

Республикаға сондай-ақ өнімнің жекелеген түрлері мен өндірістер бойынша нысаналы бағдарламалар қажет, олар кейіннен дүниежүзілік экономика саласында Қазақстанның "сөресін" құрып, тұрақты мемлекеттік қолдау обьектісіне айналады.

Біздің потенциалымыз тауарлардың 10-15 түрі бойынша және жоғары технологиялардың 3-5 түрі бойынша лидерлікті бөлісуге мүмкіндік береді ғой деп ойлаймын.

Осы айтылған барлық үлттық бағдарламаларды АҚШ-тың тәжірибесін бойынша Қазақстан Республикасының жекелеген зандары түрінде хаттау керек.

Нарықтық экономикасы дамыған мемлекеттер тәжірибесін басшылыққа ала отырып, бізге белгілі бір кезең ішінде Қазақстан экономикасының дамуына үкімет тарапынан тұрақты талдау мен бақылау жасау мақсатында индикативті сипаттағы қысқа-орта-ұзақ мерзімді жоспар-болжамдар практикасын енгізу қажет.

Стратегияның маңызды элементі Қазақстанның қайта түлеуі мен дамуының қарқыны болмақ.

Дүниежүзінің бірқатар елдерінде жедел экономикалық өсу стратегиясы ойдағыдай жүзеге асырылған. Олардың қатарында – ГФР, Жапония, Оңтүстік

Корея, Сингапур, Тайвань, Гонгконг бар. Бұл мемлекеттердің бастапқы кезіндегі жағдайы, теңіз бен мұхит жолдарына тікелей шығу мүмкіндігі болғанынан басқасы, бүтінде Қазақстанның қолында бар нәрселерден көш артта болатын.

Осыны басшылықта ала отырып, сондай-ақ ғылым, жаңа технологиялар мен басқару, интеграция, дүниежүзілік шаруашылық байланыстары саласындағы мегатенденциялардың күшеюін ескере отырып, Қазақстанның жаңа жағдайға өтуі мерзімін 15-20 жылға дейін қысқартуға болады.

Біз бұл жолға өзіміз үшін, біздің балаларымыз бен немерелеріміз үшін түсуге тиіспіз. Олай болса бұл өзіміздің еңбек ыргағымызды арттыра түсуге тиіспіз дегенді білдіреді, өйткені даму және прогресс жолы қарапайым да жалғыз – ол қол жеткізілгеннен үнемі асып тусу.

Ал осы кезде біздің көвшілігіміз шөп басын сындырмай немесе кеше істелгенге ештеңе қоспай алға жылжығымыз келеді. 1990 жылғы дерек бойынша Қазақстан өнеркәсібіндегі еңбек өнімділігі Пәкістандағыдан, Тайландтағыдан, Туркиядағыдан және Ирандағыдан төмен. Сондықтан қажырлы жанқиярлық еңбекке үндеу бізге кезекті насиҳаттық ұран ретінде емес, қайта егер біз шындал аяғымыздан тік тұрып, қалыпты өмір сүргіміз келсе, төтенше және қатаң қажеттілік ретінде керек. "Жолбарыстар" жалқаулардан емес, қайта инициативалы да ізденімпаз, жұмысқа қабілетті де шыдамды адамдардан өсіп шығады. Біз Қазақстанда нақ осындағы міндет қойып отырмыз және оны шешуге тиіспіз. Тағдырдың өзі беріп отырған мүмкіндікті үйстап шығаруға болмайды, ал бұл үшін барлық объективті негіз бар.

"Жедел даму стратегиясы" бүкіл қоғамның, Қазақстанның өзінің Отаны деп есептейтін және өтпелі кезеңнің ауыртпалығы мен болашақ әл-ауқатының қуанышын онымен бөлісуге әзір әркімнің экономикалық санагерлігіне айналуы керек.

Нарықтық экономика арнасымен, мінсіз "kestемен" журу керек, онда өзінің кезеңдері мен оған сай келетін нақты міндеттер бар. Маган ол мынадай болып көрінеді.

Бірінші кезең. 1992-1995 жылдарды қамтиды және макроэкономикалық тұрактандырудың екі негізгі процесімен сипатталуға тиіс: олар меншікті мемлекет иелігінен белсенді түрде алу, оны жекешелендіру және тұтынурын тауарлармен толтыру.

Меншікті реформалау бұл уақыт ішінде белгілі бір формада мемлекеттік меншіктің барлық объектилерінде, стратегиялық маңызы бар және ұлттық қауіпсіздікты қамтамасыз ететіндерінен басқасында іс жүзінде жүргізілуға тиіс. Бұл орайда экономиканың әртүрлі саласының шағын және орташа көсіпорындарын жекешелендіру негізінен 1994 жылдың ортасына қарай аяқталуға тиіс.

Қызмет көрсету саласы мен тұрғын үй секторының объектилерін 1993 жылдың аяғына дейін жекешелендіріп болған жөн.

Бұл шаралар монополияға қарсы белсенді саясатпен үштаса келіп, же-кеменшік секторы мен меншік иесі – кәсіпкерлерді нығайтуға жәрдемдесетін болады. Сондай-ақ озық технологиялық жобалар үшін шетел инвесторла-рына жерді ықшамдаپ концессияға, ұзақ мерзімді жалға беру мен сатуды практикаға енгізу қажет.

Атап етілгендей, экономиканы жандандыру мен өрге бастыру сатысы үшін бастапқы құш бірінші кезекте біздің ішкі мүмкіндітерімізге негізделген, сондықтан оларды толтастыру механизмін табу, кәсіпорындардың жалғасып келе жатқан ведомстволық және салалық бытыраңқылығын жою, олардың технологиялық және экономикалық интеграциясын тиімділікпен іске қосу, бұған кәсіпкерлік бизнес саласын қатыстыру аса маңызды.

Мұнымен қатар үстіміздегі жылдың өзінде үкімет шетел инвестицияла-рын қатыстыру мен пайдалану, таңдалған стратегия мен басым ба-ғыттарды ескере отырып, импорттық технологияларын әкелу мен игеру бағ-дарламасын жасауы керек.

Мемлекеттік несие бөлігінде мұндай бағдарлама валютамен өзін-өзі өтейтін жобалар үшін шетел инвестицияларын салмақты және экономикалық жағынан дәлелді қатыстыруға, сыртқы қарыздың қауіпті көлемде көбе-юіне жол бермеуге, сондай-ақ мемлекеттің алтын және валюта қорын мақ-саткерлікпен қалыптастыруға мүмкіндік береді. Дүние жүзінде қабылданған шетел және Қазақстан кәсіпкерлерінің капитал салуын сақтандыру жүйесін енгізу керек. Мұның өзі несиені дер кезінде қайтаруға және Қазақстан үшін сенімді серіктес беделін жөніп алуға кепілдік беретіні де маңызды.

Сонымен қатар ғылыми зерттеулердің қысқа мерзімін, жоғары қайтары-мын, коммерциялық өнімді тез алушы қамтамасыз ететін дүниежүзілік дең-гейдегі жаңалықтарды анықтау және алмасымды кәсіпкерлікті дамыту мақ-сатымен республиканың ғылыми-техникалық потенциалына егжей-тегжейлі тексеру жүргізу қажет.

Болашақ технологиялық үрдіс үшін алаң іс жүзінде мақсаткерлікпен да-ярлануға тиіс. Алматы мен Павлодардың іргесінде озық даму аймағы, Се-мей полигоны мен Байқоңыр космодромының негізінде халықаралық сипаттағы технопарктер немесе технополистер, Қарағандыда, Өскеменде, Цели-ноградта, Атырауда инновациялық орталықтар құру үшін объективті алғы-шарттар бар.

Екінші кезеңде (1996-2005 жылдар) экономиканың шикізаттық бағытын біртінде жою жалғасады, бірақ оның басты мазмұны көлік жүйесі мен телекоммуникацияны жедел дамыту, сондай-ақ дамыған тауар және валюта на-рығын, басқа нарықтар – капитал, жұмысшы құші, бағалы қағаздар, интел-лектикалық меншік нарығын құру болмақ.

Тынық мұхиттан Босфор бұғазына дейін тарташын Трансазия темір жол магистралінің жобасын жүзеге асыру және Алматы маңында осы заманғы

халықаралық жүк-жолаушы өуежайын салудың басым маңызы болады. Мұның өзі Қазақстанның дүниежүзілік экономикаға енуін жеделдетеді, оған Шығыс пен Батыс арасында, Еуропа мен Азия – Тынық мұхит аймағы елдері арасында өзіндік бір "көпір" болуға және сондай-ақ өзінің геосаяси міндеттерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Екінші кезең ішінде экономиканың интенсивті дамуының қозғауышы күштері мен стимулдары:

- толықанды нарықтық механизмдер;
- барлық тауар өндірушілердің шынайы еркіндігі;
- табиғатты ұтымды пайдалану;
- шапшаңдығын үдете түскен жоғары технологияларды игеру процесі мен дүние жүзі экономикасында шептерді жөніп алу;
- отандық және халықаралық бизнес саласында білікті кадр корпусы пісіп-жетілуге тиіс.

Үшінші кезең 5-7 жыл мерзімге дейін созылып, ашық үлгідегі экономиканың шапшаң қарқын алып дамуымен сипатталады, соның негізінде өтпелі кезеңнің стратегиялық мақсатына жетумен, Қазақстанның әлемдік сауда-дағы айқында масының нығаюымен және дүние жүзіндегі жаңа индустримальды елдер қатарына кіруімен сипатталатын болады.

Нарықтық қатынастардың құрылудына орай бюджет тапшылығы және валютаның өтімділік проблемасы шешіледі. Мемлекетте тек басқа құрылымдардан гөрі, бұған нарықтық құрылымдарды қосқанда, ол жақсырақ атқаратаң функциялар ғана қалады.

Бұрынғы экономикалық ақпарат жүйесі экономикадағы болып жатқан процестерді білікті бағалау үшін жарамсыз болып қалды, өйткені ол жаңа өндірістік қатынастарға жауап бере алмай отыр. Көсіпорыннан тиісті ақпарат алу мүмкіндігін көсіпорын туралы заң бұзды. Міне, сондықтан да халықаралық талаптарға бейімделген, қаржы активтерінің, төлем қабілеттілігінің жағдайын, бағаларды, өзіндік құнды және басқа көрсеткіштерді қоса алғанда, көсіпорындардың обьективті ақпараттарды статистика және банк органдарына беріп тұру міндеттін заң жүзінде бекіту қажет.

· Өтпелі кезең стратегиясының мазмұны мен мақсатының толық орындаудына байланысты Қазақстанның дүниежүзілік қоғамдастықтағы жаңа сапасы мен жаңа рөлін ескере келіп, басқа стратегиясын талдап жасау қажеттігі келіп туады.

### **Әлеуметтік даму стратегиясы**

Экономика саласындағы міндеттерді жүзеге асыру әлеуметтік даму мәселелерімен тығыз байланысты. Тұтынурын толтыру және азық-түлік молшылдығын жасау, сонымен бір мезгілде экономиканы тұрақтандыру мен

халықтың тұрмыс деңгейін көтеру, әлеуметтік шиеленісті төмендешу міндетін шешетінін айтсақ та жеткілікті.

Ең алдымен, инфляцияны жандандыруға және сөйтіп халықтың нақты табысын азайтуға байланысты себептерді бәсендештегін шаралар қолданылатын болады. Мұның өзі бір-бірімен байланысты екі жолмен жүзеге асырылады: бірінші – тауарларды өндіру мен қызметтерді ұсынуды кеңейту; екінші – табысты ағымдағы тұтынудан (құнды қағаздар, тұрғын үй құрылышы, ұзақ мерзімге пайдаланатын заттар және т. б.) алып шығу үшін оның өсуін тоқтатпау және байлап қоймау.

Қазақстан халқын әлеуметтік қорғау мемлекеттің өтпелі кезеңдегі стратегиясының бел ортасында болады:

– ең алдымен, еңбекке қабілетсіз және дәулеті аз жіктерді – зейнеткерлерді, мүгедектерді, көп балалы отбасыларын, окушы жастарды мемлекеттік қолдау және әлеуметтік жебеу жүйесін құру;

– ғылымға, мәдениетке, білім беруге және денсаулық сақтауға мемлекеттік қолдау;

– жұмыссыздық жөніндегі әлеуметтік кепілдікті қамтамасыз ету.

Біз өзірше нарықтың жұмыссыздық сияқты қатерлі "қақпанын" жете бағапамай келеміз, ейткені ол кәсіпорындардың қымбатшылықтан және тұтыну құранымының азауы салдарынан жаппай банкрот болған жағдайда шапшаң қарқынмен арта түспек. Міне, сондықтан да өр облыс пен қала қосымша жұмыс орнын құру жөніндегі бағдарламаны жасау ісімен шұғылдануға тиіс. Бәсекелестік, банкроттық пен жұмыссыздық нарықтық жүйенің сөзсіз белгілері болып табылады.

Жұмыссыздықтың теріс салдарын мүмкіндігінше азайту үшін жұмыспен қамту қызметіне елеулі көніл бөлінетін болады. Осы мақсатпен мамандар мен жұмысшыларды қайта даярлау жүйесі нығайтылып, тұрғын үй рыногы құрылады және қазіргі Қазақстанның ішіндегі және одан тысқары жерлерге басқаруға келмей отырған адамдардың көшіп-қонуының өркениетті ауқымы енгізілетін болады;

– экологиялық ерекше дағдарысты және шалғайдығы аудандарда тұратын халықта өтем қолдауы;

– ойластырылған демографиялық және иммиграциялық саясат жүргізу, ол бір жағынан халықаралық нормаларға қайшы болмауы қажет, екінші жағынан шапшаң дамудың стратегиясы табысқа жете қалғанда, республикаға шетел жұмысшы күшінің жаппай ықтимал ағылуы жағдайында жергілікті халықтың мүддесін қорғайтын болады.

Әлеуметтік қорғаудың осы бағыттарын жүзеге асыру, ең алдымен, бюджеттен қаржы бөлу есебінен және өр алуан әлеуметтік қорлар мен қайырымдылық қаржылары арқылы жүзеге асырылатын болады.

Ақшаның құнсыздану серлінін ескере отырып, зейнетақы мен еңбекақының ең аз мөшері оларды көбейту жағына қарай жүйелі түрде қайта қаралып отырады.

Зейнетақы мен жәрдем алатын адамдарды төлем құралы ретінде үлттық металл тенгелерді пайдаланатын арнаулы дүкендер арқылы кепілді қамтамасыз ету мәселелері пысықталып жатыр.

Экономиканың дағдарысқа ұшырауы жағдайында, ең алдымен, өндірістік емес сала, бәрінен бұрын халықтың интеллектуалдық құш-куаты жинақталған сала зардап шегетіні белгілі. Мемлекеттің барлық мүмкіндігін пайдалана отырып, мұнда орташа еңбекақыны өндірістік саладағы орташа еңбекақыға жақындуат үшін шаралар қолданылады.

Бүкіл өтпелі кезеңге халықтың әлеуметтік шетін контингентіне негізгі медициналық қызметтерді, сондай-ақ білім алушын тегін болуын қамтамасыз ету сақталады. Жоғары мектептер мен техникумдар жүйесінде ақылы оқытуды енгізу қатаң мөшерлі түрде жүргізілуге тиіс, онсыз білім алуға тек ауқатты адамдардың ғана қолы жетуі мүмкін.

Әлеуметтік жауапкершілігі жоғары әрі ісі онынан туып тұрған кәсіпкерлер халықтың кедей, еңбекке қабілетсіз жігіне көмекке келуге тиіс. Әсіресе, өтпелі кезеңде ондай адамдардың тығырықта тірелген, шарасызыңда қысқа мерзім ішінде шағын бизнеске орта және ұзақ мерзімге несие берудің нақты жүйесін құру міндеті түр. Өйткені кәсіпорындардың жоғары деңгейдегі шоғырлануына байланысты шағын кәсіпорындардың үлесі ете азғантай болып табылатын Қазақстан үшін оның зор маңызы бар. Ал шын мәнінде осы шағын кәсіпорындар өзгермелі нарықтық жағдайға басқаларынан ғері бейімделгіш келеді ғой.

Біздің дәстүрлерімізben тіпті халықтың ауқатты бөлігінің мәредегі тұрмыс жағдайының деңгейін еске алғанда, жеке меншіктің шешуші рөл атқаруы үшін көп уақыт қажет. Міне, сондықтан, бізге ұжымның құндылықтары мен пәрменді әрекеттерінен және кәсіпкер-еңбеккердің тиімділігінен бас тартудың қажеті жоқ. Кәсіпкерлікті қорғау, оның ішінде шетел капиталының қысымынан қорғау, оларға қатысты тоңмойындылықтың өктемдігін шектеу өтпелі кезеңнің қажетті әрі маңызды элементі болып табылады.

Азаматтарды қосымша қорғау шарасы ретінде ерікті зейнеткерлік қамсыздандыруды енгізу көзделіп отыр.

Жалпы алғанда, өтпелі кезеңдегі әлеуметтік стратегияның құрамдас бөлігінің бірі нарықтық экономиканы әлеуметтік бағыттаудың негізінде халықтың табысы аз және кедей топтары мен жіктеріне, Қазақстанның селолық аймақтарына белгілі бір назар аудару арқылы тұрмыс дәрежесінің жоғарғы деңгейін қамтамасыз ету болып табылады.

Бүкіл әлемде қабылданғанындағы, еңбек ақысы жоғары, мемлекетпен ұзақ мерзімге еңбек шартын жасайтын және еңбек сінірген жылдар үшін сыйлықақы алатын мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік мәртебесі мен бейнесі елеулі түрде жоғары көтерілетін болады. Олардың көпшілігі еңбек ақысының аздығына байланысты коммерциялық құрылымдарға қазірдің өзінде кетті немесе кетуге әзірленуде. Егер осы процесті тоқтатпасақ, онда тек мемлекет қызметкерлері ғана қолдап, жақтап және қорғауға тиісті қоғамдық мұdde зиян шегетін болады. Мемлекеттік аппарат қызметкерлерінің кәсіби шеберлігін арттыруға бағытталған шаралар қолданылуға тиіс.

Халықтың жаңа әлеуметтік құрылымын және әлеуметтік институттарды нарықтық жүйеге тең дәрежеде қалыптастыру, сондай-ақ ұлтаралық қатынастардың тұрақтылық деңгейін арттыру қайта құрудың салдарына айналмақ.

Қысқаша түрде әлеуметтік стратегияның мазмұны мынаған келіп тоғысады:

- адамдар тұрмысының дамыған елдердің тұтыну стандарттарына жақын жаңа сапасына қол жеткізу;
- зейнеткерлерді, мүгедектерді, көп балалы отбасыларын, балалар мен жастарды, сондай-ақ басқа да аз қамтамасыз етілген азаматтарды әлеуметтік жағынан қорғаудың мемлекеттік саясатын жүзеге асыру;
- экономикалық және әлеуметтік өзгерістердің, нарықтық реформаларды жүргізуіндік, экономиканы тұрақтандыру мен өрге бастырудың өзекті факторы ретінде Қазақстан кәсіпкерлерінің әлеуметтік жігін (еңбекке жарамды халықтың жалпы санының 10-15 проценті) құру;
- жас үрпақта нарықшыл сана-сезімді қалыптастыру есебінен қоғамдағы қазыналық бағдарды өзгерту;
- жеке адамның шынайы экономикалық бостандығына қол жеткізуға мүмкіндік беретін жұмыспен қамту массивтерін ұлғайту және мемлекеттік емес құрылымдарда экономикалық сөрелер есебінен халықтың нақты әлеуметтік икемділігі үшін жағдайлар жасау;
- әлеуметтік жағынан қорғаудың қосымша арналары ретінде сақтандырудың сан-салалы жүйелерін дамыту;
- арнаулы қорлардан қаржы бөлу және шаруашылықты жүргізуіндік женилдікті тәртібі есебінен Қазақстанның ішіндегі артта қалған аймақтарды әлеуметтік жағынан даму деңгейіне тарту.

Әлеуметтік стратегияны іске асыру мерзімі экономикалық даму стратегиясын жүзеге асыру мерзімімен сай келмейді, өйткені әлеуметтік стратегия қоғамның әлеуметтік құрамындағы құрылымдық өзгерістермен ғана емес, сондай-ақ қоғамдық сана-сезімді қазыналық тұрғыдан қайта бағдарлаумен де байланысты, ал ол экономикалық және әлеуметтік жағынан негұрлым белсенді жаңа үрпақ өмірге келмейінше мүмкін емес.

Жалпы алғанда әлеуметтік өзгерістер үш сатыда өтеді: 1) қоғамның әлеуметтік жікке бөлінуі; 2) жаңа әлеуметтік құрылымдардың нарық жағдайына бейімделуі; 3) олардың өзара қосылуы және ұтымды өзара іс-әрекеті. ГФР-дің соғыстан кейінгі қайта түпеу тәжірибесін пайдалана отырып, Қазақстан үкіметі қоғамның табыс деңгейі бойынша жікке бөліну процесіне қарамастаң, бұл айырмашылықты парасатты ең аз мөлшерге жеткізуге тырысады. Бұл үшін қажетті экономикалық тұтқаларды әлі жасауға тура келеді.

Әлеуметтік даму стратегиясын жүзеге асыруға ықпал ететін он сипаттағы да, теріс сипаттағы да факторлар туралы бірер сөз айта кету керек. Олардың біріншісінде:

- түбебейлі өзгерістерге кіріскең көптеген елдермен салыстырғанда, индустрияландырудың негұрлым жоғары деңгейі;
- республика халқының біршама жоғары білім деңгейі;
- міндепті негізгі орта білім, тегін медицина, базалық мәдени қызметтерге қол жетушілік және т. б. түріндегі мемлекеттік әлеуметтік қолдаудың дамыған жүйесі;
- болашақ орта жіктің ықтимал негізін құрайтын интеллигенция мен басқаруышылардың бұқаралық әлеуметтік топтарының болуы;
- мемлекеттік аппараттың жоғары жігін ұтымды бағдарлау, атқаруыш органдар артықшылығының уақытша қүшейінде мұның маңызды мәні бар;
- қандай да болмасын аймақтық блоктарға қатыстырылмаудан туған геосаяси таңдаудың салыстырмалы еркіндігі.

Психологиялық масылдықтың сақталуы, халық пен әлеуметтік даму ресурстары таралуының аймақтар бойынша күрт біркелкі болмауы, өндірістік аппараттың артта қалуы тежегіш кезеңдер рөлінде әрекет етуі мүмкін.

### **III. СЫРТҚЫ САЯСАТ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК САЛАСЫНДАҒЫ СТРАТЕГИЯ**

#### **Сыртқы саясаттың жалпы проблемалары**

Егемендік алып, Біріккен Ұлттар Ұйымына және көптеген халықаралық ұйымдарға мүше болған Қазақстан өзі үшін жаңа проблемалармен – өзінің сыртқы саясатының, қорғанысы мен қауіпсіздігінің проблемаларымен, дүниежүзілік экономика мен дүниежүзілік қоғамдастыққа дербес ену проблемаларымен бетпе-бет келіп отыр.

Халықаралық сахнаға шыққан Қазақстан сапалық тұрғыдан өзге ортаға сұнгіл кетті, ал онда оның сыртқы саяси бағыты, кез келген басқа мемлекеттік сияқты, ұлттық-мемлекеттік мүдделер талап ететін өз қисыны бойынша дамуда. Бірақ осының барлығына қарамастаң Қазақстанның сыртқы саясаты өзімен жалпыадамзаттық зарядты да алып жүргуге міндепті. Мұның

өзі болашақта оның халқына дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орынды қамтамасыз етеді.

Қазақстанның геосаяси жағдайы мен этнодемографиялық құрамының ерекшелігі, экономикасының дамуы мен әскери құрылышының деңгейі оның қауіпсіздігін қамтамасыз етуде әскери құралдарды емес, қайта ең алдымен, өз күшіне және парасатты, салмақты дипломатияға сүйене отырып, әсіресе бұрынғы одақ республикаларының мемлекеттігі қалыптасуының қазіргі, курделі кезеңінде, саяси құралдарды басым етеді.

Кеңес империясының ыдырауы нәтижесінде мулдем жаңа геосаяси жағдай туды, онда Қазақстан Еуропаны Азия-Тынық мұхиты аймағымен байланыстыратын сыртқы саяси және стратегиялық тиімді кеңістікті алып жатыр.

Бірақ ашық теңізге тікелей шыға алмау, коммуникациялық құралдардан қашықта орналасу біздің халықаралық экономикалық байланыстарға қатысуымызды қыннатады. Сондықтан көршілес мемлекеттермен, ең алдымен, біз үшін дүние жүзі коммуникациясына енетін қақпа болып табылатын Ресеймен және Қытаймен толық сенім принципінде өзара тиімді достастық қатынастың ерекше мәні бар. Қазақстан бұған өзір. Сонымен бірге біз, әрине халықаралық әділеттілік және серіктестік негізінде барлық басқа елдермен кең байланыстарды дамытуды жақтайды.

Бізге ортақ шекарасымен, қалыптасқан шаруашылық байланыстарымен, экономикаларының өзара бірін-бірі толықтыруымен және өзара төуелділігімен қоян-қолтық араласып отырған, тарихи және мәдени-этникалық игіліктері ортақ Орта Азия мемлекеттерімен де тығыз өзара арақатынас жасау өте маңызды.

Қазақстан мен Түркия, Пәкістан, Үндістан арасында көлісімге қол қою, сондай-ақ Ашхабад кездесуінің қорытындысы (устіміздегі жылғы мамырдың 9-ы, оған Иран қатысты), Азияның осы және басқа мемлекеттерімен ынтымақтастықтың дамуы туралы айтуда негіз береді.

Серлінді дамып отырған капиталдардың, технологиялардың, шикізат және өнеркәсіп өнімдерінің нарығына еркін кіру мақсатында Азия-Тынық мұхиты аймағындағы, Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Азиядағы, Таяу және Орта Шығыстағы қосылу процестеріне Қазақстанның қатысы жандандырыла түседі. Батыс Еуропа мен Солтүстік Американың жетекші елдерімен жан-жақты ынтымақтастықты дамыту маңызды стратегиялық бағыт болып қалады.

Дүние жүзі қоғамдастығына ену саясатын нарықтық жүйенің үш басты орталығы АҚШ, Жапония және Батыс Еуропамен серіктестік мүмкіндігін тиісті бағалай отырып құру қажет және нақ осылардың дүниежүзілік шаруашылық байланыстарын қүшнейтудің қозғаушы күші болғанын есте сақтаған жөн. Олармен өзара іс-кимыл сондай-ақ халықаралық қаржы және басқа институттарына жол ашады, ал олардың рөлі дүние жүзінде айтартылғатай өсті.

Халықаралық үйымдар – Біріккен Үлттар Үйімі, Халықаралық валюта қоры, Бүкіл дүниежүзілік банкі, тарифтер мен сауда жөніндегі бас келісім, Халықаралық даму және қайта құру банкі және басқаларымен көп жақты ынтымақтастық пен тиімді қатысады біз өз қоғамымыздың ашықтығына деген бағыттың, экономикалық және үлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытының қисынды жалғасы ретінде қараймыз.

Басқа елдермен сауда-экономикалық қатынастарды дамыту, осы қатынастарды барынша диверсификациялау үшін Қазақстанға қазіргі заманғы халықаралық құқыққа сәйкес өзі үшін тенізге бөгетсіз шығуды баянды етуі қажет.

Бұл құқықты көршілермен екі жақты шарттарда және келісімдерде баянды етпейінше және нақтыландырмайынша Қазақстан тәуелді жағдайда болады, ал ол тек оның экономикалық қана емес, сондай-ақ саяси дербестігіне де нұқсан келтіруі мүмкін. Өз тарапымыздан біз, өзіміздің әуе кеңістігіміз, сондай-ақ территориямыз (темір жол және автомобиль магистральдары) адамдар мен тауарлардың барлық бағытта транзитті жүріп-тұруы үшін пайдаланыла алатынның кепілдік береміз. Сонымен бірге, бір Каспий, оңтүстік арқылы Жерорта және Қара тенізге шығу мүмкіндігін пысықтап жатырмыз. Қытаймен, Иранмен және Туркиямен арадағы Тынық мұхиттан Жерорта тенізіне дейін транзитті темір жол магистралін құру туралы қол жеткізілген уағдаластықтың маңызды мәні бар.

Осылармен қатар ТМД-ға қатысушылармен екі жақты шарттар және келісімдер шенберінде шекаралардың ашықтығы, азаматтардың жүріп-тұру бостандығы мен ақпарат беру принципін қабылдап, жүзеге асыру қажет.

Шарттарда қауіпсіздік (әскери, экономикалық, экологиялық) кепілдіктер, әр жақтың бір-біріне қандай да болмасын түрде соның ішінде екінші бір жақ-пен көршілес үшінші елдің территориясын, территориялық сұы мен әуе кеңістігін пайдалану арқылы, күш қолдану немесе күш қолдануға қоқан-лоққы жасамау міндеттемесі баянды етілуі керек.

Үлттық қауіпсіздікті құру кезінде біз екі держава – Ресей мен Қытайдың "түйіскең жеріндегі" өзіміздің геостратегиялық жағдайымызды басшылыққа аламыз. Ол ұжымдық қауіпсіздік жүйесіне қатыса отырып, өзіміздің қорғаңыс құрапдарымызды үйлестіру негізінде қамтамасыз етілуі мүмкін.

Қазақстанның қауіпсіздік жүйесі аймақтық және планеталық қауіпсіздік жүйесінің құрамдас бөлігі болуы керек.

Географиялық, саяси, этникалық және басқа тарихи факторлардың нәтижесінде Ресеймен қатынас біз үшін ең маңызды мәселе болып табылады. Ресеймен өзара қарым-қатынаста біз қажет болған жағдайда онымен өзара қауіпсіздік туралы келісімдер мен ұзақ мерзімді шарттар жасауға тырысамыз және бұл орайда оның да бұған деген қарымта мүдделілігіне сенім аратымыз.

Варшава шарты үйімі тарағаннан кейін қазіргі заманғы дүние жүзінде НАТО-ның рөлі жаңаша көрінеді. Онда біздің жақындастырылған міндеттің алдын алу міндеті бар – Шығыс және Орталық Еуропа мен ТМД елдерінің демократиялық дамуына жәрдемдесу, өзінің мүмкіндіктеріне қарай аймақтық қақтығыстардың алдын алу міндеті бар. НАТО, сондай-ақ Еуропа қоғамдастыры да, бұрынғы Одақтың республикалары арасындағы өзінің ықпалын кеңейтуге мүдделі. Үстіміздегі жылғы сәуірдің 1-інде НАТО-ның штаб-пәтерінде өткен қорғаныс министрлері мәжілісінде қабылданған мәлімдемеде бұл үшін арнайы құрылған – Солтүстік Атлантика ынтымақтастыры кеңесі шенберінде қорғаныс саласындағы диалогты, серіктестік пен ынтымақтастықты, сондай-ақ екі жақты байланыстар мен алмасуларды дамытуға әзірлік көрсетілген. НАТО-ға мүше елдер осы мақсатта өздері жинаған айтарлықтай сараптық потенциал мен қорғаныс сипатындағы мәселелерді шешу тәжірибесін беруге міндеттеме алды.

Осыны ескере отырып біз НАТО-мен байланысты кеңейтетін боламыз. ТМД шенберіндегі әскери ынтымақтастыққа немесе екі жақты әскери байланыстарға зиян келтірмей, олардың саласы мен шегін айқын белгілейміз.

Әскери байланыстарды қатаң салыстырылған шенберде диверсификациялау, Еуропа қауіпсіздігі жүйесіне белсенді қосылу республика мүддесіне сай келеді. Хельсинки Қорытынды актісінің он принципінің арасында – шекаралардың мызғымастыры, мемлекеттердің территориялық тұластығы мен күш қолданбау немесе күш қолданамын деп қоқан-лоққы жасамау бар. Бір осының өзі Қазақстанның НАТО-мен байланысты кеңейту және Еуропадағы Қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі кеңестің жұмысына қосылу ниетін ақтайды, ал біз бұрынғы одақтың құқықты мирасқорларының бірі ретінде кеңеске қатысуши болып отырмыз.

Қазақстан территориясында орналасқан ядролық қару Ресеймен, АҚШ-пен, ал болашақта қалған ядролық державалармен шарт процесі шенберінде оны айтарлықтай қысқартқаннан кейін де өзінің қорғаныс міндеттін орындаудың жалғастыра беретіні айқын және Қазақстан шарт процесі нәтижесінде ядролық қарудан бос аймақ болады. Өз қауіпсіздігіміздің мүддесін ескере отырып, біздің түпкі ниетіміз – ядролық потенциалсыз территориялық тұластық пен тиіспеушілік кепілдігіне ие болу.

Ислам Қазақстандағы жалғыз дін болмағанымен және бізде ислам фундаментализмі жоқ болса да, біз қазіргі заманғы халықаралық қатынастарғы оның нақты мәніне қарай "ислам факторын" назарда ұстауға тиіспіз. Діндар мұсылмандар үшін бұл діни қатынас айқында масынан, ал барлық қазақстандықтар үшін, олардың қай конфессияға жататынына қарамастан, ислам әлемінің бай елдерімен байланыстан потенциалды пайда тұрғысынан алғанда маңызды. Олармен халықаралық қатынас барлық салада өзара тиімді

ынтымақтастық үшін, әсіресе, Қазақстанның экономикасы мен бүкіл халқының әл-ауқатын көтеру үшін пайдаланылатын болады.

Алуан қырлы экологиялық қауіп біздің уақытымыздың қайғылы нышанағына айналып отыр. Қазақстан үшін басты қауіп Арапдың құргауына байланысты. Бұл тек аймақтық қана емес, сондай-ақ планетарлық та проблема – Арап Жердің биосферасын сақтауда үлкен рөл атқарады. Арап проблемасын шешу оны қорғау жөніндегі кең ауқымды және тиімді халықаралық ынтымақтастықты ұйымдастыруды талап етеді. Бұл тірі қалудың негізі және бүкіл адамзаттың имандылық міндепті.

Біздің экологиялық дипломатиямыз аймақтың экологиялық жүйені басқаруды реттейтін екі жақты және көпжақты мемлекеттік келісімдер жасауға бағытталатын болады. Оған Дунай және Рейн комиссиялары, Ұлы көлдер жөніндегі канада-американ комиссиясы мысал бола алады. Бұларда халықаралық алакаездікті және өндіріс пен ауыл шаруашылығы мақсаттары үшін су бассейндерін пайдалануға байланысты жанжалдарды реттеудің нақты механизмі жасалған.

### **Ұлттық қауіпсіздік жүйесі және әскери доктрина**

Соңғы кезде геосаяси жағдайдағы болған өзгерістерге және Қазақстанның тәуелсіздігінің жариялауына байланысты оның өз Қарулы Күштерін құру туралы мәселе туындағы, ал мұның өзі бүкіл өркениетті дүниеде дербес мемлекет құрылымының міндепті элементі болып табылады.

Қазақстанның ТМД Біріккен Қарулы Күштерін сақтауға тырысқанына қарамастан, Достастықтың жекелеген мүшелерінің нақты іс-әрекеттері проблеманы Қазақстанды дербес Қарулы Күштерін құру ісіне қарай итермеледі. Сөйтіл біз үл тұдамды жасадық та.

Республиканың ұлттық қауіпсіздік жүйесі мынадай принциптер бойынша құрылуға тиіс деп ойлаймын:

- республиканың қауіпсіздігін, оның мемлекеттік және территориялық тұтастығын, ең алдымен, саяси шаралардың көмегімен және экономикалық өзара іс-қимылды тереңдету арқылы кепілді қамтамасыз ету;

- ұлттық қауіпсіздікке жауап беретін ведомстволардың өкіметтің жоғары органдары мен жалпы қоғам алдында, жариялылық пен мүмкін болатын шекті ашықтық жағдайында бақылауда болуы;

- Қарулы Күштерді ұйымдастырудың, құрал-жабдықтармен және техникамен жабдықтау дәрежесінің қорғаныстың жеткіліктілігі принципі негізінде нақты әскери қауіп жағдайына бара-бар болуы;

- ұлттық қауіпсіздік жүйесін құрудың ұлттық-тарихи дәстүрлерді және дүниежүзілік тәжірибелі ескере отырып, құқықтық мемлекет пен халықаралық құқық нормаларына сәйкестігі.

Республиканың үлттық қауіпсіздігі жүйесінің орталық бөлігі – әскери қауіптің жолын кесу және осы қауіпке қарсы әрекет механизмі бар әскери доктрина.

Ең алдымен, біз ез саясатымыздың бейбітшілік сүйгіш бағытын жарияладымыз және әлемнің бірде-бір мемлекетіне территориялық талабымыздың жоқтығын мәлімдейміз. Кез келген әскери жанжалдың апартты салдарға әкеліп соғатыны жөніндегі өзіміздің жауапкершілігімізді түсіне және сезіне отырып:

– Қазақстанның мемлекеттік саясатының басым мақсаты ретінде бейбітшілік сақтауды мойындаймыз;

– саяси, экономикалық және басқа да мақсаттарға жетудің құралы ретінде соғысты және күш көрсету қоқан-лоққысын қабылдамаймыз;

– ядролық қарусыз мемлекет мәртебесін алуға және Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қосылуға ұмтыламыз;

– жаппай қырып-жоятын қаруды бірінші болып қолданбау принципін және осы міндеттемені дүние жүзі қоғамдастырының барлық мемлекеттерінің қабылдауын қолдаймыз;

– қалыптасқан шекаралардың бұзылмауы, басқа мемлекеттердің ішкі істеріне араласпау принциптерін ұстанамыз.

Бүгінде дүниежүзілік ядролық және кәдімгі соғыс қаупі едәуір азайды. Сонымен бірге әлемде экономикалық, территориялық, діни, этникалық және басқа да сипаттағы елеулі қайшылықтар сақталып отыр. Ал бұл қайшылықтар Қазақстанның және ол өзара қорғаныс немесе басқа да міндеттемелер арқылы байланысқан басқа да мемлекеттердің мүддесін қозгайтын қарулы жанжалдарға әкеліп соғуы мүмкін.

Ықтимал әскери қауіптің көзі ретінде біз мыналарды атайды:

– мемлекеттердің немесе олардың коалициясының дүниежүзілік қоғамдастықта немесе аймақтарда басымдықта ие болуға және даулы мәселелерді соғыс құралдарымен шешуге тырысыу;

– бірқатар мемлекеттерде немесе олардың коалициясында қарулы қүштердің қуатты тобының болуы және олардың база жүйелерінің сақталуы, соның ішінде Қазақстан Республикасының шекарасына таяу жерлерде сақталуы;

– бірқатар мемлекеттерде ішкі саяси жағдайлардың тұрақсыздығы және мемлекеттер арасындағы қарулы жанжалдардың орын алуы;

– мемлекеттердің белгілі бір белгінің өзінің әскери қуатын арттыруы. Қазақстан дүние жүзі қоғамдастырында ұжымдық қауіпсіздік жүйесін құруға қатысады өзінің басты мақсаты етіп қояды және кез келген бітімшілік жолындағы қүш-жігерге белсенді түрде көмектесуге міндеттеме қабылдайды. Республика осы мақсатта:

– жанжалды жағдайларды тек қана бейбіт жолмен, халықаралық құқық шенберіндегі келіссөздер арқылы реттеуге;

– жер бетінде жанталаса қарулануды тоқтатуды және оның космосқа шығуына жол бермеуге;

– халықаралық қоғамдастықтың барлық мемлекеттерінің өз қарулы күштерін қорғанысқа жеткілікті ең аз деңгейге дейін кезең-кезеңмен қысқартуына;

– жаппай қырып-жоятын қарудың барлық түрлерін өндіруді және сыйнайды, және де бірінші кезекте ядролық қаруларды, болашақта толық жою мақсатымен қысқартуға;

– қазіргі бар жаппай қырып-жоятын қаруларды қолдануға және оны өндіру үшін жаңа технологияларды жасауға тыйым салуға; жаппай қырып-жоятын қаруларды жасауға жәрдемдесетін материалдар мен технологияларды сыртқа шығаруға (беруге) жол бермеуге;

– химиялық қаруларды жоюға;

– әскери қызметте өзара ашықтық және сенім мен қауіпсіздікті нығайту саласында шараларды жүзеге асыруға;

– әскери-саяси одақтарды ұжымдық және кең ауқымды халықаралық қауіпсіздік жүйесінің жаңа құрылымдарына қарай өзгеруіне республика қол жеткізуде және қол жеткізе беретін болады.

Қазақстанның Ресеймен және ТМД-ның басқа елдерімен әскери-саяси және экономикалық мүддесінің ортақтығын тани отырып, біз Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше барлық мемлекеттермен халықаралық қауіпсіздікті нығайту жөніндегі өз күш-жігерімізді үйлестіретін боламыз.

Кез келген егеменді мемлекет сияқты, Қазақстан өзінің қорғаныс қабилетін сақтауды маңызды мемлекеттік міндеттердің бірі және оның бүкіл халқының ісі деп санайды, бәрін де қамтитын халықаралық қауіпсіздік жүйесі құрылғанға дейін өзімен бірге қорғаныс одағына енуге ниет білдірген басқа мемлекеттермен бірлесіп әскери құрылышты жүргізетін болады. Біздің басты мақсатымыз – Қазақстанның егемендігі мен территориялық тұтастығын қорғау.

Өз Қарулы Күшіміз – Қазақстан Республикасының армиясын құру қорғаныс стратегиясының тұжырымдамасы негізінде қысқа мерзім ішінде аяқталуға тиіс. Оның құрамында Құрлықтағы әскерлер, Әскери Әуе Құштері, Әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлері, әскери-теніз бөлімдері, сондай-ақ қамтамасыз ету және қызмет көрсету құрамалары мен бөлімдері болады. Соғыс уақытында ішкі әскерлер мен Республика ұланы оның резерві болып табылады.

Қазақстан Республикасының армиясы Қазақстан мен оның одақтастарына қарсы агрессияға тойтарыс беруге, республика мен қорғаныс одағына қатысушы мемлекеттердің егемендігі мен территориялық тұтастығын қорғауға арналған. Оны жасақтау территориялық, жалпыға бірдей әскери міндеттілік пен әскери қызметке шарт бойынша ерікті қабылдауды үйлесті-

ру және республиканың барлық азаматтарының әскери міндеттін орындау кезінде заң алдында тендігі принципінде жүзеге асырылады.

Оз әскери доктринаныздың негізін жариялай отырып, біз қорғаныс одағы мен Біріккен Ұлттар Ұйымы шеңберінде қабылданған, сондай-ақ басқа халықаралық құқықтық актілермен белгіленетін міндеттемелерді қатаң сақтауға кепілдік береміз.

### **Сыртқы экономикалық байланыстар стратегиясы**

Қазіргі заман жағдайында мемлекеттің табысты дамуының негізі макро-экономикалық тұрақтылық – инфляцияға ұшырамаған ақша-несие саясаты, бюджет тапшылығына қатаң бақылау жасау мен қалыпты баға белгілеу, сондай-ақ сыртқы саудадағы ашықтық – экспортты ынталандыру, импортты барынша аз шектеу, біртұтас импорт тарифы, ұлттық валютаның оңтайлы құны мен сыртқы инвестиция үшін қолайлы жағдай болып табылады.

Мемлекеттің экономикаға араласу дәрежесі мен деңгейі – елеулі фактор. Көбіне нақосының өзі дамышы елдер сәтсіздігінің басты себебі болды, өйткені бұл істе парасатты жеткіліктілік шеңберінен асып кету зардабының келеңсіз сипаты бар. Бұл жерде ішкі экономикада, сондай-ақ сыртқы байланыстар саласында да өкімет, облыстық өкіметтер, мемлекеттік кәсіпорындар мен жеке сектор арасындағы міндеттерді айқын ажырату және реттеудің экономикалық тәсілдеріне көшү маңызды.

Сыртқы экономикалық қызметті қүшейту шеңберінде республикаға:

– кәсіпкерлікті дамыту мен халықтың салым ақшасын қатыстыру үшін жағдай жасау керек, өйткені ұлттық капитал барлық дамышы елдерде шетел инвестициясына қарағанда, 8-12 есе көп инвестицияны қамтамасыз етеді;

– сыртқы экономикалық байланыстар саласында зандар кешенін талдау жасап енгізу, олардың орындалуын және тұрақтылық кепілдігін қамтамасыз ету;

– инфрақұрылымды дамыту – көлікті, байланысты, қаржы нарығы мен сақтандыру ісін, банкілер жүйесін дамытып, қазіргі заманғы ақпарат жүйесін құру;

– халықаралық құқық пен маркетинг, статистика саласында кадрлар, салық инспекторларын, банкі қызметкерлерін, аудармашылар, қаржы қызметкерлерін, аудиторлар, бухгалтерлер, сыртқы сауда жөніндегі, нарық үшін және реформаны білікті басқару үшін қажетті басқа кәсіптегі мамандар да ярлау;

– республика үшін басым салалар бойынша, сондай-ақ экономикалық блоктар тұрғысынан да белсенді сыртқы экономикалық саясат жүргізу және экономикасы біздің экономикамен өзара бірін-бірі толықтыратын жекелеген елдермен нысаналы жұмыс жүргізу қажет.

Шетел банкілерінің Қазақстандағы экономикалық қызметке қатысуын жеңілдетіп, экономиканың басым салаларында негұрлым үйлесімді валюта режимі мен шетел иеліктеріне режим енгізіп, нақты ұлттық жобаларды жүзеге асыруға "портфель инвестициялары" түрінде шетел капиталын көбірек қатыстыру қажет.

Республика байланыстарының қазіргі жай-күйі мен стратегиялық мұддесін ескере отырып, сыртқы экономикалық саясат нақты маңызы бірдей мына бағыттар бойынша дамитын болады:

1. "ТМД", Ресеймен, Украинамен, Беларусьпен, Өзбекстанмен және ТМД-ның басқа мемлекеттерімен экономикалық одакты сақтап, нығайту. Бұл орайда мыналар ескеріледі; а) кәсіпорындар арасындағы тығыз байланыстар; ә) дүние жүзі нарықындағы бағаны түсірмеу үшін шикізат экспорты саласындағы іс-әрекетті үйлестіру қажеттігі; б) Еуропа мен Таяу Шығысқа біздің жүктөрдің транзитін қамтамасыз ету; в) ғылыми-техникалық орталықтарды бірлесіп пайдалану және конверсияны жүргізу; г) бұрынғы КСРО-ның сауда өкілдіктері мен шетелдегі аппаратын пайдалану.

2. "Азия – Тынық мұхит аймағы". Пекин – Сеул – Токио арқылы Оңтүстік-Шығыс Азияның басқа елдеріне шығу. Бұл бағыттың алдыңғы қатарлы технологиялар, ірі көлемде инвестициялар мүмкіндігі бар несие көзі, болашақта – біздің өнімді өткізу және Қазақстанда бірқатар жобаларды іске асыру үшін жұмысшы күшін қатыстырурыногы ретінде үлкен мәні бар.

3. "Азия", ықтимал өткізу рыногы және нарықтық экономиканы дамыту үлгілерінің бірі ретінде Туркияға басты назар аудару. Экономикаға инвестиция тарту үшін шығысы мен алдыңғы Азия елдерімен ынтымақтастық.

4. "Еуропа". ГФР-ға басым назар аударылады, ол ТМД-ға барлығынан да көп қаржы салуға әзір. Айтарлықтай неміс диаспорасы болуының арқасында Қазақстанмен ірі көлемде ынтымақтастық жасалуы мүмкін. Оның үстінен ГФР-дің экономикалық үлгісі біз үшін негұрлым тартымды. Инфрақұрылымды дамыту және кадрларды оқыту мақсатында техникалық жәрдем мен несие алу үшін Еуропа экономикалық қоғамдастырымен ынтымақтастық. Бірқатар салада Шығыс Еуропа елдерімен өзара іс-қимыл сақталады.

5. "Америка". Дүние жүзінің жетекші экономикалық державасы ретінде АҚШ-қа басты назар аудару. Мексикамен және Латын Америкасының басқа елдерімен байланыстардың болашағы ете зор.

Халықаралық ұйымдардағы: Халықаралық валюта қоры, Халықаралық даму және қайта құру банкі, басқа экономикалық ұйымдар, Біріккен Ұлттар Ұйымы, Тарифтер мен сауда жөніндегі бас келісім, Халықаралық азаматтық авиация ұйымы, шикізаттың жекелеген түрлерін экспортқа шығарушы елдер одағындағы қызмет ете маңызды жеке сала болып табылады.

Сыртқы экономикалық байланыстар саласындағы стратегиялық мақсаттарды жүзеге асыру үшін алғашқы қадам ретінде мыналар талап етіледі:

– аяқталған кешен құру және шикізат бағытын жеңу мақсатымен республика экономикасын құрылымдық қайта құру бағдарламасын жасап, сыртқы экономикалық байланыстар саласындағы бүкіл қызметті осы міндетке бағындыру қажет. Дайын өнім беретін аяқталған технологиялық кешендер құрып, өндіруші салаларды экспенсивті дамудан жаңа технологияларды пайдалануға көшіру жөніндегі, ең алдымен, үйінділер мен қалдықтарды ұқсату және ішкі нарықты толтыру, сондай-ақ экспорт потенциалын үлгайту үшін интенсивті ауыл шаруашылығын, женіл және тамақ өнеркәсібін жаңжақты дамыту жөніндегі байырғы міндетті іске асыру керек. Бұл салалар мен өндірістерде біздің қазіргі басты артықшылығымыз – жұмысшы күшінің салыстырмалы арзандығы мен қолда бар шикізатты женіл және тез іске асыруға болады;

– ақша айналымының реттегіші ретінде Ұлттық мемлекеттік банкінің релін ынғайта отырып, банктер жүйесін реформалауды аяқтау және нарық үлгісіндегі нағыз коммерциялық банкілер құру. Экспортты несиелеу үшін мемлекеттік экспорт-импорт банкін, шикізат экспортты мен оны белуден түскен табысты шоғырландыруға арналған даму банкін, сыртқы сауда келісімдері мен экспорт несиелерін сақтандыру жөнінде мекемелер құрып, шетелдегі қаржы нарығындағы Қазақстан өкілдерінің қызметін үйімдастыру қажет;

– сыртқы экономикалық байланыстар саласында мемлекеттік реттеу жүйесін жетілдіру және мемлекеттік органдар құрып, оны қарапайым, бақыланатын және үкіметтің өзі, оның ведомстволары, жергілікті өкіметтер мен кәсіпорындар арасында міндеттер мен жауапкершіліктерді айқын бөле отырып, шетелдік серіктестіктер үшін түсінікті ету;

– шетел инвестициялары жөнінде комиссия мен агенттік құрып, біздің нарыққа шығатын шетел фирмаларының несие қабілеттің тексеру жөніндегі жұмысты жолға қою қажет. Бұл органдар барлық ірі инвестициялық жобаларды сараптап өткізіп, шетел несиелерін пайдалануды үйлестіруге міндетті, өйткені олардың барлығы өзірге үкіметтің кепіліне ғана беріліп отыр; шетел инвесторларын біздің мүмкіндіктер туралы, сондай-ақ біздің кәсіпорындарды қолда бар ұсыныстар туралы хабардар ету жүйесін құру керек;

– жер қойнауы туралы, зымиян бәсекелестік туралы зандар қабылданап, шетел инвестициялары туралы, конциссиялар туралы зандарға, сондай-ақ азаматтық кодекске өмірдің өзі талап етіп отырған өзгерістерді енгізу; негізгі серіктестермен инвестицияларға өзара кепілдік туралы және қос салық салуға жол бермеу туралы келісімдер жасау қажет. Осы саладағы ұлттық занының орындалуына жауапты ведомстволарды белгілеп, мұны қатаң бақылау керек;

– өз патент-лицензия жұмысы жүйесін жолға қою және Қазақстан ұйымдарының интеллектуалдық меншігін қорғау үшін, сондай-ақ шетелдің жеке адамдары мен занды ұйымдарының интеллектуалдық меншігін қорғау кепілі үшін халықаралық келісімдерге қосылу кажет;

– сыртқы экономикалық байланыстардың барлық негізгі бағыттары бойынша кадрларды оқытудың мемлекеттік бағдарламасын қабылдау керек.

Дүние жүзі қоғамдастығымен қосылуға деген ұмтылсызызды білдіре отырып, халықаралық экономикалық стратегияларды үйлестірудің қалыптасқан құралдарын тануға біздің өзір екеніміз түсінкіті. Алайда, мұның әрбір жекелеген жағдайда өзіңе зиян келтіре отырып, біреудің ынғайына қарай әрекет етуге мәжбүр ететін экономикалық және саяси қысым арқылы емес, қайта өзара мұдделердің әділ тепе-тендігі негізінде болғаны маңызды.

\* \* \*

морандум с банковской корпорацией "Дж. П. Морган", подписали документ с отделением австрийского банка в Вашингтоне. Там говорится о совершенно конкретных проектах.

После вчерашней вечерней встречи ко мне подходили бизнесмены с предложениями по переработке сельскохозяйственной продукции, по разработке месторождений золота и других цветных металлов. Мы договорились о том, что будет организован специальный приезд тех из них, кто желает работать у нас. И нам нужно сейчас в Казахстане срочно создавать агентство по иностранным инвестициям – один единственный орган, который будет работать с ними. Их возмущает наш бюрократизм. Они договариваются с одними, а потом ходят вокруг министерства, а министр посыпает их уже к другим. У каждого появилась любимая фирма, и уж не знаю, за какие дивиденды (это еще надо разобраться), он отдает предпочтение только ей. Все это вызывает совершенно отрицательную реакцию за рубежом. Должен быть создан единый орган, который будет вести все переговоры по включению западных компаний в казахстанский бизнес.

**Вопрос:**

– Будет ли принят у нас закон об иностранных инвестициях в соответствии с подписанным в США соглашением?

**Президент Республики Казахстан Н. А. Назарбаев:**

– На предстоящей сессии Верховного Совета предусмотрен пересмотр нашего законодательства, особенно по налоговой системе, чтобы приспособить ее к реалиям сегодняшнего дня.

О защите иностранных инвестиций у нас законодательство имеется. Другой вопрос, мы должны привести его в соответствие с подписанными соглашениями.

**Вопрос:**

– Посещения Нью-Йоркской фондовой биржи не было в напряженной программе визита. Вы все же выкроили время, чтобы заехать туда. С чем это связано?

**Президент Республики Казахстан Н. А. Назарбаев:**

– Мы сейчас внедряем в Казахстане ценные бумаги, появляются акционеры, поэтому возникла необходимость в создании Казахстанской фондовой биржи.

Со мной был молодой парень Бектаев, который является президентом создаваемой Казахстанской фондовой биржи. Поэтому с президентом самой мощной фондовой биржи на Уолл-стрит его надо было познакомить. И пригласить их сотрудников помочь в становлении нашей фондовой биржи.

Казахстанская биржа имеет в будущем уникальные возможности. Между, скажем, токийской, лондонской и нью-йоркской биржами есть "черная" четырехчасовая полоса, когда они не работают. Казахстан со своим временным часовым поясом мог бы восполнить этот пробел.

**Вопрос:**

– Вы посетили сегодня военную академию. Это как-то связано с созданием в Казахстане Министерства обороны?

**Президент Республики Казахстан Н. А. Назарбаев:**

– Поездка в академию была организована министром обороны США Чейни. Там до меня не был еще никто из руководителей государств СНГ. Был запланирован еще показ военной техники, но у нас времени не осталось на это.

Вы сами слышали, что там не просто готовят офицеров, а готовят лидеров, т. е. они изучают на 50 процентов гуманитарные науки и готовятся быть не только военными, но и лидерами в разных отраслях жизни общества. Это уникально. Я считаю, что было бы очень здорово, если бы Алма-Атинское высшее военное училище могло посыпать кадры в эту академию для подготовки офицеров такого уровня.

**Вопрос:**

– Вы посетили США вскоре после визита Кравчука и в преддверии визита Ельцина. Учитывали ли Вы при подготовке своего визита итоги визита Кравчука и то, что вскоре поедет Ельцин?

**Президент Республики Казахстан Н. А. Назарбаев:**

– Разумеется. Учитывал и то, что недавно побывал здесь Горбачев. Все это анализировалось.

Не думайте, что я строю свою политику таким образом, чтобы понравиться кому-то или не понравиться. У Казахстана есть собственная политика, собственное видение всех проблем.

Перед отъездом, как вы знаете, имел беседу с Президентом Ельциным. И мой визит создал хорошую базу для визита Президента России.

**Вопрос:**

– Вы проявили и твердость, и гибкость при заключении контракта с "Шевроном". Намерены ли Вы поделиться с другими государствами СНГ "технологией" заключения контрактов с зарубежными партнерами?

**Президент Республики Казахстан Н. А. Назарбаев:**

– Намерен. Мы учимся компромиссу. Этому надо учиться. С Советским Союзом "Шеврон" промучился два с половиной года. Бюрократические ротации должны были вызвать у него антипатию ко всем нам.

А у нас всегда была добрая воля к этой крупнейшей компании, мы не хотели потерять взаимоотношений, потому что это вызвало бы недоверие вообще к нашей политике и способности решать такого рода вопросы. Но мы, хотя "Шеврон" и возражал первоначально, подключили совершенно независимых международных экспертов, которые дорожат своим именем. Они сказали: контракт является почти эталоном, и никто в мире никогда не скажет, что Казахстан здесь где-то упустил свои интересы. Тогда мы пошли на это. И жестко поставили свои условия: если нет, тогда извините.

**Вопрос:**

– Нурсултан Абишевич, в кулуарах встреч бизнесмены говорили журналистам, что их более всего беспокоят у нас две вещи: возможность дестабилизации обстановки и неконвертируемость рубля. О стабильности и нестабильности Вы высказывались уже не раз, а как с конвертируемостью рубля? Мы ведь, Вы это подчеркивали, остаемся в рублевой зоне...

**Президент Республики Казахстан Н. А. Назарбаев:**

– Оставаясь в рублевой зоне, мы сможем быстро конвертировать рубль. Тем более нам собираются помочь. Шесть миллиардов долларов идет на то, чтобы конвертировать рубль. Но к этому времени мы должны наполнить товарами, богатствами каждый наш рубль, сделать его полновесным. Здесь ничего страшного нет. Мы сможем это сделать.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫң ПРЕЗИДЕНТИ  
Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫң ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
КОНСТИТУЦИЯСЫНЫң ЖОБАСЫ ТУРАЛЫ ЖОҒАРҒЫ КЕҢЕС  
СЕССИЯСЫНДАҒЫ БАЯНДАМАСЫ\***

Алматы, 1 маусым 1992 жыл

**Құрметті халық депутаттары!**

Тарихтың өкіміне қарай сіздер мен біз Біріккен Ұлттар Ұйымының толық құқылы мүшесі ретінде өзінің алғашқы қадамын жасаушы жаңа егеменді мемлекет – тәуелсіз Қазақстан Республикасының өмірге келуінің қайнарбастауында болдық. Біз бүгін еліміздің қоғамдық-саяси құрылышының дамуындағы маңызды кезең – оның конституциялық тұрғыдан хатталу кезеңін ашып отырмыз.

Оның өзекті сәттерінің негізі Мемлекеттік егемендік туралы Декларацияда және "Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы" Конституциялық Занда, бірқатар құқықтық актілерде қаланған, олардың қатарында меншік, азаматтық, қоғамдық бірлестіктер, Министрлер Кабинеті туралы зандар бар. Меншіктің барлық формаларының тенденсі заң жүзінде таңылып, жекешелендіру және мемлекеттің иелігінен алуды ілгерілету, кәсіпкерліктең әр алуан формаларының және нарықтық қатынастарды дамыту үшін құқықтық негіз жасалды. Демократиялық азаматтық қоғамның ажырағысыз элементі – нақты көлпартиялылық өмірге келіп жатыр. Жеке адамның, қоғамның және негізгі міндеті адам құқығын қорғау болып табылатын мемлекеттің өзара қатынастарының сипаты өзгеруде.

Бүгін дәуірлер шегінде, мемлекеттің айтарлықтай тозған құқықтық базасын "бояумен" шектеуге болмайды, өйткені одан әрі даму перспективасын жоғалтудың нақты қаупі бой көрсетіп отыр. Міне, сондықтан да жаңа Конституцияға деген өмірлік қажеттілік айдан анық.

Қазақстан Республикасының егемендігін жоғары құқықтық деңгейде баянды ету қажет. Егемендік туралы Декларацияның, жаңа мемлекеттің өмірге келуін жариялайтын басқа да құжаттардың маңыздылығына қарамастан, Конституция мемлекеттің байыпты түрде даму кезеңіне кіргендігін айқындастын ең басты акті болып келді және солай болып қала береді. Тарихи тұрғыдан алып қарағанда, Конституция қашан да декларация негізінде қабылданатыны көздейсоқ емес. АҚШ-тың 1787 жылғы конституциясынан бұрын тәуелсіздік туралы декларация қабылданған, француздың 1791 жылғы

\* "Егеменді Қазақстан" газеті, 2 маусым 1992 жыл.

конституциясынан бұрын адам және азамат құқығының декларациясы болған еді.

Біз нақты демократия жүйесін орнықтырмайынша, мемлекет дүниежүзілік қоғамдастықтың толықанды мүшесі бола алмайтын жағдайды ескерудеміз. Үшінші мың жылдықтың табалдырығын аттауга өзір, өзара тығыз байланысты дүниеде адамдар планеталық ауқымда барған сайын көтеп ойлана бастап, егер бір жерде жұлым-жұлымы шықкан демократиясы бар аймақтар өмір сүрген болса, мұның өзі жалпы адамзат ағасының сырқаты болып табылады, ол ерте ме, кеш пе ғаламдық сілкіністерге әкеліп соқтырады, деп орынды түрде санайды.

Әткеннің тек жалпыадамзаттық қазыналарын ғана алып, бұрынғы таптаурындардан, таптық догматар мен жалған мұраттардан арылуды түбегейлі жариялаудың маңызы зор. Қазіргі қолданылып жүрген Конституцияда "кеңес халқының мемлекеттік бірлігі", "социалистік жалпыхалықтық мемлекет" және уақыт сынына төтеп бере алмаған, миллиондаған адамдардың басына қайғы-қасірет әкелген "социализмнің жеңістері" марапатталды. Осының бәрі ұзақ жылдар бойы бос даңғара, конституциялық тұғырдан алынуға тиісті тоталитарлық режимнің сырттай ғана тартымды әшекейі болып келген еді.

Қоғам дамуының ұзақ мерзімді мақсаттары мен басымдықтарын анықтап, оларды халықтың өмірлік маңызды мүдделерімен салыстыру үшін жаңа Конституция қабылдау талап етіледі. Ұлттық мемлекеттікі дамыту, адамның құқықтары мен бостандықтарының кепілдігі, азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекет орнату, азаматтық татулық пен ұлтаралық келісімді, өзіміз үшін және өз үрпақтарымыз үшін лайықты өмірді қамтамасыз ету – біздің қысқаша алғандағы стратегиялық міндеттеріміз, міне, осындей.

Конституция құқықтық негізді тұрақтандыру және алға қойылған мақсаттарға жетудің конституциялық-құқықтық құралдарын: мемлекеттік және халықтық егемендікті, мемлекеттік өкімет билігін жүзеге асыруда саяси алуан түрлілікті, адам мен азаматтың бостандығын; мемлекеттің құрылышы мен қызметінің негізі ретінде билікті бөлісу принципінің салтанатын баянды ету үшін қажет.

Және, акыр соңында, Конституция республиканың көпұлтты халқының ой-арманы мен күш-жігерін жаңа саяси негізде біріктіру үшін керек. Өмірлік маңызды мәселелерге жауап тапқан адамдар ертеңгі құнға деген сенімге ие болады, ал бүгінде біздің көбімізге сол жетіспей отыр.

Кез келген Конституцияның басты мәселесі мемлекеттік өкіметті жүзеге асыру жөніндегі көзқарас болып табылады. Соның негізінде азаматтың мәртебесі нығайып, азаматтық қоғамның және, әрине, мемлекеттің әртүрлі институттарының жұмысы жүзеге асырылады. Егер қазіргі жағдайға осы тұрғыдан көз салатын болсақ, біздің практикалық іс-қимылымыз мемлекет пен өзге де саяси жүйе субъектілері арасында, республика мен оған кіретін

әкімшілік-территориялық өлшемдер арасында, заң шығару, атқару және сот биліктепер арасында билік көлемін қайта бөлісуге байланысты екені айқын көрінеді. Осы аса маңызды қатаинастарды кесімді конституциялық тұрғыдан баянды етпейінше, азаматтық қоғамды құру, мемлекеттік механизмнің тиімді қызмет етуіне үміт арту мүмкін емес.

Конституацияның қабылдануын талап ететін тағы бір елеулі себеп бар. Бұл арада мен бүкіл құқықтық базаның бұзылып жатқанын айтып тұрмын. Жекелеген заңдарды қабылдап, олардың нақты жағдайдағы мақсатын түсіне отырып, біз кейбір дәрежеде белгілі бір проблемалардың жекелеген принципті аспектілерін ойда сақтап, "кейінге" қалдырамыз. Оларды тіпті "Қазақстан Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы" Конституциялық Заң арқылы да өзара байланысты, бір жүйеге жинақтау мүмкін болмады. Мына-дай жағдай қалыптасты: қазіргі уақытта, бейне бір екі негізгі заң қосарлас қолданылып жүрген сияқты, ал бұған, өздерініз түсінесіздер, мұлдем жол беруге болмайды.

Барлық жайлардан болашақ Конституция төнірегіндегі қоғамдық пікірдің алуан түрлі екені сезілуде. Негізгі Заңның қабылдануы біздің көпүлтты мемлекетіміз үшін қуатты топтастырушы фактор болар еді. Осы тұрғыдан алғанда Орал облысының "Азаматтық келісім жолында" қоғамдық бірлестіктері кеңесінің Президентке және халық депутаттарына жолдаған Үндеуі мей-лінше назар аударапты. Әртүрлі бағдардағы жеті қоғамдық бірлестіктің басшылары жобаның демократиялық жолмен талқылануын қамтамасыз етуге, халықтың пікірлерін жан-жақты ескеруге шақырған үндеуге өздерінің қолдарын қойған. Мұндай өтініштер мен талаптар басқа да қоғамдық үйім-дардан, жекелеген азаматтардан келіп түсуде.

Мен тәуелсіз Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдау қажет екеніне және оның дер кезінде қабылданғалы отырғанына көміл сенемін.

Өздерініз білесіздер, Жоғарғы Кеңестің қаулысымен 1990 жылғы жетександы конституциялық комиссия өз жұмысын бастады. Конституция жобасын дайындауға халық депутаттары, республикалық басқару органдары, белгілі құқықтанушы ғалымдар, қоғамдық бірлестіктердің өкілдері тартылды. Жұмыс және сарап топтарын тиісінше Жоғарғы Кеңес Төрағасының орынба-сары З. Л. Федотова және республиканың халық депутаты академик С. З. Зима-нов басқарды.

Конституциялық комиссия, жұмыс және сарап топтары бір-бірімен байланыс жасай отырып, жұмыс іstedі, пікірсайыстар мен таластар үстінде онтайлы шешімдер іздестірді. Бұл орайда әрқашан да жоғары дамыған елдердің тәжірибесі басты дәлел болып отырды. Осы уақыт ішінде Конституция жобасының бірнеше нұсқасы әзірленіп, қаралды.

Сіздердің қарауызызға ұсынылып отырған құжат жеткілікті дәрежеде сынақтан өткізіліп, ғылыми сарапқа салынды. Ол "дөңгелек үстелдер" мен конференцияларда талқыланды, оларға бұрынғы Одақ республикаларының

көпшілігінен келген жетекші ғалымдар мен практиктер қатысты. 1992 жылғы қаңтарда Қазақстан Республикасы Конституциясының проблемалары жөнінде Қазақстан-Американ кездесуі өткізілді. Сонымен бірге жобамен адам құқықтары мен бостандықтары проблемаларына маманданған үкіметтік емес халықаралық амнистия ұйымы таныстырылды.

Азаматтың құқықтық жағдайына Жалпыға бірдей адам құқықтары декларациясында, Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіде, Азаматтың және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіде баянды етілген стандарттар үлгі етіп алынды.

Егер билікті бөлісу мен басқару формасы жайында айттын болсақ, бізге АҚШ-тың, Францияның, Финляндияның, Португалияның тәжірибесін зерттеу көп көмек көрсетті. Конституциялық қадағалау органдары жөнінде ГФР мен Италияның конституциялық соттарының мәртебесіне талдау жасауға баса көніл белінди.

Еуропаның жоғары дамыған елдеріне бағдар ұстай отырып, біз азиялық көршілеріміз – Жапонияның, Оңтүстік Кореяның, Үндістанның, Пәкістанның, Түркияның, басқа да елдердің практикасын ескереріміз сөзсіз. Мен бұл арада біздің тұрақты пікір алмасуымыз жолға қойылған Достастықтың тәуелсіз мемлекеттері жайында айттып та тұрғаным жоқ.

Әлбетте, өнгіме бас-көз жоқ көшіріп алу жайында болып отырған жоқ, өйткені біз үшін "американ" нұсқасы да, "жапон" нұсқасы да, "түрік" нұсқасы да, басқа қайсыбір нұсқа да мінсіз емес. Өздерініз түсініп отырғандай, мен мұны біз таңдап алған шешімдердің классикалық үлгілермен сәйкестігін тексеріп, мәтіннің айнадағыдай көрсетілмегеніне аздал ренжуі мүмкін адамдар үшін айттып тұрмын. Ең бастысы, біздің баса назар аударған нәрсеміз – біздің өмір шындығымызға жақыннатылған тарихи жағдайларда нақты мәселелерді конституциялық жолмен шешудің өдіstemесі. Нақ сондықтан да біз бірінші кезекте әлеуметтік-экономикалық дамудың қол жеткен деңгейін, республика халқының саяси мәдениетін, ұлттық және діни ерекшелігін негізге алдық.

Тәуелсіз демократиялық мемлекет – Қазақстан Республикасының іргетасын біздің ішкі және сыртқы саяси жағдай қыын болып отырғанда қалауымызға тұра келуде, бұл жағдайлар, әрине, Конституцияны әзірлеу процесіне өз ықпалын жасады, ал кейбір реттерде тіпті белгілі бір нормалардың мазмұнын да айқындал берді.

Жобаның мазмұны жайында айтпас бұрын, оның авторлары Конституцияның адам, қоғам және мемлекет өмірінде атқаратын сапалық жағынан өзге бір рөлін негізге алғанын атап көрсетейік.

Конституция жобасының теориялық үлгісі негізіне халық билігінің, жалпыадамзаттық құндылықтар мен жалпы жүрт таныған халықаралық құқық нормаларының идеяларын тану, азамат құқықтарының басымдығы және халық бақылап отыратын мемлекет институттары жұмыс істегендеге оның мұддесін көздейтін азаматтық қоғам орнату үмтілісі алынған.

Конституцияны жүргізу салалары тубегейлі өзгертілген, іргелі маңызы жоқ, бірақ бұрын дәстүр бойынша Конституция тәптіштеп белгілеп келген көптеген қатынастар неғұрлым тәмен заңдар деңгейінде берілді. Екінші жағынан, азамат, экономикалық жүйе, мемлекет институттары мәртебесінің, сот әділдігін тиісінше жүзеге асыру кепілдіктерінің жекелеген жақтары тұнғыш рет конституциялық мәселелерге айналды.

Егер қолданылып жүрген Конституция жалпы саяси декларацияларға, идеологиялық кепілдіктер мен уәделерге лық толы "саяси-құқықтық акт" болса, бұл жоба қандай да бір "измдерден" толық арылған, белгілі бір ережені әбден нақты түсіндіруге және оны, негізінен алғанда, құқықтық қоралдармен қорғауды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін қатаң заң тілімен баяндалған.

Конституция нормалары тікелей қолданылады, ал мұның рөлі өзі әсте де құрғақ құқылышы сипатта емес. Мұндай жазба Конституцияға өмірлік күш береді, оны өмір шындығымен үш қайнаса сорпасы қосылмайтын жылтырақ экспонаттардың бірі ретінде пайдаланудың кеселді практикасынан арылтады, азаматтардың өз құқықтарын Конституцияның көмегімен қорғауға мүмкіндік береді, оның беделін де арттыратыны сезіз.

Конституциялық құрылыш тұрғысынан алғанда, мәтінде "Конституцияны сақтау кепілдіктері" деген арнаулы бөлімнің болуы жаңалық. Онда Конституцияның тұрақтылығы оны өзгертудің ерекше тәртібімен, жекелеген конституциялық ережелерді қайта қараудың қынданатылған келісімімен қамтамасыз етілетіні атап көрсетілген. Жасалуы ықтимал жалған конституциялық реформалар алдына қосымша кедергілер қоя отырып, біз бұған саналы түрде барып отырмыз. Халық стратегиялық бағытты біржола және түпкілікті таңдап алып, ертеңгі күні мемлекет басына келетін жаңа саясатшылардың оны өзгерте алмайтынына сенімді болуға тиіс.

Айтпақшы, осы тұрғыдан алғанда, американцылардың өз конституациясына кезқарасы мейлінше назар аудараптық. Кейде осы бір ұлт үшін қастерлі еш нәрсе жоқ сияқты болса да екінің бірінде қатаң сынға алынып жатады. Бірақ олар үшін конституциядан қастерлі нәрсе жоқ, оны АҚШтың барлық азаматтары мұқият қорғайды, икона сияқты емес, қайта демократиялық жолмен үйімдастырылған құрылыштың кепілі және пәрменді жұмыс істейтін құралы ретінде қорғалады.

Уақытымыздың қын екеніне қарамастан, біз Конституцияны ұзақ мерзімге өзірлең отырмыз. Сондықтан жобаның жекелеген, бірінші кезекте, кейбір мемлекеттік институттарға қатысты ережелері жүзеге асырылу барысында икемділікті және маневр жасау мүмкіндігін қажет етеді. Мұндай жағдайда шешімдерді конституциялық немесе әдеттегі заңдар түрінде Жоғарғы Кеңес қабылдайтын болады. Мұндай практика Конституция мәтінінің "сақталуын" қамтамасыз ету мақсатында көптеген елдерде пайдаланылды.

Негізгі Конституциялық принциптер "Конституциялық құрылыш негіздері" бөлімінде баяндалған.

Мұнда сан ғасырлық тарих ішінде тұнғыш рет Қазақстан Республикасына тәуелсіз, демократиялық және бірыңғай мемлекет ретінде сипаттама беріледі. Қазақстанның егемендігі шектелмеген, оның терриориясы тұтас, бөлінбейтін және қол сұғылмайтын болып табылады, сейтіп, республикаға терриориялық тұрғыдан талап қоюдың кез келген жолы біржола кесіледі.

Жобаның бастау көзі – біздің конституциялық құрылымыздың практикасына бұрын белгісіз болып келген үлттық мемлекеттік идеясын азаматтық қоғам құрумен бірлікте алып қарау. Өзім ұсынған Қазақстанды қалыптастыру және дамыту стратегиясында мен үлт мемлекеттікісіз өмір сүре алмайды, ол өзінен-өзі құрып кетеді дегенді басшылықта аламын. Өз кезегінде үлттың құрып кетуі оның мемлекетінің өмір сүруін мағынасыз етеді.

Мемлекеттік тілмен және үлт пайда болып, орнықан терриориямен табиғи байланысты. Қазақтар үшін бұл – Қазақстан Республикасы, мұнда түрлі үлттар мен ұлыстарға жататын қоғамның барлық мүшелеңінің тенденция мен бостандығы қамтамасыз етілген және қамтамасыз етіле береді. Үлттық мемлекеттікің негізгі белгілері Конституцияның кіріспесінде, конституциялық құрылыштың негіздерінде және басқа нормаларда баянды етілген.

Конституция ережелері контекстінде әрбір үлт пен ұлыстың дамуын, олардың мәдениетінің өзара бауын қамтамасыз ететін нормаларды баянды ететінімізді атап өту керек. Республиканың кез келген азаматына, ол қандай үлтқа жатпасын, Қазақ үлттық мемлекетін өз мемлекеті деп есептеуі және оның толық қолдауына үміт артуы табиғи нәрсе.

Бұрын да талай айтылғанды қайталағым келеді. Біз басқа үлттар мен ұлыстардың халықтарын кемсітпей және олардың есебінен жүргізбей қазақ этносын сақтап, дамыту жөніне шаралар қолданамыз. Бұл бағытты Қазақстанда тұратын адамдардың басым көпшілігі қолдайды, олар өз мұқтаждарымыз бер арман-тілегімізді тек бірге, тек біртұтас әулет бола отырып қана қанағаттандыра алатынымызды түсінеді. Қарапайым адамдардың беле алмай жатқан ештенесі жоқ. Үлттық алауыздыққа республиканың қазақ, орыс және басқа да барлық халықтарының қас дүшпаны ғана шақыруы мүмкін.

Конституция жобасы адамды, оның өмірі мен бостандығын ең асыл қазына деп таниды. Республика өзінің қызметін азамат пен қоғамның мүдделеріне сай жүзеге асырады. Қазақстанның көпүлтты халқы егемендіктің иесі және саяси алуан түрлілік негізінде әртүрлі ұғымдық формаларда жүзеге асырылатын мемлекеттік өкіметтің бірден-бір қайнар көзі болып табылады. Бұл орайда халық атынан сөйлеу құқығына қандай да бір қоғамдық бірлестік емес, қандай да бір аудан немесе қала емес, қандай да бір адамдар тобы емес, тек Жоғарғы Кеңес пен Президент ие болады. Мұндай ереже өте маңызды, өйткені ол өзінің жеке және тар өрісті топтық мақсаттарын қөздей отырып, бүкіл халықтың атынан ділмарсыған жаңадан шыққан саясатшысаймақтардың желігін басады деп ойлау керек.

КОКП-ның идеологиялық монополиясының жетпіс жылдан астам тәжірибесі бізді "саяси партиялардың және өзге де қоғамдық бірлестіктердің, оның

ішінде діни бірлестіктердің идеологиясы мемлекеттік идеология ретінде орныға алмайды" деп бірмәнді жариялауға мәжбүр етті. Бұдан былай біз, ақиқатқа деген құқықты ешкімнің де озбырлықпен тартып алуына жол бермейміз.

"Конституциялық құрылыш негіздері" белімі "Азамат", "Қоғам", "Мемлекет" деген үш топтамадан тұрады. Бұрынғы конституциялардан өзгешелігі жобада, көріп отырғанымыздай, ең алдымен азаматтың құқықтық мәртебесі, содан кейін – одан туындастын қоғамдық құрылыш негіздері және содан кейінғана – мемлекет пен оның институттары анықталады.

Бұрын қолданылып келген кеңес конституциялары ең демократияшыл конституциялар деп есептелуші еді, өйткені әлеуметтік-экономикалық, саяси және жеке құқықтар мен бостандықтардың кең спектрін жариялады. Алайда өмір мынадай қарапайым ақиқатты дәлелдеп берді: ешқандай декларациялар, өз кезегінде, жекені мемлекеттікten бөліп алмайынша мүмкін болмайтын нағыз бостандықты алмастыра алмайды. Бұл жобада ескерілген.

Қоғамдағы және саяси жүйедегі азамат пен мемлекеттің орны мен рөлінің өзгеруі, нарықтық қатынастарды қалыптастыру мен дүниежүзілік өркениет қазыналарына қол жеткізуге бағдар ұстау жеке адам мен мемлекеттік өкімет арасындағы қатынастарды қайта қарауды талап етті.

Конституция жобасында адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының дүниежүзілік нормаларға сай келетін жаңа тұжырымдамасы берілген. Жаңа құқықтар мен кепілдіктердің арқасында өмір сүру, жеке меншік ақпарат алу және тарату, еркін жүріп-тұру және тұрғылықты жерді таңдау, мемлекеттік қызметке жол ашылу және басқа құқықтарын баянды ету көзделеді. Міндеттердің арасында зандарды орындау, басқа азаматтардың ар-ожданы менabyroйын құрметтеу, белгіленген салықтар мен алымдарды төлеу, Қазақстан Республикасын қорғау бар. Адам және азамат құқықтық кепілдіктері жаңадан тұжырымдалды, бұл орайда құқықтық кепілдіктерді баянды етуге баса назар аударылды.

Адамдардың бостандығы мен тенденгі жағдайында Қазақстанның дамуында экономиканың мемлекеттік және жекеменшік секторларының таңдал алынған көз келген саласындағы жаңа инициативаны қамтамасыз ететін меншік қатынастары, кәсіпкерліктің көз келген занды түрімен айналысу шешуші бағыттарға айналады.

Меншікті өз қорғауына алып, оны өз бетінше алып қоюға тыйым салуға кепілдік бере отырып, мемлекет сонымен қатар белгілі бір шектеулер де енгізеді.

Біріншіден, тек қана Қазақстан Республикасының иелігінде болатын обьектілер: жер, оның қойнауы, өсімдіктермен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар тізбесі берілген.

Екіншіден, меншіктің қоғамдық мәні, оның жасампаздық сипаты атап көрсетіледі. "Мұлікті пайдалану экологиялық ортаға нұксан келтірмеуге, азаматтардың, занды үйымдар мен мемлекеттің құқықтарын және заңмен қорғалатын мұдделерін бұзбауға тиіс".

Жеке меншіктің тууына, жекешелендіру мен мемлекет иелігінен алуға өндіруші-монополистердің рынокта барлық билікті қолына алуы тұсау болады. Осыған байланысты Конституция занды бәсекелестікті шектеуге немесе жоюға, тұтынушылардың құқықтары мен занды мүдделеріне нұқсан келтіруге бағытталған монополистік және басқа да кез келген қызметке тыйым салуды жариялады.

Шетелдік инвесторлар үшін, ал бұл туралы маған шетелде талай рет естуіме тұра келді, оларға бизнестің тұрақты жағдайына, олардың мүдделерін мемлекеттің қорғауына кепілдік беретін тармақтың принципті маңызы бар.

Жобаға негіз етіп алынған адамгершілік потенциалды "Неке және отбасы" тарауының нормалары айқын қуаттайды. Мұнда ерлі-зайыптылардың өзара келісімі мен теңдігі бойынша некеге тұру, ата-аналардың балаларды асырау, оқыту және тәрбиелеу міндепті, еңбекке қабілетті балалардың өз ата-аналарына қамқорлық жасау және оларға көмек көрсету міндепті сияқты жалпы жүрт таныған ережелер баянды етілген. Мемлекет пен қоғам жетім балалардың және ата-аналарының қамқорлығынан айырылған балалардың бағыт-күтілпін, тәрбиелеп, оқытылуын қамтамасыз етеді, балалар жөніндегі қайырымдылық қызметті көтермелейді деп тұнғыш рет атап көрсетілген.

Қазіргі саяси өмірдің нақты факторы қоғамдық бірлестіктер болып отыр. Олар қоғамдық пікірді анықтауға жәрдемдесіп, өзіндік бір сүзгі ретінде көрінуде, сол арқылы түрлі мемлекеттік қызметке кандидаттар елекten өткізіліп жатады. Саяси партиялар мемлекеттік өкімет пен халықтың өзара байланысын қамтамасыз ететін құралға айналуда. Осының арқасында оларға депутаттықа кандидаттар үсыну, парламенттік фракциялар құру және т.б. құқық беріледі. Жобада қоғамдық бірлестіктерді өз орындарына бір мәнде қоюға әрекет жасалды: саяси партияларға – саясат саласы, кәсіподақтарға – азаматтардың әлеуметтік-экономикалық құқықтарын қорғау, діни бірлестіктерге – дін тұту бостандығын қамтамасыз ету, шығармашылық одақтарға – өнер саласындағы мүдделерді білдіру және тағысын тағылар. Ал, мұның өзі, мениң ойымша, өте әділетті. Әркім өзінің ісімен айналысуға тиіс.

Қоғамдық бірлестіктердің мәртебесін анықтай отырып, жоба оларға мемлекеттік органдардың функцияларын беруге тыйым салады. Бізде қажетті өкілеттіктерді иеленген тиісті өкімет құрылымдары бар. Сондықтан себеппен де, себепсіз де қоғамдық бақылаушыларды қаптата берудің, мемлекеттік қондырманың үстіне қандай да бір қосымша қондырма тұрғызудың қажеті жоқ. Демократияның, былайша айтқанда, мұндай формалары тұлғасыз қоғамдық-мемлекеттік құрылымдардың пайда болуына, лауазымды адамдардың жауапкершілігінің азауына, қоғамдық өзін-өзі басқару бірлестіктерінің төрешілденуіне және олардың мемлекет қосарласына айналуына алып келген көптеген мысалдарды тағы да өз тәжірибеліз береді.

Бүгін тағы бір жағдай туралы да айту қажет, саяси бостандық пен қоғамдық мінез-құлыштың, жалпы адамзаттың нормаларын арсыздықпен елемеу мен саяси бостандық ретінде көрсетілетін жағдай арасында ортақ ештеңе де жоқ.

Бірқатар қоғамдық бірлестіктер үлттық идеяларды: мәдениетті, тілдерді қайта тулетуді, адамдардың өмір суруінің экономикалық жағдайларын жақсартуды қару етіп алды. Мұның өзі жақсы да. Басқа бір нәрсе қатты алаңдатады. Жекелеген қоғамдық құрамалар, үлттық мәдени орталықтары үлттық оқшаулыққа, үлттық артықшылықты насхаттауға, жалпы проблемаларды басқа үлттар өкілдерінің занды құқықтары мен мұдделеріне нұқсан келтіру есебінен шешуге барған сайын көбірек үміт артып, қауесеттерді таратудың көзіне айналып отыр. Яғни, өзінің адамгершіл жарғылық міндеттерінен барған сайын аулақтай түсіп, үлтаралық тайталастықтың бейне бір қамалына айналуда. Солай бола тұrsa да олардың әрқайсысының белсенді қатысуышына жасампаз идеяны құйретуші идеядан бөліп тұратын шекті білу, сөйтіп бұл жөнінде өзіне есеп беру қажет.

"Алаш", "Желтоқсан", Сібір казачествоның жерлестігі мен одағы қоғамдық бірлестіктерінің есебінде бір жыл ішінде еткізілген рұқсат етілмеген 130 митингілер мен басқа да шаралар, қоғамға қарсы әртурлі іс-әрекеттер бар. "Алаш" және казачество одағы занды белгіленген тәртіппен тіркелмеген. Біріншісі де, екіншісі де Қазақстанға басқа аймақтан өкелінген баспасөз өнімін пайдаланады. Осының өзі-ақ олардың әрекеттерінің Конституцияға қарсы екендігін айғақтайды. Мен казачество қозғалысы бірқатар жерлерде барған сайын әскери құрамалар сипатына айқын ие бола бастағаны туралы айтып та тұрғаным жоқ, ал ондай құрамалар құруға заң бойынша тыйым салынған. Және де біз Оралдағы қақтығысты қандай қыындықпен тоқтатуға тұра келгенін әлі ұмытқанымыз жоқ. "Алаш" өкілдерінің Қазақстан Республикасының халық депутаты, мұсылман діни басқармасының басшысы мұфти Рәтбек қажы Нысанбайұлын қатығездікпен таяқта жығуын қандай саяси себептермен түсіндіруге болады?

Дегенмен, прокуратура, басқа да құқық қорғау органдары "алдын-алу сипатындағы" шаралармен ғана шектелуде. Ондай шаралар бұл органдардың халық арасындағы беделін жоғалтудан басқа ештеңе де бермейді. Адамдардың әдепсіздік ауылынан тым алшак жатқан үзілді-кесілді мәлімдемелеріне және оның үстіне қоғамдық жағдайды тұрақсыздандыратын іс-әрекеттеріне құқық қорғау органдары соларға барабар жауап шараларын дереу қолдануға тиіс. Бұл органдардан адамдар нақ осыны күтіп отыр. Әңгіме барлық партиялар мен қозғалыстардың өз жұмысын заң шенберінде жүргізуі жайында болып отыр. Біздің ортақ үйдегі тыныштық пен келісім баршамызға да қымбат екеніне күмәнім жоқ. Міне, сондықтан да бұл туралы парламент мінбесінен айтып тұрмын.

Осы тақырыпты аяқтай келе, демократияны алаң мен тобыр билігі – охлократиямен алмайтырғысы келген жерлерде оның алдын алмайынша болмайтынын тағы да атап көрсетпекпін. "Алаулаған" бір оқиғаға жол беріп алсақ бітті, одан кейін басқару дегенді білмейтін нөпір-апат лап қояды. Сондықтан да үлттық, таптық және діни тәзбеуашлікте үағыздайтын, конституциальық құрылышқа және біздің егеменді мемлекетіміздің территориялық тұта-

стығына қатер төндіретін саяси партиялар мен ұйымдар қызметінің жолын батыл түрде қыып тастау үшін зандарда және "Тарих және мәдениет ескерткіштерін сақтау туралы" Жоғарғы Кеңес таяуда қабылдаған қаулыда көзделген шараларға қөшетін уақыт жетті. Белгіленген тәртіп бойынша тіркелмesten республикада іс-әрекет жасап жүрген қоғамдық бірлестіктер тіркелуден қасақана жалтарып жүргенін айтпай кете алмаймын. Тіркелмеген қоғамдық құрамаларға басшылық жасағаны және олардың қызметіне қатысқаны үшін заң алдында жауапкершілік белгілеу қажеттігі, тегі туса керек.

Конституция мен зандардың екі жақтылығы халықтың құқықтық нигилизмімен ұштаса келіп, құқық бұзы үшін нәр беріп отырғанына назар аудартым келеді. Мұның өзі республика конституциясын сындарлылықпен талқылап, қабылдау пайдасындағы тағы бір дәлел болып табылады.

Қазақстанның мемлекеттік делегациясының АҚШ-қа барып, 1968 жылғы Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа ядролық қарусыз мемлекет ретінде қол қоюға әзір екендігіміз жайында мәлімдегенімізден кейін ұлken саясаткерлердің біздің республикадан сескенетін қаупінің орнын үміт алмастырды. Объективті жағдайлардың еркімен Қазақстан аса маңызды әлемдік оқиғалардың ортасына тап болды. Ал мұның өзі тым асыра дәріптеу емес. XXI ғасырға кез сала отырып, мемлекет қайраткерлері мен сарапшылар Азия жаңадан қайта оянады деп айтартықтай негізben жобалауда. Осыған байланысты Солтүстік – Оңтүстік, христиан дүниесінің мұсылман дүниесімен ықтимал тайталасынан қауіптенеді. Қазірдің өзінде олар геосаяси тұрақтылықты қамтамасыз етудің ықтимал жолдарын іздестіріп, діни негіздегі аймақтық жанжалдарды жоюға зор назар аударуда. Осыған орай қазір олардың көшпілігі Қазақстанды Еуропа мен Азия арасындағы, христиандар мен мұсылмандар арасындағы нақты келісімнің символы ретінде қабылдауда. Бірақ әлдекім үшін футурологиялық тұжырымдамалардың алыс символы мен субъектісі болып отырған нәрсе біз үшін өзгерістердің сөзсіз шарты, біздің балаларымыздың алаңсыз бүтінгі өмірі мен болашағының кепілі болып табылады.

"Конституциялық құрылыш негіздері" бөлімінде "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік өкімет заң шығаруши, атқарушы өкімет және сот билігі болып бөліну принципіне негізделеді" деп жазылған. Алдын ала атап көрсеткім келетіні, біздің кейбір галымдарымыздың және істің байыбына бойламаған саясаткерлеріміздің күш-жігер жұмсауының арқасында өкімет билігін бөлу принципі іс жүзінде олардың арасына қайдағы бір Қытай қорғаның орнатуға ұласып бара жатыр. Ал менің шетелдерге сапарларым кезінде әріптестерім, ең алдымен, заң шығаруши, атқарушы өкімет және сот билігі органдарының өзара іс-қымылды мен ынтымақтастырылған секілді маңызды элементтерді атап көрсетті.

Біздің мемлекеттің қазіргі кезеңі мен перспективасын сипаттай келіп, нарықтық экономика құрудары елеулі қыындықтар, өркениетті көппартиялылықтың болмауы және нақты демократия жағдайында өмір сүру тәжірибесінің жоқтығы президенттік республиканы қалыптастырудың сөзсіз қажеттілігін

талап етіп отырғанын айту керек. Оның негізі 1990 жылы қаланған болатын, ал қазірдің өзінде бірнеше кезеңнен өттік.

Президенттік қызмет тағайындалып, оған мемлекет басшысы, республиканың ең жоғары атқарушы және өкімші функциясы жүктеліп, үкімет – Министрлер Кабинетінің қызметіне басшылық ету тапсырылды. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті туралы" Занға сәйкес Президенттің кабинетке қатысты өкілеттігі қүшеттілді. Жұмыстың алқалық негізінің аясы тарылып, үкімет мүшелерінің рөлі мен жеке жауапкершілігі қүшеттілді.

1992 жылғы ақпанда Президент Жарлығымен атқарушы өкіметтің бір-ынғай тұтас жүйесін қалыптастыру аяқталды.

Өткен жолды және болашаққа арналған жоспарларды ескере келіп, конституциялық комиссия сіздердің қарауызыға басқарудың президенттік формасына көп деңгейде жақыннатылған органдар жүйесін қарауды ұсынады. Бұл орайда кім-кімнен асып түсті дегенді анықтау мақсатымен жоғары органдардың өкілеттілік ауқымын таразыға тартпақ ниеттегі жаңсақтық әрекеттердің дәлелді болуы екіталай деп ойлаймын. Жоғарғы Кеңес те, Президент те, Министрлер Кабинеті де ештеңені жоғалтқан жоқ. Ал, егер кейбір жаңалықтарға ие болса, оның өзі де бір-бірінің есебінен емес, дүние жүзінде қолданылып келе жатқан, бізде де жарияланып, ішінәра жүзеге асырылған үкімет билігін бөлісу принципі шенберінде өтті.

Зан шығарушы билікті кәсіптік негізде әрекет ететін Жоғарғы Кеңес жүзеге асыруға тиіс. Парламенттің депутаты одан тыс жерде лауазым атқарып, басқа өкілетті органның мүшесі бола алмайды. Ол тәжірибелі саясаткерлерден, зан шығарушы саласының мамандарынан тұратын, тек каникулға ғана шыққанда жұмысын үзіп тұрақты түрде жұмыс істейтін Жоғарғы Кеңес болады. Конституциялық комиссия мен жұмыс тобының мүшелері мұнда бірлік танытты: бізге зандарды жартылай қоғамдық негізде жасап, қабылдаудан бас тартатын уақыт жетті. Тұрақты түрде жұмыс істейтін парламент қажет болған жағдайда, ескірген зандарға жедел түзетулер енгізіп, жаңа зандар қабылданап, олардың жүзеге асуына бақылау жасауға, атқарушы үкімет органдарымен тұрақты өзара іс-қимыл жасауға мүмкіндік береді. Жоғарғы Кеңес жүзеге асыратын бақылау функциясының кепілдігі қүшеттілді.

Жобада Президенттің мемлекет басшысы және үкімет басшысы ретіндеғі функцияларын қатар дәлелдей отырып, жоғары атқарушы өкіметті одан әрі топтастыру көзделген. Мұның өзі, өсіресе бұрынғы Одақтық халық депутаттарының бұдан аз ғана уақыт бұрын өкіметтің жоғары органдары арасына сына қағуының табыссыз болмаған әрекетінің мысалдарын еске алсақ, аса маңызды жағдай бір-бірін ереғістірудің қайғылы қорытындысы жақсы белгілі: біреулер үшін ол тамызда аяқталса, ал кейбіреулер үшін бұл оқиға "Матрос тылсымында" осы уақытқа дейін созылуда. Ал мұның салдары тым қасіретті. КСРО-ның барлық жоғары органдары, Одақтың өзі сияқты, тұнғирыққа шым батып кетті. Біз өзіміздің алдымызға басты мақсат – алапат

экономикалық қасіреттөн шығуды қойып отырған кезде, біздің мемлекетіміз шенберінде мұндай "ойынға" жол беруге құқымыз бар ма?

Осыған үқсас мысалды Италиядан да көруге болады. Онда соғыстан кейінгі кезенде қырықтан астам үкімет ауысты. Түркия мен Пәкістанда мұндай процестер әскери диктатураларды саясаттың нақты, оқтын-оқтын жүзеге асатын факторына айналуына жеткізіп отырды, ал әскерилер жай азаматтардың арындаған сезімдері мен қызбалықтарын жөнге салып отырды.

Және де президенттік республика тек Президент үшін ғана пайдалы деп ойламау керек. Басқарудың парламенттік формасы жағдайында парламенттің рөлі зор деген түсінік ол тек сыртқы көрініс, қиял ғана. Сайлауда жеңіске жеткен партияның бағытын сөзсіз жүзеге асыратын парламенттегі және үкіметтегі бірыңғай партиялық көпшіліктің есебінен партияның өзінің рөлі күрт артады, ал жоғары мемлекеттік органдар оның саясатын жүзеге асырушыларға айналады. Ұлыбританияның, Жапонияның, Германияның тәжірибесіне зер салыныздаршы. Басқарудың президенттік формасы мұндай шиеленістерді болдырмауға мүмкіндік беріп отыр. Соңықтан да ол біздің перспектива ретінде таңдап алынды.

Конституция жобасында Министрлер Кабинетінің Жоғарғы Кеңес алдындағы ұжымдық жауапкершілігі институтын алып тастау, Министрлер Кабинетінің өкілеттілігі мерзімін Президенттің сайлануымен ұштастыру ұсынылады.

Президент кабинетті басқарады және Премьер-министрге үкіметтің қызметіне тікелей жедел басшылық жүргізуге өкілеттілік береді деп көзделген. Мәтіннен Министрлер Кабинетінің қызмет етуі, құзырлы және жұмысын үйімдастыруы салаларын реттейтін нормалар алып тасталды. Оларды ағымдағы заңдарда Жоғары Кеңеспен Президент реттей алады.

Атқарушы үкімет ұсынылған шаралардан бақылаусыз қалмайтынын ерекше атап өтемін. Республиканың тыныс-тіршілігі қызметінің принципті проблемаларын шешумен байланысты Жоғарғы Кеңестің өкілеттіктеріне күмән келтіріліп отырған жоқ. Депутаттар Қазақстан Конституциясы мен заңдарын бұзған Министрлер Кабинетінің мүшелерін қызметінен босату мүмкіндігін алады. Сонымен, өкімет билігі балансы сақталады, оған республикада құрылышын отырған Конституациялық сот айтарлықтай дәрежеде жәрдемдеседі.

Жобада мемлекеттің өкіметтің территориялық үйімдарына, жергілікті өкілетті және атқарушы органдарға мулдем басқадай рөл беріліп отыр. Жаңа Конституция қабылданғаннан кейін әкімшілік-территориялық құрылымның басты мақсаты оның басқарушылық функциясы болмақ. Заң шығару қызметі мен нормативтер жасау республика деңгейінде шоғырландырылады. Жергілікті Кеңестер, халықтың өзін-өзі басқару органы ретінде өз істерін шешумен айналысады. Орталық және жергілікті органдардың рөлін осылайша дәлдеу өзін-өзі басқарудың басты элементтерін сақтау кезінде жікшілдік пен жершілдіктің белең алудың болдырмайды.

Заң шығаруышы және атқарушы өкіметпен қатар, жоба азаматтың құқығы мен бостандығын, заңның салтанат құруын қамтамасыз етуге тиісті сот билігінің орнын айқын белгілейді.

Конституция жобасының негізгі мазмұнды аспектілері, қысқаша айтқанда, осындай. Ал енді процедуралық сәттерге тоқталуға рұқсат етініздер. Олар да өте маңызды, өйткені республиканың қалыптасуының қазіргі күрделі де төтенше жауапты кезеңінде өмір қын проблемаларды көлденең тартуда, оларды шешу балама, бірақ соны көзқарастарды талап етеді.

Қазір қолданылып жүрген және осының алдындағы барлық кеңес конституцияларын Жоғарғы Кеңес қабылдады. Алайда дүниежүзілік тәжірибе небір әр түрлі тәсілдердің бар екендігін айтауда. Бұл, мысалы, арнайы сайланған құрылтай жиналышымен, ал ол Конституцияны және сайлау туралы Занды қабылдаған соң таратылды, немесе референдум жолымен, яғни тікелей халықтың езі арқылы таратылуы (сайлануы) мүмкін.

Қазақстан Республикасының Президенті, конституциялық тәрағасы ретінде Жоғарғы Кеңестің қарауына мынадай ұсыныс енгіземін.

Осы сессияда негізгі ережелер бойынша бір тоқтамға келіп, оларды бірінші нұсқасында мақұлдал, Конституцияны бүкілхалықтық талқылауға салу туралы шешім қабылдау жөн болмақ. Халық депутаттары жергілікті Кеңестеріне, әкімдерге жобаны сессияларда қарау, халық арасында және бұқаралық ақпарат құралдарында талқылауды үйімдастыру тапсырылсын. Сіздер Конституцияны қабылдауды соза беруге болмайтынымен, сонымен бірге асығыстық жасамау керек екенімен кепісесіздер ғой деп ойлаймын.

Жобамен бұдан былайғы жұмыс былайша құрылуды мүмкін. Бүкілхалықтық талқылаудан кейін оның қорытындысын ескере отырып, конституциялық комиссия жобаны пысықтауы және оны Жоғарғы Кеңес сессиясының қарауына енгізуі керек, онда Конституцияны әкінші нұсқасында қабылдау керек.

Баяндамамды аяқтай келіп, жаңа Конституцияның бізге өмірлік қажеттігін тағы да атап көрсетемін. Ол қоғам өміріне айқындық енгізіл, азаматтардың құқықтары мен міндеттерін жіті белгілейді, өкімет институттарына, әкімшілік және сот органдарына сенімді әрекет етуге мүмкіндік береді. Қысқасы қоғам мен мемлекет өмірінде біздің әрқайсымыздың құқығымыз берен бостандығымызды қорғау үшін, қазақстандықтардың жақсы өмірі жолында республикада жүргізіліп отырған түбегейлі реформалардың табысты болуы үшін қажетті тәртіп орнатуға мүмкіндік береді.

### **Құрметті халық депутаттары!**

Мен сіздерді қандай да болмасын ұсынысты талқылау кезінде тар өрісті мүдделер мен мақсаттардан арылуға шақырамын. Біздің алдымызда – республиканың болашағы. Сондықтан оның сеніміне лайық болайық.

**ДОКЛАД**  
**ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА**  
**НА СЕССИИ ВЕРХОВНОГО СОВЕТА О ПРОЕКТЕ КОНСТИТУЦИИ**  
**РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН\***

---

*Алма-Ата, 1 июня 1992 года*

***Уважаемые народные депутаты!***

История распорядилась так, что мы с вами оказались у истоков рождения нового суверенного государства – независимой Республики Казахстан, делающей первые шаги в качестве равноправного члена Организации Объединенных Наций. И сегодня мы открываем важный этап развития общественно-политического строя нашей страны – этап его конституционного оформления.

Ключевые моменты для этого заложены в Декларации о государственном суверенитете и Конституционном законе "О государственной независимости Республики Казахстан", в ряде базовых правовых актов, среди которых – законы о собственности, гражданстве, общественных объединениях, Кабинете Министров. Законодательно признано равенство всех форм собственности, создана правовая основа для продвижения приватизации и разгосударствления, развития различных форм предпринимательства и рыночных отношений. Нарождается реальная многопартийность – неотъемлемый элемент демократического гражданского общества. Изменяется характер взаимоотношений личности, общества и государства, основной задачей которого становится защита прав человека.

Сегодня, на рубеже эпох, недопустимо ограничиваться "подкрашиванием" изрядно износившейся правовой базы государственности, поскольку существует реальная опасность потерять перспективы дальнейшего развития. Поэтому жизненная потребность в новой Конституции очевидна.

Необходимо на высшем правовом уровне закрепить суверенность Республики Казахстан. При всей важности деклараций о суверенитете, иных документов, провозглашающих рождение новых государств, конституции были и остаются верховными актами, свидетельствующими о вхождении государств в период устойчивого развития. Не случайно в историческом

---

\* Газета "Казахстанская правда", 2 июня 1992 года.

плане конституции всегда принимались на базе деклараций. Конституции США 1787 года предшествовала декларация о независимости, французской конституции 1791 года – декларация прав человека и гражданина.

Мы учитываем то обстоятельство, что без становления системы реальной демократии государство не может быть полноправным членом мирового сообщества. В тесном взаимозависимом мире, готовом перешагнуть порог третьего тысячелетия, все больше людей начинает мыслить в планетарном масштабе, справедливо считая, что если где-либо на Земле существуют регионы с подорванной демократией, то это является недугом общечеловеческого организма, который рано или поздно может привести к глобальным потрясениям.

Важно окончательно провозгласить отречение от прежних стереотипов, классовых догм и псевдоидеалов, взяв из прошлого только общечеловеческие ценности. В нашей действующей Конституции декларируются "государственное единство советского народа", "социалистическое общенородное государство" и многие другие "завоевания социализма", не выдержавшие испытания временем, обернувшиеся горем и страданием миллионов людей. Долгие годы все это было пустой бутафорией, внешне притягательным обрамлением тоталитарного режима, которое должно быть снято с конституционного пьедестала.

Принятие новой Конституции требуется для определения долгосрочных целей и приоритетов общественного развития, их сверки с жизненно важными интересами народа. Развитие национальной государственности, гарантированность прав и свобод человека, строительство гражданского общества и правового государства, обеспечение гражданского мира и межнационального согласия, достойной жизни для себя и для своих потомков – вот в сжатом виде наши стратегические задачи.

Конституция необходима для стабилизации правовой основы и закрепления конституционно-правовых средств достижения поставленных целей: обеспечения государственного и народного суверенитета, политического многообразия в осуществлении государственной власти, свободы человека и гражданина, торжества принципа разделения властей как основы построения и деятельности государства.

И, наконец, Конституция нужна, чтобы на новой политической основе объединить помыслы и усилия многонационального народа республики. Получив ответы на жизненно важные вопросы, люди обретут веру в завтрашний день, которой сегодня многим из нас так не хватает.

Главным вопросом любой конституции выступают отношения по поводу осуществления государственной власти. На их фундаменте учреждается статус гражданина, осуществляется функционирование различных институтов гражданского общества и, конечно же, государства. Если с этих позиций взглянуть на нынешнюю ситуацию, то очевидно, что наши практические действия связаны с перераспределением объема власти между го-

сударством и иными субъектами политической системы, между республикой и входящими в нее административно-территориальными единицами, между законодательной, исполнительной и судебной властями. Без однозначного конституционного закрепления этих важнейших отношений невозможно формировать гражданское общество, надеяться на эффективную деятельность государственного механизма.

– Бұл өте курделі мәселе. Оған ұзақ та, қысқа да жауап беруге болады, Сергей Валентинович. Мәселе мынада, біз қадам басып отырған жағдайға, мен нарықты айтып отырмын, соңғы 6-7 жыл бойы, 1985-ші жылдан бері кіре алмадық. Осы жылдың 1 қаңтарына дейін қандай жағдай болғанын айттар болсақ, бұл нағыз бейберекеттік еді. Баға бейберекет көтерілді, оны ешкім басқарған жоқ. Желтоқсан айын еске түсіріңіші, ақша айналымының балансы толық бұзылды, өндірістің құлдырауы басталды. Әркім өз бетімен кетіп, тек өзі үшін: өндірістегілер өндіріс үшін, кәсіпкерлер немесе кооперативтер тек кооператив үшін жұмыс істеді. Сондықтан да бағаны ырқына жібердік, біріншіден, айналамыздың бәрі бағаны қоя берген соң соған мәжбур болдық, біз түйік шенберде өмір сүріп отырған жоқпыш, нарыққа біз ең соны-

нан көшкендіктен, жан-жағымыздарылар ештеме қалдырмастан тапап әкеттің болды. Екіншіден, біз нарыққа кіретін болған соң, бұл – нарықтың тәртібі.

Басқа елдерге адамдар жіберіп көріп едім. Нарыққа кіру бәрінен гөрі Чехословакия мен Венгрияда сәтті жүріп жатыр. Оларда нарыққа кіру 1991 жылдың наурызында басталған, басталысымен дереу баға шарықтап берген. Біз тың жерден соқа тартып отырған жоқпыз, бүкіл әлем өткен жолмен келеміз, сондықтан салыстыру мүмкіндігіміз бар. Олар наурызда бүкіл бағаны ырқына жіберген, ол жылдың аяғына дейін өскен, сосын тәмендеуі басталған. Рас, энергия көздері қымбаттағанда, баға қайта көтерілген, бірақ көп кешікпей қайта тәмендеу жүріп, тәмендегені сонша, бағаны ырқына жіберген кездеғіден де тәмен түсken. Міне, біз осы жолмен келеміз. Бізде мамыр айына дейін баға 16 есе өскен, ал мамыр айында 11 процент, маусым айында 8 процент өсті. Яғни нарық жұмыс істей бастады. Алғашқы кезекте біз неге қол жеткізсек деп едік, ол кезде материалдық-техникалық ресурстар үнемі тапшы болды фой, солай емес пе? Қазір Қазақстанда құны 9 миллиард сомға жуық металл, арматура, цемент, басқа да материалдық-техникалық ресурстар жатыр. Цементті қайда қоярымызды білмейміз. Яғни ресурстар бар, дүкендерде де бар. Алматыда бірнеше миллиард сомның тауарлары жатыр, жеңіл өнеркәсіп өз өнімдерін сата алмай әуре. Бір сөзben айтқанда, ресурстар пайда болды. Енді ақша жоқ, ақша жоқ болса, еңбек етіп тап, бұл – нарықтың тәртібі. Өнімдерді сатып алмауы – екінші проблема, олай болса сатып алатын рынок ізде. Яғни, біз нарыққа көшуге қажетті алғашқы мақсаттарға қол жеткіздік.

Қазір Ресей энергия көздерінің бағасын арттыру туралы мәлімдеді. Рас, біздің өтінішіміз бойынша бұл баға реттелетін болып отыр, олар мүлдем жібермек болған. Мен Ельциннің көзін жеткіздім, Ельцин бұл Халықаралық валюта қорының талабы дейді. Вашингтонда болғанымда Халықаралық валюта қорының тәрағасы Камдессюмен кездесіп, энергия көздеріне бағаны бір мезгілде мүлдем жіберетін болсақ, ондаған кәсіпорындар тоқтап қалатынын түсіндірдім. Себебі отын қымбаттағаннан кейін электр қуатының, әлбетте металдың, киімнің, барлық халық тұтыну тауарларының бағасы өседі. Оларды ешкім сатып алмай, кәсіпорындар тоқтайды, жұмыссыздық пайда болады. Сондай жұмыстардың арқасында біз бағаны қазір біртіндеп жіберіп жатырмыз, яғни энергия көздерінің бағасы босатылатын екінші кезеңде баға тағы қымбаттайды, бірақ бұрынғыдай көкке шапшымайды. Мұны қымбаттаудың соны деп санау керек. Одан әрі көп немесе аз болуын нарықтың өзі реттейді.

Сіз жақсы жағдай қашан болады дейсіз. Өскемен қорғасын-мырыш комбинатына, Қарағанды металлургия комбинатына барып көрініз, оларда ешкім шағымданбайды. Себебі біз еңбекақы мәлшеріне де еркіндік бергенбіз. Қанша өнім шығарасың, соны сат та, еңбекақынды ала бер. Сонда кім нара-

зы? Бюджеттік үйымдар. Сондықтан да нарық жағдайында мемлекет тек зейнеткерлерді, мұғалімдерді, дәрігерлерді, әскерилерді, милиционерлерді, яғни ақшаны бюджеттен алатындардың бөрін қорғайды. Ал қалған басқаларына мемлекет ол қай жерде жұмыс болса сол жерде істеп, қанша тапқанына қарай еңбекақы алуына жағдай жасауы керек. Жастармен сөйлесіп көрініз. Ертең (сенбіде – "ЕҚ") мен кәсіпкерлер форумында негізінен жас адамдармен кездесемін. Олар кім іскер болса, кім тырысып бақса, кім біліктірек болса, кім істің ығын біліп, өзінің жеке ісін немесе кооперативті қолға алғып жатса, егер ол жұмыс істеп, тыным таптай жүрсе, соның дәүірлейтінін түсінеді. Осыған қарап мен ойлаймын, біз осы жылдың аяғы мен келесі жылдың басында бағаның тұрақтануына қол жеткізуіміз керек.

Әрі қарай келесі қыындық туындаиды, жұмыссыздық үлғая бастайды. Біздегі жұмыссыздық проблемасы басқаларға қарағанда, сәл жеңілірек болады, былайша айтқанда асқынуына жол берілмейді. Жұмыс қолдары бізге ауылда да, өнеркәсіpte де керек. Бірақ мұнда оларды ары-бері ауыстыру мәселесі шығады. Әрі қарай, "Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясында" атап айтқанымдай, біз қалыпты жағдайда қалыпты жұмыс істей бастау үшін сұраныс пен ұсыныстың төптеңдігі орнығады. Аста-тектік болмайды, бірақ қазіргідей тарығушылық та болмайды, нарық орнығады. Бұған шамамен 3-5 жыл керек. Бес жыл деңгеміз – бұл қазіргі жағдайдан біздің түпкілікті шыға бастайтын кезеңіміз. Сондықтан да "Стратегияны" оқығандар білетін болуы керек. Барлық кезеңдер жөніндегі Сіздің сұрағынызға жауаптар сонда айтылған.

Қазір бізге нарықты тұрақтандырып, алға қарай жылжу керек. Біз құрып бара жатырмыз деп бір қыырдан екіншісіне ұрыну қажет емес. Мен бір нәрсені айта аламын: Қазақстанда ашаршылық болмайды, адамдарды қыындықтан қорғаймыз, ешкімнің аш-жалаңаш жүруіне жол бермейміз. Қыын бола ма? Иә, қыын болады. Бірақ біздің Қазақстан халқы қыындықтың мұнан да зорын бастан өткерген. Коллективтіндіру кезіндегі қырғынды, соғысты, соғыстан кейінгі уақытты еске түсірініздер. Әрине, қазір бейбіт уақыт, бізге қазір өзіміздегі тұрақтылықты сақтап, алға қарай жылжу керек. Мен алдымызда жақсы күндер тұрғанына сенемін, сол үшін де жұмыс істеймін.

### **Шерхан Мұртаза:**

– Құрметті Президент, есінізде болса, осыдан үш-төрт ай бұрын "Егеменді Қазақстан" газетінің бас редакторымен сұхбатынызда: "Мен Әбілқайыр емеспін!" дедініз. Әбілқайыр кезінде халықтың наразылығына қарамай, Ресей боданы болуға келісіп, отаршылыққа жол ашып берді ғой. Кейбіреулер Сізді Ельциннің жетегінде жүр дейді, тым орысшыл дейді. Сол рас па?

## **Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев:**

– "Егеменді Қазақстанда" осы сауалыңызға жауап берген сияқты едім. Дегенмен, жаңағындағы сөз болатын болса, айта кетейін: Ельциннің кім екенинің мен баға беріп жатпаймын. Ол менің әріптесім, халық сайлаған бір елдің басшысы, халық сайлаған мен бір елдің басшысымын. Бұл екі ел өзара көрші. Ата-бабаларымыз білпектің күші, найзаның ұшымен осынша жерді бізге қалдырып кетті. Ал енді бүгінгі күні Қазақстанның өз аумағында 40 проценттен аз-ақ астам болып қалғанымызға, Шәке, мен де жауапты емеспін, Сіз де жауапты емессіз. Жағдайымыз осылай болды. Ал енді осы жағдайда ақылмен жұмыс істемесек, төнірегімізben қарым-қатынасымыз қалай болады? Баяғы ата-бабаларымыздың ұстанған жолы қалай еді? Тіпті бүгінгі де, ертеңгі де, келер үрпақтың барлығы да осы Ресей жерімен шекаралас, көршілес тұратын болғаннан кейін анау 3500 шақырым шекараға біз әскерді қоя алмаймыз. Жаңа туған баладан 90-дағы шалға дейін – бәріміз барып сол жерге тұрсақ та жетпейді.

Егемендігімізді алып, тәуелсіздігіміздің Көк туын көтеріп отырмыз. Бұл жеткен табысымыз Абылай мен Абайға дейінгі үрпақтардың барлық буындарының арманы еді. Бұл Сырым мен Әлиханның арасындағы буындардың арманы еді. Сол арманға қолымыз жетіп отырғанда, енді сол Туды қалай тік ұстап қаламыз қолымызда? Осы тәуелсіздікті шынайы ету үшін не керек? Осы көршілерімізben арадағы тыныштық керек, қан төгіспеу керек. Немене тәуелсіздікті тек қана соғыспен, қантөгіспен алу қажет пе? Біз тәуелсіздігімізді ақылмен, ата-баба жолымен алдық деп ойлаймын.

Ресейдің басшысы Ельцин бола ма, Иванов, Петров бола ма, Қазақстанның басшысы Назарбаев бола ма, басқа біреу бола ма, екі елдің арасында дұрыс қарым-қатынас жасау халықтардың мұддесін ойлағандық болып табылады. Болашақта олармен тек сауда-саттық емес, үлкен келісімге баруымыз да – қазақтың қамы, елдің қамы, елдің тыныштығын ойлау. Бізге кем дегенде, қазір менің ойымша, 15 жыл тыныштық керек. Сонда аяғымыздан тік тұрып, әскерімізді, шекарамызды, экономикамызды, әлеуметтік жағдайымызды түзеп алсақ, онда келер үрпақ басқа саясат жүргізетін болуы мүмкін. Менінше, қазіргі жағдайда осы саясат дұрыс деп санаймын. Ол бір менің айтып жүргенім емес, Шәке. Бұл Мәскеудегі үлкен-үлкен саясаттанушылардың, шетелден келген саясаттанушылардың, АҚШ-тың Орта Азия мен бұрынғы Кеңес әкіметін зерттейтін институттарының мамандарымен кездес-кендері келген тұжырымдар. Қандай саясат жүргізу керек дегенде, қазіргі кезде Қазақстан үшін тек осы саясат дұрыс дейді. Ал енді біздің азаматтардың басқа ойлары болса, айтсынышы, қолданайық.

**Сергей Степанов:**

– Қазір көптеген мәселелердің ішінде біздің қоғамды толғандырып отырған және бір мәселе бар. Бұл жаңа Конституция туралы мәселе. Ол алдың ала парламентте талқыланды, айтыс-тартыс тым өткір болды, енді пікіртлас парламенттен ұжымдарға көшті. Адамдар белсene талқылап жатыр. Мұны біздің редакцияның поштасы да айғақтайды. Сіздің пікіріңізше, жаңа Конституцияның жобасында қандай сұрақ үлкен айтыс туғызыуы мүмкін және Сіз жалпы талқылау барысына қалай қарайсыз?

**Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев:**

– Халық теледидар арқылы көріп, тыңдал отырды той. Есінізде ме, біз Қазақстанның Мемлекеттік егемендігі туралы Заң қабылдағанда үлкен тартыс болды, Қазақстанның Тіл туралы Заңын қабылдағанда тартыс болды, енді, міне, Конституцияға байланысты болып жатыр. Айтыс-тартыстың денін екі мәселе туғызады: бірінші мәселе – тіл туралы мәселе, екінші мәселе бұл біздің қандай мемлекет құратынымыз туралы мәселе: Президенттік билік дегеніміз не және ол демократия принциптерімен қайтып үйлеседі?

Қазір үлкен талқылау жүріп жатыр, халық өз ойын айтады. Біздің Жоғарғы Кеңес өткір талас жағдайында, есінізде болар, тіпті кейбір қарама-қарсы тұрушылық та болды, сондай жағдайда менің де қатысуымен дұрыс шешім тапты деп санаймын. Қалай дегенмен де қазақ тілі мемлекеттік тіл болып табылады. Бұл туралы мен талай рет айтқанмын. Әңгіме қазақ тілін өзге барлық тілдерді тұқыртатындағы дәрежеге көтеру жөнінде болып отырған жоқ. Ол үшін тым көп уақыт керек. Мәселе қазақ тілінің өзінің әбден тұқыртылып келгенінде болып отыр. Ол ошақ қасының, тұрмыстың тіліне айналып, оны мемлекетте, окуда, еш жерде қолданбайтын болып қалды. Дүниежүзілік тәжірибе, дүниежүзілік ғалымдар тіл болмаса ұлт жоқ, ұлт болмаса ұлттық мемлекет жоқ дейді. Яғни біз де нақты ұлт ретінде, мемлекет ретінде құрып кетудің аз алдында қалдық. Сондықтан да Қазақстанға өз еркімен де, еріксіз де келіп, осында тұрып қалған басқа халықтардың барлығы қазақ халқының кеңпейілділігі мен ыстық құшағын қалай да ұмытпағаны жөн. 1995 жылға қарай жүрттың бәріне қазақ тілін зорлап үйретеді, егер қазақ тілін білмесең, лауазымды қызметте бола алмайсың, институтқа түсе алмайсың деген кейбір қауесеттің тарап кетуіне байланысты былай демекпін: жолдастар, бұл барап тұрған бос сез. Әңгіме тіпті де бұл туралы емес, әңгіме мемлекеттік тілді пайдалану, енгізу туралы. Әңгіме балалар бақшаларында, мектептерде бірінші кластан бастап қазақ тілін үйрету туралы болып отыр. Жақсы оқытқан жағдайда осылайша бастаған балалар кейін мәселен, қазақ тілінен емтихан тапсыра алуы керек. Бұл – бәрін басынан бастағандарға, яғни бірінші кластан бастап үйренгендерге. Айтыңызы, кәне, бұл мәселені көтергенім-ізге үш жыл болды, қазақ тілін білмегені үшін кімге шектеу салыптыз? Ең

болмаса бір адам бар ма екен, айтсынышы, кәне. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл болғаны үшін кімді қызметінен алып тастанты? Мен ешқандай шағымды көрген емеспін. Мүмкін мұндай жағдай сіздерде болған шығар?

**Сергей Степанов:**

– Жоқ.

**Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев:**

– Міне, көрдіңіз бе? Өлбетте мәселенің екі жағы бар. Егер Қазақстанда қазақ тілі ғана мемлекеттік тіл болмай, екі тіл мемлекеттік тіл болады десе, қазақтар үлт, халық ретінде мұнымен келіспейтініне Сізді сендіре аламын. Екінші жағынан, егер біз тілдік принциппен басқалардың бәрін шектейтін болсақ, олар да келіспейді. Консенсус дегеніміз не? Бұл белгілі бір мәселе де икемділік таныту тәсілі, келісу әдісі. Қазір сондай консенсус табылды: мемлекеттік тіл – қазақ тілі, бірақ Қазақстанда тұратын кімді болсын тілді білмеушілік белгісі бойынша шектеуге тыйым салынады. Екіншіден, орыс тілінің қолданылу саласы ешқандай да шектелмейді. Осыған келісушілік байқалады. Есінізде болар, дауыс беру кезінде алты депутат қана қарсы болды.

Мен осы сезімді Қазақстанның барша тұрғындарына арнаймын. Сіздер мені өте жақсы білесіздер, мен міне үшінші жыл осы мемлекеттің Президентімін. Және әрдайым менің сезім мен ісімнің өзара үйлесіп жатуына үмтүлыш келемін. Мен үл бағытымды өзгерктен емеспін, осы бағытпен жүріп келемін және жүре де беремін. Мен осыны қалағандықтан ғана айтып отырғаным жоқ, үл ең алдымен, қазақ халқына және Қазақстанды мекендейтін барлық халықтарға қажет. Талқылау осы бағытта жүретін болса, біз мәселеңің жақсы шешімін табамыз деп үміттенемін.

Екінші мәселе – қандай мемлекет құратынымыз жөнінде. Үл саясатта – демократиялық, экономикада – нарықтық экономика мемлекеті. Өкімет билігі – парламент болуы керек, дербес парламент, тұрақты жұмыс істейтін, кәсіпқой парламент, Жоғарғы Қенестің тегағасы болуы керек. Өз міндеттерін жүзеге асыру үшін барлық құқыққа ие болатын, бүкіл халық сайлаған Президент болуы керек.

Мына "Стратегияда" мен біздің мемлекетіміздегі саяси тұрақтылықтың, үлтаратылғы өзара түсіністіктиң қажеттігін үнемі атап көрсетіп отырдым. Мен онда былай деген едім: "Көп үлтты халықтың әлеуметтік тұрақтылығы мен мүдделерінің серпінді тере-тендігі біздің мемлекеттің қалыптасу және даму процесін әрқашан да айқындастын болады. Осыны айқын сезіне отырып, Қазақстанның гүлденуі үшін Республиканың барлық халықтарының ынтымақтасуына, әр адамның бақыты мен бостандығына, барлық азаматтардың материалдық және рухани мәдениетін көтеруге қамқорлық жасау керек. Мен

Қазақ халқының әуелден-ақ кез келген үлттар мен ұлыстардың өкілдерімен ынтымақтық пен татулықта тұра білетін дәстүрлі салиқалылығына, олардың табиғи кеңпейілдігі мен көршілерінің мұддесіне терең құрмет көрсете-тіндігіне сүйене отырып осыған жететіндігімізге сенімдімін. Қазақстанда өмір сүретін басқа да халықтар тарапынан қазақ үлттының езінің қайта өрлеуіне деген табиғи ұмтылысына кеңпейілділік, құрмет және түсіністік біздің мемлекетіміздегі татулық пен достықтың іргетасына айналмақ.

Әңгіме этникалық алуан түрліліктері әлеуметтік біртұастықтың стратегиясы бір территорияда тұратын тұрмыстың ортақ жағдайымен әрі туысқандық менталитетке, ігілік және бақыт идеясымен біріккен, бір демократиялық құқықтық мемлекет қорғайтын адамдардың үйлесімді қауымдастырын қолдау туралы болып отыр.

Мұның бәрі, осы айтылғандар да – ой-толғаныстың жемісі. Мен былай деп ойлаймын: қазірі қалыптасқан жағдайды қазақтар да, орыстар да әбден білуі керек. Не деуге болады, әркім-ақ дүниеде болып жатқан оқиғалардан қорытынды жасасын. Бір күннің ішінде Қарабақта 500 адам өліп, 1000 адам жараланған. Ал біз бұл жөнінде газеттерде жайбарақат жазып, осы қырғынға бой үйретіп келеміз. Құдай басқа бермесін, егер ондай жағдай болатын болса, басқа ештеңені де ойлауға тұра келмейді.

### **Шерхан Мұртаза:**

– Нұреке, осы бәріміз де ауылдан шықтық қой, ауыл біздің анамыз. Сол ананың алдындағы қарызымыз таудан да үлкен сияқты көрінеді маған. Сол қарыздан қалай құтылар еkenбіз? Алматы алаңындағы айқайлы митингілер, менің ойымша, сол ауылдың тозғандығының айғағы. Ауылға сыймаған жастардың көбі осында жүр. Ауылдағы әлеуметтік азыл-тозу деген осы емес пе еken. Хрущев заманында біркітіріліп жіберілген майда бөлімшелер бар, әсіреке, солардың халі нашар қазір. Мәдениеттің иісі білінбейді ол жерде, әлеуметтік жағдай өте қыын. Соның салқыны, соның ызғары енді білініп жатыр. Қалай жөндейміз, қалай көтерер еkenбіз ауылды – анамызды?

### **Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев:**

– Әрине, бұл көп ойландырып жүрген мәселе. Бір жағынан ойлап қарашыздар, 1986-шы жылдан бастап ауылда тұратын халыққа қолыңнан келсе, малды қанша ұстасаң да – ұста, қанша өндей аласың, сонша жерді ал, өз жағдайынды ойла дегеннен бері қарай ауылда өзгеріс бар. Ауылды мен де арапап жүремін, бір ауыл бір ауылмен тең емес, бір ауылдың жағдайы дұрыс болса, біреуінде кем түседі. Өздерініз білесіздер, былтырғы жылдың аяғындаған 15-16 облысты арапап келдім, жақында да арападым. Жалпы ауылдағы халықтың ішетін тамагы, жейтін азығы бар. Құр әншейін айғайлап, ауыл құрып бара жатыр дегенге мен сенбеймін. Ол дұрыс емес.

Бірақ ауылдың басқа проблемасы бар. Мысалы, мына нарық экономикасына көшер кезде біреулер: бұл қазақтар нарықты түсінбейді, нарыққа үйренген жоқ, нарықтан қазақтар ештеңе алмайды, ауылдағылар қаңғып қалады, дейді. Сонда, енді тағы да мың жыл қазақтар түк білмейді деп естіп жүреміз бе? Ал орыстар біледі нарықты, олар жұмыс істей алады, өзбектер біледі, түріктер мен әзіrbайжандар біледі. Сонда ең сорлысы қазақ болып шыққаны ма? Бұл дұрыс емес.

Қазірден бастап жастарымыз үйренбесе болмайды. Биыл 2 мың жасты Түркияға оқуға жіберіп жатырмыз. Өнеугүні бірінші тобын аттандырдық. 200-ден астам адам Кореяға барып оқып келді, олар көмектесті. Еуропаға, АҚШ-қа барғанда да сол жөнінде келісіп қайттық. Аманшылық болса, 4-5 жылдың ішінде біздің мемлекетімізді әрі қарай алып кететін жап-жас белді-белді жігіттер болады. Бара жатқандардың барлығы – мамандар, ағылшын тілін біледі. Көбісі, көріп отырсыздар, қазақтар.

Ауыл мәселесінде және бір жайт бар. Мәселен жекешелендіру, мемлекет меншігінен алу мәселесіне ауылдың көзқарасы қалай? Халық білді ме, білмеді ме, мен жақында шығарған бір Жарлықта жекешелендіруді тездету мәселесі айтылды. Сонда былай дедік: акцияның 20 проценті сол жерде жұмыс істеп жүрген адамдарға берілсін, 10 проценті шетелдік инвесторларға берілсін. Себебі олар өздерінің валюталарына сапалы бүйімдар шығаратын құрал-жабдық, машиналар алып келеді. Акциялардың ендігі бір тобын сол жерде металл өндіретін болса, болат балқытып жатқан адамдар алысын. Ал 31 процентін үкіметтің қолында қалдырамыз, ол 31 процент акционерлердің ақша алудың барлық жұмыскерлеріне таратып берген жөн сияқты. Немесе тағы бір ұсыныстар бар. Қазақстанның барлық өндірістік байлығын есептеп, санап бүкіл жұмыс істеп жүрген халықтың қолына беру керек деген. Жекешелендіру купоны дегеніміз осы. Оны да ойлап жүрміз. Ойламай жүрген жоқпыш. Біз үлкен өндірістің жекешелендіруіне әлі кіріспедік. Ауыл туралы пікір қозғайтындар қазір жүрттЫң бір-бір отар қойды өзіне алғанын неге айтпайды? Ет, сут өндіретін, май шығаратын зауыттардың акцияларын сол ауылдағыларға да беріп жатырмыз. Мұны неге ескермейді? Сондықтан құр даурықканша, біздің жастарымыз екі жеңді сыйбанып, осыған кірсіуі керек.

Болашақ өмірде бізге іскерлік сергектік қажет. Енжарлықтан арылайық, енжар адам, жұмыс істемейтін жалқау адам өзіне өзі залап жасап, қофамның табанына түсіп қаңғып кетеді. Ал іскер, сергек адам бай болады – болсын. Халық неғұрлым бай тұрса, мемлекет те бай болады. Бүгінгі таңда көп балалы аналарға қалай молырақ көмек көрсетуді ойлап жүрмін. Ең бірінші кезекте соларды ойлау керек. Себебі халықтың болашағы сонда. Сол балалар қалай өседі, кім болады, соны ойлаймын ең алдымен. Міне, зейнеткерлерге, көп балалы аналарға, мүгедектерге үкімет көмектеседі. Басқалар өз

нәсібін өзі теріп, өз жағдайын өзі жасау керек. Нәғyz бостандық – экономикалық бостандықта. Саяси бостандық болмаса экономикалық бостандықсыз саяси бостандық та жоқ. Жұрттың бәрі осыны түсінуі керек. Әйтпесе, Шәке алға қарай жылжуымыз мүлде қындаиды.

Жастарымыз Жезқазғаның, Қарағандының өндірісіне неге бармайды, солардың училищелері қаңырап бос тұр, жатақханалары бос тұр. Өскеменге неге бармайды? Көкшетаудың, Петропавлдың зауыттарына неге бармасқа? Өзіңіз білесіз, Торғай мен Қостанайдың жері де жетеді, малы да жетеді, сол жаққа неге бармасқа? Барлық жақтан, Өзбекстаннан, Қарақалпақстаннан келген ағайындар өзіміздің онтүстіктен жылжыған ағайындардың бәрі Алматының төнірегіне жиналады. Алматыда бұдан былай ешқандай зауыт, өндіріс салдырмаймыз. Сонда жаңағы жастар болашақта не боламыз деп ойлайды? Сіздер, журналистер, жазушылар, осы мәселені неге көтермейсіздер? Біздің азаматтық қозғалыстарымыз, сол жаңағы "Азат" болсын, басқалары болсын, жастардың арасындағы осы тұрғыдағы үгіт жұмысын неге жүргізбейді, олар ана жерлерімізге барып неге ие болмайды?

Өзіңізге белгілі, Сіз сол тұста жастар газетінде істедіңіз, мен 18 жасымда металлург болдым. Сонда қазақтың он мың жілті бардық ауылдан шығып, өмірі темірдің шашыраған отын көрген жоқ едік. Сол жігіттердің көбісі Қазақстан Магниткасында тұрақтады деп айта алмаймын, көбісі кетіп қалды. Бірақ та қазір Қазақстанның қай түкпіріне барсаң да, өндірісте жүрген сол жігіттерді көресің. Сондықтан жас кезде, 18, 20, 25 жастағы қылышылдан тұрған кезде ешқандай қындықтан қорықпай, соған бару керек. Кейін есейгенде мұның жемісін көреді. Жақсы, жаман болады, барлығына үйренеді.

### **Шерхан Мұртаза:**

– Бұғын сессияда вице-премьер Дәулет Сембаев бюджет туралы баяндама жасады. Менің үққанымша, біздің жерде тұрған әскерді асырау үшін жылына 19 миллиард сом бөлінуі керек екен. Бұл шекаралық әскерден басқасына. Ал байқап отырсақ, біздің бүкіл рухани салаға, оған мәдениет те, әдебиет пен өнер де кіреді, соның бәріне бөлінгені 3 миллиардтан сәл астам. Осыншама әскерді ұстап тұруға қандай қажеттілік бар екен деп ойлаймын сосын. 19 миллиард деген де көп дүние ғой...

### **Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев:**

– Сұрағыңыз орынды. Қазір бюджетті қарал жатырмыз, өзіңіз көріп отырысыз, біздің бюджеттің 54 проценті әлеуметтік мәселелерге жіберіліп отыр. Дүние жузінде Қазақстандай өзін-өзі жейтін мемлекет жоқ қазір. Егер де біз өндірісті дамытуға қаражат бәлмесек, мысалы, мыс қорытатын Жезқазған комбинатының кен-байыту, өндіру ісіне ақша бермесек, екі жылдан кейін ол

тоқтайды. Сонда үкіметке, бюджетке ақша түсіріп тұрган зауыттың біреуінен айырыламыз. Қарағанды металлургия комбинатының көн өндіріп жатқан көнштеріне ақша бермесек, ол да тоқтайды. Сонда екі жылдың ішінде мәдениет саласына да, мұғалім, дәрігерлерге де, мүгедектерге де беретін ақша болмай қалады. Сондықтан біз қазір көрлемізге қарай көслейік. Алдымен нені істеп алу керек, соны ойластырайық. Қазір біз басымдық беретін, тапқан ақшамызды жұмысайтын сала – тамақ өндеу саласы. Шетелдерде ет өнімдерінің 150 түрін, сүт өнімдерінің 100-120 түрін шығаратын машиналар, оларды бұзбай сақтайтын тоңазытқыштар бар. Шіркін, соның бәрін алдымен жасасақ деймін. Содан кейін жеңіл өнеркәсіптегі, аяқ киім, киім, шапан тігетін орындардағы құрал-жабдықтарды лақтырып жіберіп, солардың орнына осы заманғы жаңаларын алып келіп, шетелдермен тен дәрежеде тіге алатын өндіріс жасау керек. Міне, осыларға басымдық берейік. Үшінші мәселе, шикізат қана шығара бермей, дайын өнімдер шығаратын болайық. Мысалы, қара мысты шығарып қоймай, одан кабель жасап, прокат жасап, шығарайық.

Әскер жөнінде айтайын дегенім, біз бұл әскердің бәрі өзіміздікі деп жарияладық – бұл бұрыннан қалған "мұра" ғой. 200 мыңнан артық әскер бар. Бір дивизияны қысқарту үшін, мысалы, сол дивизияны құруға кететін шығыннан 20 процент артық қаражат қажет екен. Өйткені ол адамдарды жұмысқа орналастыру керек. Кетіп жатқан әскерлерге жәрдемакы беру керек. Қазірше амал жоқ, ал биылдан бастап қысқарту мәсесесін қарастырамыз. Тіпті бізге өзіміздің әскери стратегиямызды, әскери доктринамызды жасау керек. Бізге қандай әскер қажет? Меніңше, жаяу әскер, әуе құштері керек, теңіз құштеріміз Каспийде болуы керек. Содан кейін бізге ракеталық бөлімшелер керек. Аманшылық болса, осындейлардан тұратын әскеріміз болады. Саны қанша болуы керек? Біз ешкімді жаулап алайық деп отырған жоқпыз, біреуге тиісейін деп отырған халық емеспіз. Жер-су жөнінде ешкімге таласымыз жоқ. Сондықтан өзіміздің тәуелсіздігімізді, елдігімізді, абыройымызды қорғай алатын әскер керек, басқа жағдайда бейбітшілік саясатын жүргіземіз.

Тәуелсіздік алғанымызға алты-ақ ай болды. Шәке, шыдам деген де керек қой. Алты айдың ішінде біраз іс тындырдық, құдайға шүкір, елтаңбамызды, туымызды шығардық, өз тіліміз мемлекеттігін алып жатыр, әскерімізді құрып жатырмыз, мінеки. Өзіміздің бабаларымыздың асын бердік. Дүниежүзі бізді ел екен, Қазақстан деген мемлекет, қазақ деген халық бар екен деп біліп келе жатыр. Біріккен Ұлттар Ұйымының, дүниежүзілік басқа да қоғамдардың мүшесі болдық. Өзімізше айтқанда, құдайға шүкір, тәубе дейік. Әрине, бұдан да тезірек жылжуға мүмкіндік бар шығар, бірақ маған ондай жолдар белгісіз.

### **Сергей Степанов:**

– Мен үлтаралық қатынастардағы тұрақтылық туралы мәселеге қайта оралсам ба деп едім. Сіз бұған өрдайым айрықша маңыз беріп келесіз. Сол арқылы Қазақстанның барша азаматтарының құрметіне ие болдыңыз. Алайда, қоғамда қайықты теңсeltuge тырысатын құштер бар болып отыр. Мойындау керек, соңғы кезде олар жандана түсті. Сіз қалай ойлайсыз, бұлар қандай адамдар, қазір шиеленісті өршіту кімге пайдалы? Бәлкім, олардың сындарлы бағдарламасы бар шығар, ал үкімет пен Президент оны принциптік тұрғыдан қабылдағысы келмейтін болар?

### **Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев:**

– Мен жаңа ғана "Егеменді Қазақстанның" бас редакторының осындай сұрағына жауап бердім. Олардың жиналыс өткізуі, митингіге шығуы ештеңе етпес те еді. Біз демократиялық мемлекет құрып жатырмыз. Адамдар бұрын қыспақта, қорқынышта болып, басқаша ойлауға қаймығатын. Бір адамның ақтық ақиқатты айтып бергені жететін болар. Өзгелер де пікірін айтсын. Бірақ ешкім үлтаралық тұрақтылық, Қазақстондағы келісім біздің дамуымыздағы, біздің мемлекеттілігіміздегі басты нәрсе екенін ұмытпауы тиіс. Үлтаралық қақтығыстың, құдай оны басқа бермей-ақ қойсын, оны болдырмау барша қазақстондықтарға байланысты, құны өте қымбат, ол біздің мемлекеттілігіміз, мұнда кепілге Қазақстанның мемлекеттілігі қойылады. Кімнің болса да осы мәселеде қатты ойланғанын қалар едім. Егер ойланып көрген адам менің не айтайын деп тұрғанымды түсінеді.

Мен жыл сайын барлық қозғалыстардың жетекшілерімен кездесетінімді білесіздер. Қазір олардың саны 45-47 болды. Біз ойымызды айтамыз. Егер жақсы ұсыныстар бар болса, Жоғары экономикалық қеңеске беріндер деймін. Нарық экономикасына көшу жөніндегі біздің бағдарламамызды сыйнайды екенсіздер, онда өздерінізде қандай ұсыныс, қандай бағдарлама барын айттыңыздар. Жоқ ондайлар. Жуырда мен ауылдағы реформаны өзек еткен бір бағдарлама алдым. Онда колхоздар мен совхоздарды бұрынғыдай сақтап, оларға қалалардағы дүкендерді беру керек екен. Ал біз мұны осыдан бес жыл бұрын жасап едік қой. Дүкендердің 30 процентін беріп, олар аяғында жабылып тынды. Ал біз ауылда өз ісінің қожайыны болсын, дүкенде қожайын болсын, олар өзара келісім жасап, қалай келісе алса, солай сатсын дейміз.

Ауылдан қалаға келген жастар, әлбетте, алғашқы жылдары тарығады, тұрғын үйі жоқ, жұмысы қанағаттандырымайды. Бұл бұрыннан да осынай болатын, біз де қалаға келгенде өмірімізді солай бастағанбыз. Бұл қыншылыққа нарық экономикасына өтпелі кезеңнің ауыртпалығын қосыңыз. Иә, баға өсті, өндіріс құлдырап кетті, жұмыссыздық шығып жатыр, зейнетатақы жетпейді. Осында ұрандармен ертең көшеге мен де шығайын, әлбетте, баршаны мен де көтеремін. Ал мұның салдары қандай болады? Сондықтан

да әсіресе, бір ғана үлттық тақырыппен көшеге шығатындар өзге үлттарға жағатындар не ойлайтынын түсініү керек. Олар да дәл осылардай ойлайды. Қазақстандағы тұрақтылық тынышын алып, қызғанышын туғызып отырған сырттағы адамдар бар. Олар бізді іштен ірітуді қөздейді. Ашығын айтайын, қазақ жастарының арасында осымен айналысып жүрген қазақ еместер бар. Бұл бізді мазасыздандырады, сондықтан да мұнымен айналысып жатырмыз. Яғни, бәз біреулер қазақ жастарын көтеріп, көшеге шығарғаннан кейін, көрдіндер ме біздің мұддемізге нұқсан келтірді, біз неге славяндық белгіміз бойынша жиналмаймыз дегісі келеді. Қайталап айтайын, Қазақстанда қазақтар мен орыстардың арасына от жағушылар – қазақтың да, орыстың да қас жауы. Қақтығыстарда кінесіз қарапайым адамдар опат болады. Мен бұлай болғанын қаламаймын. Адамдар өздері митингіге шақырғанда бір нәрсені әбден түсініү керек: сол митингіге шақырғандар үлт туралы, халық туралы шынайы қамқорлық жасап отыр ма, әлде өздерінің саяси беделін көтергісі келе ме? Бірнеше жұз адам жиналды ма, жиналмады ма, білмеймін, ел қандай даңғаза көтерді десеңізші. Құн сайын Мәскеу теледидарындағы бірінші канал, "Хабар-ошар", әрбір жарты сағат сайын "Маяк" даурыбып берді "міне, бізде ғана емес. Қазақстанда да у-шу болып жатыр". Бәрінің қағанағы қарқ, сағанағы сарқ бола қалды.

Ал бұдан біздің халқымызға келіп-кететін не бар? Оның үстіне жаңағы ұрандарды, менің білуімше, социалистік партия, Халықтық конгресс қолдамады. Ал болашақта былай болады. Халық менен конституциялық құқығымды пайдаланып, Қазақстанның заңдарын орындауымды талап етеді. Заңсыз нәрсенің бәріне қатаң түрде заң бойынша тыйым салынады. Мен істің осыған дейін ушығуын қаламас едім. Президенттің жанынан Консультативтік кеңес: (Президенттің өзі қазақшасын осылай деп айтты, оны Ақылдастар алқасы десек қайтер еді – "ЕК") құруға үйғардым. Партиялардың, қозғалыстардың жетекшілері оған мүше болғанын қалаймын. Оған біздің ақсақалдымыз, жетекші экономистеріміз, белгілі өнер және мәдениет қайраткерлері кірсін, онда жастардың, әйелдердің, түрлі үлттың өкілдері болсын. Мен өз бағдарламаларымды, заңдардың жобаларын ұсынып, талқыға салайын. Сол жерде дауласайық, пікірімізді айтайық. Тіпті олардың Жоғарғы Кеңестің комитетіне келіп сөз сөйлеуіне болады. Сондықтан мұның бәрі бір ғана Назарбаевқа қатысты, ол осындаидан қаймығады деп ойламай-ақ қойсын. Ондай қорқыныш әлдеқашан біткен. Қазіргі қорқыныш біреу-ақ: бұғынға қолда бар байлығымызды, асыл байлығымызды – адамдар арасындағы байлықты сақтай алсақ.

Мынандай да сүмдықты естідім: автобустарда, трамвайларда қазақ қыздары мен балалары қазақша сөйлемесе, өзіміздің қазақтың жастары ұрады еken. Де Голльдің кезеңі еске түседі. Де Голль Алжирдің тәуелсіздігін берген кезде Францияда тәрбиеленген көптеген алжирліктер өз тілін ұмытып, фран-

цуз тілінде сөйлеген екен. Алжир революциясының кезінде алжир тілін білмен алжирліктерді ұрып-соққан. Содан Алжир үкіметі қаулы шығарып, алжир тілін білмегені үшін алжирлікті ұрған адамды алжир халқының жауы деп, табан астында атып тастаған екен. Шәке, естідіңіз бе осыны?

**Шерхан Мұртаза:**

– Білемін.

**Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев:**

– Қызды ұру деген не деген сүмдыш! Бұрын ол байғусты білмейсің дег мұқатты. Арасасатындары да, мектебі де, ертеңгі түсетін оқу орны да орысша болса, қалада өскен ондай жастың қандай кінәсі бар? Қайта қазақ тілін білетін жастар сол замандастарын жаңына ертіп, үйретпей ме? Ал енді айтайды, біздің орысша жазып жүрген жазушыларымыздың қаны қазақтікінен басқа ма? Шығармаларын орысша жазатын Әнуар Әлімжанов, Олжас Сүлейменовті айтайды. Солардың жүргегі қазақ деп соққанда қай қазақтан кем екен?

Біздің қазақтың арасында жүзге, руға бөліну дейтін өлі бар. Талдықорғандагы жақсы бір шараға, облыстағы ұлттардың съезінеге қатысқаным бар. Сонда "Жүзге бөлінгеннің жүзі қүйсін, руға бөлінген у ішсін" деген даналық сөзді ұран ретінде жазыпты. Қандай тамаша сөз! Енді қазір басымыз бірікпесе, қашан бірігеді.

Сондықтан інілеріме, қарындастарыма, жастарға айтатынның: осы қазіргі қызын-қыстау заманда менің күндіз-түні ойлайтынның, менің қасымдағы серіктірімнің барлығының шаруасы – сендердің, болашақтың қамы. Осы нарық экономикасын, осы реформаны іске асыра алсақ екен, сендердің болашағың бақытты болса екен дейміз. Қазақстанды дұрыс жолға шығарсақ екен деп жүрміз. Басқа ешқандай ой жоқ. Ең алдымен, осыны түсіне білініздер.

**Шерхан Мұртаза:**

– Бұрынғылар айтқан екен: "бір кісі таққа отырса, қырық кісі атқа отырады", деп. Таққа отырған өзінізсіз, тәнір жарылқап, ал енді атқа отырған қырық кісі сіздің уәзірлеріңіз, министрлеріңіз, жаңыңыздары көмекшілеріңіз болар. Олардың ақылман болғаны, өте парасатты, биік білімді болғаны жарасады той. Сіздің серіктірініздің арасында ондайлар бар деп ойлаймын. Бірақ кейде ел ішінде күнкіл-сынқыл әңгіме естіліп қалады. Оның үстінеге жақында "Жас алаш" газетінде біздің бір қатар жазушымыз жазыпты: Президенттің айналасындағы адамдардың бәрі қулар, рушилдар деп, тіпті "қап-қара қарақшылар" деген жері де бар. Осы қалай, шындыққа жата ма жоқ әлде жала ма?

## **Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев:**

– Әлжаппар ағамыздың ол жазғанын мен де оқығанмын. Қөптен білетін, күрметтейтін ақсақал ғой. Ал енді заң бойынша біреуді қарақшы деп алып, соның қарақшылығы дәлелденбесе, айтқан адам жауапқа тартылуы керек. Бұл біріншіден. Екіншіден, мұндай сөзді айту үшін жағдайды білу керек. Онда ол кісілердің фамилияларын атау керек еді. Біз оны тексеруіміз керек. Бұл сөз, жақсы көретін ағам мениң кешірсін, қазақтың далбаса сөзі. Әйтеүір бастықты жамандau керек. Осы күні ол бізде сәнге айналған. Баяғыда жамандаса артына түсіп, не өзін, не баласын құртар еді. Қазір қорқатын ештеңе жоқ. Бұл батырлық емес, айтсын деп осыған өзіміз жағдай жасап отырымыз.

Ал енді мәселенің түп-тамырына келетін болсақ, мен де бір газеттерден жақында оқыдым, басшылықтың бәрі оңтүстіктен болып кетіпті дейді. Баяғыда Колбиннің кезінде осындай бәле шығып еді, қайтадан пайда болды. Президент болып сайлаған кезде, есінізде бар болар, интелегенциямен кездескенімізде, Хамит Ерғалиев, Әзілхан Нұршайықов сияқты ағаларымыз маган жеті шумақ өлең жазып беріп еді. Сол өлең кабинеттімде қол астында жатады. Елдің руга бөлінуін қойғызып, басын біріктір деген магынада ол өлең. Бала кезімнен тәрбием өзіңізге белгілі, ондай бәледен аулақын. Оның қазаққа деген жаманшылығының шет жағасын Алматыға келгеннен кейін өзім де көріп қалдым. Шынында да біз бір нәрседен ауытқу жасап жүрген шығармыз деп, оңтүстіктен кімдер бар екенін тексердім: 34 министр бар екен, соның төртеуі оңтүстіктен, анау Қызылордадан бері қарай санағанда Премьер-министрдің 7 орынбасарының ішінде оңтүстіктен Мырзатай Жолдасбеков бар екен. 27 бөлім бастығының төртеуі оңтүстіктен. Не деген масқара, осыны маган санаттырған азаматтардың үтібы бар ма екен?

Әнеукүні АҚШ-қа бардық. Анау Бейкер 35 жылдан бері қарай Буштың досы екенін бүкіл Америка біледі. Ол жасырмайды. Брейди деген қаржы министрінің әкесі мен Буштың әкесі бірге өскен. Екеуі бір мектепті, бір институтты бітіріп, бір партияда істеген. Оны ешкімнен жасырмайды. Мені сайладындар, енді маган сеніндер, кімді аламын, кіммен жұмыс істеймін, өзім жауап беремін, дейді. Ал біз баяғы ортағасыр заманында жүргендейміз. Кейде есептеп отырсаң да, қолынан жұмыс келетін азаматтардың обалына қаласың. Сондықтан біреуге үнай ма, үнамай ма, мениң принципім қолынан жұмыс келмейтін адам кетеді.

С. Терещенко жолдастың неге Премьер-министр болғанын ақылы бар азамат түсіне жатар: бір жағынан осында туып-өсті, екіншіден қазақ тілін біледі, үшіншіден бұл біздің көп үлттыхылдықтың көрінісі. Ол қазір өз қызметтінде қазақтың жағдайын ойлап, қазақ тілі жөніндегі занды орындау мәселесін қарап жатыр. Сосковец неге келді? Қайдан шықсан бәле, өйтті-бұйтті, дейді. Осындай әңгіменің барын біліп мен Мәскеудегі және өзіміздегі екі прокуратурадан екі қағаз алғыздым, керек болса көрсете де аламын. Бұл өзі Талды-

қорғанда туып-өсken, сол металлургия комбинатынан шыққан жігіт. Мұны алып келген себебімді енді айтуға тура келіп түр. Ел басшысы барлық сырын айта беруіне болмайды. Оны біздің комбинаттан алып барды да, бүкіл Қеңес Одағындағы түсті және қара металлургияның барлығының басшысы етіп қойды. Қеңес өкіметі қүйреді. Біздегі өндірістің басшыларының 90 процент өкілдері аға халық өкілдері болғаны белгілі. Экономикамыздың 93 проценті Мәскеуге бағынған соң олардың бәрі Мәскеуге қарайды гой. Тәуелсіздігімізді алған соң кәсіпорындарды өз құзырымызға көшірдік. Енді солардың басын бері қарай иетін адам керек қой. Сейтіл олардың басшысын, өз кадрымызды Алматыға өкелдік. Ал ол бір айдың ішінде бәрінің басын құрап жинап алды. Новосибирскідегі өзі білетін зауыттан Павлодардан аллюминий шығатын кен алғаны үшін 40 мың тонна аллюминий прокатын беруді талап етті, келді сол прокаты. Енді Павлодар оны долларға сатайын деп жатыр. Ақтөбеден хром алып отырған зауыттарға барды да, Қазақстанға 25 мың тонна тоттанбайтын металл алып келді. Бар керегіміз сол Теміртаудағы комбинаттан металл алатын "КамАЗ" зауытына барып, 1500 мәшине беруін талап етті. Сонда бұл жігіттердің істеп отырған жұмыстарын білмей, сыртынан тон пішу, біреудің өсектерін газетке жазу сол газеттің де, жазған адамның да беделін түсіреді. Абайлап айту керек.

Тоқ етеріне келетін болсақ, қазіргі уақытта үкімет басқарып жүргендер, министрлік басшылары, әрине, көбіне бұрынғыдан келген адамдар. Ал енді Ресей бар орынға жастарды қойып алды да, қазір баяғы министрлерді қайтарып жатыр. Себебі Ресейдің үкіметі жергілікті жағдайды білмей қалды, жергілікті басшылар Ресейдің үкіметімен санаспады, тыңдамады айтқан сезін. Сондықтан да қайтадан Шумейконы, Хижаны, Черномырдинді алып келді. Бұның барлығы баяғы үлкен өндірісті басқарғандар немесе министрлер. Бір жағдайдан екінші жағдайға, нарыққа көшетін осындағы өтпелі кезеңде кадрлар екі жағынан бірдей болуы керек. Түбінде, құдай бүйіртса, жастарды даярлап жатырмыз. Ендігі келетін буын жастардан болады, ал құр әншейін ешқандай өндірісте болмаған, не аппараттың жұмысын білмейтін адамдарды қоя салып, ертең бүкіл Қазақстанды қанғыртып қоюға менің ешқандай құқығым жоқ.

### **Сергей Степанов:**

– Нұрсұлтан Әбішұлы, біздің мемлекетіміздің сыртқы саяси принциптері туралы өз аузыңыздан естігім келеді. Яғни сыртқы саяси аренада Қазақстанның өзіндік айқындастасы бар ма және халықаралық қауымдастықтағы Қазақстанның орнын қалай деп бағалайсыз?

### **Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев:**

– Біздің сыртқы экономикалық және сыртқы саяси қызметіміздің бағыт-

тары туралы "Стратегияларда" жазғанмын. Біз өзіміздің геосаяси, Азия құрлығының ортасындағы географиялық жағдайымызды ескеруіміз керек. Біздің сыртқы саясатымызға барлық ұлттармен, көршілермен тең дәрежелі достық қатынас орнату өзек болмақ. Алматыға қыркүйек айында Қытайдың премьер-министрі Ли Пэн келеді. Біз Қытай Халық Республикасымен тығыз достық байланыс орнатпактыз және бұл Қытай жағына да тиімді деп үміттепемін. Ұлан-тайыр ортақ шекарасы бар, тарихи және географиялық көршіміз Ресеймен қарым-қатынасымызды тең дәрежелі тәуелсіз екі мемлекет ретінде, біздің көлісімдерміздің негізінде құрмактыз. Орта Азиядағы көршілерімізben біздің ортақ мұдделеріміз көп. Әлбетте олармен ізгі қатынастарға біз артықшылық бермекпіз. Қазақтар түбірінен мұсылмандар. Бізді өз тамырымыздан, өз тарихымыздан ажыратты. Сондықтан да Түркиямен, Араб мемлекеттерімен, әсіресе Түркиямен тығыз қарым-қатынас орнатамыз. Ислам жағдайында өркениетті мемлекет құрып жатқан Түркияның даму жолы бізге етene. Пәкістанмен және Үндістанмен қатынасымыз дамиды. Мен Египет Президенті Мубарактан, Сауд Арабиясының королінен және Біріккен Әмірліктерден шақыру алдым. Мұндай сапарларға шығып, олар Қазақстан жөнінде білуі үшін, олармен ізгі қатынас құруымыз үшін пайдалану керек. Оның үстіне бұл елдер бізге айтартықтай көмектескің келеді. Бізге Еуропа елдерімен де қатынасты дамытуымыз керек. Германиямен ең тығыз байланыста боламыз деп ойлаймын. Қазір бұл елмен экономикалық өзара көмек туралы үлкен келіссөз өзірлеп жатырмыз.

"Шеврон" корпорациясымен қурделі контрактыны іске асыруымыз нәтижесінде Америкада және Батыс Еуропада Қазақстанрыногы үшін құрес жүріп жатыр. Біз Ақтау мұнай өндеу зауытының құрылышы туралы мәлімдеген болатынбыз. Әлемнің ірі-ірі 12 компаниясы конкурсқа қатысатынын мәлімдеді. 1 шілдеде Қарашиғанақ кен орнына конкурсымыз аяқталады. Төрт компания апта сайын бірінен бірі өтетін шарттарын ұсынуда. Біз ондай контрактіге қол қоямыз. Жедел валюта беретін осындағы ресурстарымыздың негізінде Қазақстанның бүкіл экономикасын дамытатын боламыз.

Қазір жапон бизнесі біздің түсті металдарымызды өндеумен айналысқысы келеді. Американ бизнесі алтын өндіру саласында бізге көмектеспек. Біз қазір өзіміздің алтын қорымызды жасап жатырмыз. Осы мен айтқан үш бағытты шешкеннен кейін машина жасау индустриясын құруды бастаймыз. Қазірдің өзінде Ақмоладағы, Шымкенттегі машина жасау зауыттарын қайта жарақтандырудамыз. Автобустар, жүк машиналары шығарылады, біртіндеп жеңіл автомобиль шығаруды қолға аламыз. Бізде қызықты бірнеше ұсыныстар бар.

Біз Түркияға елшімізді тағайындағы. Алдағы құндері мен Қытайдағы, Германиядағы, Франциядағы елшілерімізді тағайындеймын. Көп кешікпей Пәкістанда, Үндістанда елшілеріміз болады деп ойлаймын. Ары қарай көру

керек, ойткені мұның бәрі қаржыға, басқа да мәселелерге байланысты. Сондықтан да бірлігізді, саяси тұрақтылығымызды сақтасақ, тағы да қайталап айтайын, Сергей Валентинович, мен осыны Қазақстанның бүкіл өмірінің көп кешікпей жақсаруының кепілі деп білемін.

Қазір бәрін де қайта қарау керек деген айтылды. Бізге тиімсіз өнімнің не қажеті бар? Сондықтан да қандай бидайды қаншалықты қөлемде өсіру керек, қандай мақтаны қанша етіп өндіру керек – мұның бәрін қарайтын боламыз. Сайып келгенде бізде валюта, ақша болатын болса, бір жеңіл автокөлік 3-4 мың доллар тұрады, оны сырттан әкеліп сату 3,5 миллиард доллар тұрағын құрастыру жүйесін салудан гөрі тиімдірек болар. Радио-телеаппаратуралар жөнін де құрастыру керек. Оны шеттен арзанға сатып алып, өз тұрғындарымызға сатуға болады. Ал оны шығаратын зауытты салуға бірнеше миллиард кетеді. Біз ондай іске кейін де үлгереміз. Біздің бүкіл тарихымызды ескере отырып қарау керек. Қазір аса бір қызықты кезеңді бастан кешудеміз. Шәке, бірде Сізге айтып едім ғой, Тендік, Бостандық, Тәуелсіздік алу деген – бұл бір елдің басына бес жұз жылда бір келетін бақыт екен. Осыны нықтап ұстап, ары қарай дамыта алсақ, осыны өркендесек, жетілдірсек!

**Шерхан Мұртаза:**

– Иншалла, айтқаныңыз келсін!

**Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев:**

– Мақсаттың барлығы сол ғой. Мен Қойшығара Салғариннің "Алтын бесік", "Көмбे" деген екі кітабын оқып шықтым. Өзініз де тарих жөнінде жазып жүрсіз, Әбіш Кекілбаев жазып жүр. Әсіресе, халқымыздың өткен тарихына үқіліп жүрміз ғой. Жақында Смағұл Елубаев "Ақбоз үй" деген кітабын әкеп беріп еді. 32-ші жылғы нәубет жағдайын, ашаршылықты жазыпты. Сонда ойлап қарасақ, ата-бабаларымыз, бізге дейінгі қаншама үрпақ аңсаған бостандық, тәуелсіздік орнап, өз тізгініміз өз қолымызға тиіп отыр. Сонда осы күнгі кейбір жастардың аштық жариялауы мені таңдандырады. Және мұның өзі қазақ үшін жаман ырым ғой.

**Шерхан Мұртаза:**

– Ата-бабамызда жоқ ырым.

**Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев:**

– Иә, жоқ ырым. Мұны енді не дейміз? Жарайды, сол адамдар жәбір көрген шығар біреуден, ол үшін заң бар, ол үшін біздер бармыз ғой. Ал енді ашаршылықтың дәл алпыс жылдығында біздің жастарымыздың аштық жариялауы айтуға ұят деп санаймын.

Мен қазір аштық жариялағандар туралы айтып отырмын. Егер ашығын айтсақ, аштық жариялау өзіне-өзі қол салудың бір әдісі. Ислам діні де, христиан діні де өзін-өзі өлтіргендерді ортақ қорғанға жерлемеген.

Үкіметке қысым жасаудың мұндай әдісі енді қолдау таппайды. Қазақстанның парламенті де, үкіметі де қысыммен жұмыс істей алмайды. Біз халықта қажет нәрселерді істейміз. Егер оны дұрыс істемесек, қалай істей көрек екенін үсүнсисын.

(Қазақшалап) Жаңағы газетке жазып жүрген ағаларымыз да Президенттің жаңындағы Консультативтік қеңеске мүше болып, ойындағысын айтсын, оларды шақырайық, көзінше сөйлесейік. Екі туып бір қалғанын әкеп қойып жүрген ешкім жоқ, ешкімді бөліп те жүрген жоқтыз. Осы күні іздел жүргенім қолынан іс келетін, мынау нарықты білетін адамдар. Шетелден де шақырып жатырмын. Жақында бір қеңесшіні Түркиядан, бір қеңесшіні Исламабадтан, екі қеңесшіні Америкадан алып жатырмын. Біздің ғалымдарымыз бар, әрине, бүгінде солардың көмегіне сүйенеміз, оларға рахмет. Бірақ та біздің бәрімізді басқаға үйретті ғой, басқаға оқытты.

Сұхбатымыздың соңында айтатынным мынау:

Ағайындар, халқым, жұртый! Ағаларым, інілерім, әпкелерім, қарындастарым! Қыын-қыстау заманда тұрмыз. Құз-жардың үстімен қыл көпірден етіп келе жатқан сияқтымыз. Артқа қарай бұрылтайын десең құлайсың, жол жоқ, алға қарай қатты жүгіруге – қорқынышты. Бірақ алға қарай өту керек. Ал енді кейбір қозғалыстардың жігіттері айтатын нарық экономикасы керек емес деген сөз – ол демократиялық та, экономикалық та реформалар керек емес дегені. Яғни баяғы көртартпалық жағына шығып кетсе, онда жетіседі екенбіз. Ешкімді бұрынғы жағдайға, бұрынғы экономикаға қайтаруға болмайды. Біреулер айтып жүр: баяғы 1986 жылға қайта оралайық деп. Ол мүмкін емес.

Сондықтан сенім керек, маған деген, үкіметке деген сенімдерініз керек. Бірлік қажет, қазақ халқының өзіне ауызбіршілік қажет. Қазақстанда көп ұлтты халық тұрады. Мұны жасаған мен емеспін. Ал енді осылармен тату-тәтті болмасақ, ешқандай экономиканы жөнге салмаймыз.

Ақсақалдардан даналық күтемін, зиялды қауымнан көп жақсылық, көмек күтемін. Жастарымыз зерек, іскер болсын, талпынып, Қазақстан экономикасының тұтқасын қолға алуға ұмтылу керек. Осының бәрін жалғыз мен істейді деп ойласаңыздар – қателесесіздер. Бүкіл халық болып сайладыңыздар, рахмет. Дегенмен мен біреумін, Қазақстанның халқы 17 миллион. Бәріміз біркесек, 17 миллион зор күш болады. Сонда жүгіміз алға жүреді. Менің сенетінім жақсылық, менің сенетінім – болашақ, сол болашаққа қарай қол ұстасып бірге жүрейік ағайындар!

**Шерхан Мұртаза:**

– Әумін, айтқаныңыз келсін! Өңгіменізге, осынша уақыт бөлгеніңізге зор рахмет! Жаңағы айтып отырган тілек-талаптарыңыз, мақсатыңыз, армандарыңыздың барлығы, иншалла, іске аса берсін! Көп рахмет!

**Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев:**

– Рахмет, Шәкे!

Рахмет, Сергей Валентинович!

Сұхбаттасқандар:

Шерхан Мұртаза ( "Егеменді Қазақстан"),  
Сергей Степанов ("Казахстанская правда").

**ИНТЕРВЬЮ  
ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА  
ГАЗЕТЕ "ЕГЕМЕНДІ ҚАЗАҚСТАН" И "КАЗАХСТАНСКАЯ ПРАВДА"\***

---

*Алма-Ата, 19 июня 1992 года*

**"Я ВЕРИЮ В ЛУЧШЕЕ БУДУЩЕЕ"**

**Шерхан Муртаза:**

